Каз Т
85.31(5Каз)
Т22

*Иран Тасқараұлы Тасқара*





# Тербелген Ән-жыр Өмірім



Қаз
85.31(5Қаз) 546823
Т 22 Тасқара Иран Тасқараұлы
(Ильяшев)
Тербеген ән-жыр өмірім.-
Көкшетау.-2005
560т00т

12.02.14

Зак. 1263

[illegible]

кітапхана [illegible]

[illegible] тарихы [illegible]

[illegible]

Берекеле кітапхана [illegible]

Кітапхана ізгі [illegible]

Өмір [illegible] тілеймін

Бақытты [illegible]

[illegible] Құрметпен

Автор [illegible]

[illegible] 2020 ж.

Иран Тасқараұлы Тасқара

# *Тербеген ән-жыр өмірім*

(Арнаулар, өлеңдер, әндер)

М. Жумабаев атындағы
Көкшетау облыстық әмбебап
ғылыми кітапханасы
Кокчетавская областная
универсальная научная библиотека
им. М. Жумабаева

Тасқара Иран Тасқараұлы, бұрынғы тегі Ильяшев, 1939 жылы 11 наурызда Ресейдегі Омбы облысында туған, ата қонысы - Көкшетау, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысындағы Ақжар ауданы. Мамандығы - тау-кен инженері, Қаныш Сәтбаев атындағы Жезқазған тау-кен металлургия комбинатында, Көкшетаудағы Васильков алтын шығаратын тау-кен комбинатында жұмыс істеген, қазір құрметті демалыста. Жас кезінен өнер қуған, елге белгілі ақын, әнші, композитор. Бұдан бұрын 1995 жылы Алматыдағы "Өнер" баспасынан шыққан "Сағыныш" атты жинаққа Иранның 11 әні кірген. 1999 жылы Көкшетауда шыққан өзінің "Көкше жолы" атты өлеңдер мен әндер жинағында өлеңдерімен бірге 50 өзінің әні, Иранның сөздеріне шығарған жас композиторлардың 4 әні кірді. Енді бұл кітапқа өлеңдерімен қатар 27 өзінің әні және Иран сөздеріне шығарған Құрмет Сахай, Арман Ищановтың, Ерлан Ташевтің 7 әні енді. Иранның біраз әндері республикалық, облыстық байқауларда жүлделерге ілініп, әндерін белгілі артистер, балалар ұжымдары орындап жүр.

ISBN - 9965-23-006-4



# Иран сал әуендері

Жыр мен ән сахнасынан көрініп жүргеніне біраз болған Иран Тасқараның ақындығы да, әнші-сазгерлігі де әбден мәлім. Айтысқа да түсті, жыр да тербеді, ән де шығарды, асқақтатып ән де салды ағамыз. Өнерін таныған елі мен өнерін құрметтеген Кәкімбек аға Салықов сынды тұлғалар Иран сал деген атақты тегіннен таңбаған да болар. Сол Иран сал соңғы жылдары жазған жырлары мен әндерін оқырманға сыйға тартуды қолға алыпты. Әрине, бұл қуантарлық іс. “Тербеген ән-жыр өмірім” атты Иран Тасқараның жаңа кітабын оқып шығып, айтар ой мен айтар сөзіне құлақ түрдік. Өмірдің де, өнердің де сахнасында шыңдалған Иран ағаның ойы толысып, кейінгіге қалдыруға лайықталған сөздері көкейден шыққанын айтқан ләзім. Әрине, сол жырлары мен ақын сырларына кәсіби ақын жазушыларға қойылар талап тұрғысынан да қарауға болар еді. Өйтпедік. Өйткені “өлеңге әркімнің де бар таласы” деген Абай пікіріне ден қоя отырып, Иран жазған дүниелерді ревизиялауды мақсат тұтпадық, жақсысын іздедік.

Мола бар кең алқапқа сиып тұрған,
Түбіне Теренкөлдің тиіп тұрған
Жазу бар құлпытаста “Ақан сері”
Көкшенің нәзік сырын жиып тұрған, – дегенді айта білген Иран сал ақындығына шек келтіре алмадық. Ал, мұндай сәтті жырлар ақын еншісінде мол да екендігі қуантады.

Көкшетаудың қыраны сен болмасаң,
Балапандай мен, аға, түлер ме едім?! – деген халық ақыны Көкен Шәкеевке арналған жыр жолдарының осы бір-екі шумағында Иран көңілінің алғысы мен ақын Көкеннің тау тұлғасы тұрғандай.

Бір орнында тіршілік қалмас тұрып,
Өмір кешер ұрпақты алмастырып.
Сен жетесің, Кәрекем, болашаққа,
Сал-серілік өнерді жалғастырып, – дейді Иран Кәрім Ілиясовқа арнаған жырында. Міне, мұндай арнау жырлар Иран шығармашылығында молынан кездесіп жатса, бұл оның әлдекімнің алдында бас ұрғандығы емес болар, керісінше ағаларына айтқан алғысы, інілеріне көрсеткен ізеті деп ұғындық.

Әлі де айтары бар, әлі де ән шырқар асқақ үні бар ақын-сазгер ағаның қолынан қаламы түспесін, ой-теңізі сарқылмасын дейміз.

**Жабал Ерғалиев,**
**жазушы, Жамбыл атындағы**
**халықаралық сыйлық лауреаты.**

Көкшетау сал, серісі Иранысың,
Бабалар тірі жүрген ұранысың.
Әрі ақын, әрі сазгер, әрі әнші
Өнердің сегіз тармақ бұлағысың.

**Кәкімбек Салықов, - қоғам қайраткері,**
**ақын, сазгер.**

Иран, біле білген адамға, оқи, тоқи білген адамға, әніңді шырқай білген адамға, сенің қадір-қасиетіңді білген адамға, өзіміздің көзіміз көрген Біржаны, Ақаны сенсің, оған ешкімнің таласы да жоқ, дауы да жоқ, сенің ән орындауыңдағы мәнерің, сенің жұмсақ үнің адамның жүрегіне жол тапқан. Өткендегі батырлар да, әншілер де, салдар да-барлығы тарихта қалып жатыр, соның бірі-өзіңсің... Ертең ағам-ай дейтін сен сияқты бауырым бар...

**Көкен Шәкеев - халық ақыны.**

# Еркіндігім, елдігім – азаматтық ерлігім

## Жырлаймын мен елдікті

Уа. жарандар!
Уа, халайық!
Жырласам мен елдікті,
Еске түсер
Нәубет жылдар -
Жасағы зұлмат, зорлықтың,
Уланған сана,
Тапталған намыс,
Жаһаннам қанды іздері...,
Қамшылап заман,
Көшсе де өмір,
Қалмаған соры қорлықтың.
Қыр гүліндей
Жастық дәурен
Алатауда жайқалған,
Ұранын баба,
Ел арманын
Топты жарып айта алған,
Төтеп беріп,
Қаруланған
Қараңғы түн күшіне,
Желтоқсанның
Мұз шеңгелін
Ерітіп күндей қайтарған.
Еркіндік самал
Құшып, обіп,
Нұрландырып даламды,
Бабалар рухы,
Ата заңым
Аршындатты қадамды,
Билік көшіп
Өз қолыма,
Егеменді ел болып,
Нұрсұлтан ерім
Елді бастап,
Қазаққа бақ оралды!

Заман қиын,
Бала буын
Тәй-тәй басқан елдікке.
Қазағым қайсар
Тағдырға тар
Ғасырлар талай көндіккен.
Алысып жаумен,
Арпалысып
Алауыздық ездікпен,
Әрбір ұлы
Елі үшін
Іс істей білген ерлікпен.
Ұсақ емес
Бүгінгі істер,
Жарасқан бәрі елдікке.
Жақсылық жасап,
Адамға қамқор
Болсаң - жатар ерлікке.
Дүние - боқты,
Малды жиған
Ұрпағы үшін аталар,
Арлы болып
Әділдік сақтап,
Масаттанбаған шендікке.
Таныды әлем
Қазақ елін
Еркіндіктің жолында,
Сыйлайтынын
Көршілерін,
Оңы менен солын да,
Халқын жарқын,
Өнерге бай,
Көне түркі тарихын,
Паң даланы,
Жер қойнында
Мол байлықтың қорын да.
Ендігі өмір
Өзіңде, қазақ,
Өзіңнің мыйлы басыңда!
Қарап тұр саған
Қызығып, сынап,

Дұшпан менен досың да:
- Еліктегіш,
Есерсоқтық
Жастарына тән бе екен?
Үлкенді сыйлар,
Отанын ойлар
Мықты ма бірлік қосында?!
Қуанамын,
Қол жетіп бүгін,
Қазақта байлар болғанға.
Бұрынғы байлар
Болды - дейді -
Еліне азық, қорған да.
Сенейін бе,
Сенбейін бе
Байлар қамқор болад деп,
Тойынбай жатса,
Тәуба қылмай
Құлқындары толғанға?!
Бастадық істі,
Бас қылдық жасты
Жаңарсын деп елдігім.
Көрсетіп жүр ме
Іс басында
Жастарым өрен орлігін?!
Ойланыңдар,
Боталарым,
Болашақты баптайтын,
Бұл билікті
Не үшін деп,
Қолдарыңа берді кім?!
Мекен қылған,
Шаруа құрған
Қазағым қимас ауылды,
Бас қосып бұрын,
Бүгінде тарқап,
Кешкен дүрмек-дауылды,
Қолын созған
Анасындай
Қамқор тілеп баладан,
Азған, тозған

Сұлбасын көріп,
Жүрегім жылап ауырды.
Шындықты айтпай
Кіру қиын
Елдік деген сенімге,
Жұмыссыздық,
Кедейшілік
Жүгі ауыр елімде.
Елбасымыз
Мұны да айтып,
Бағыт берген күреске.
Парламентім,
Үкіметім
Қызу жұмыс төрінде.
Мақтанамыз,
Ол да дұрыс:
- Қазақ жүйрік есепке.
Азаматым,
Адымынды
Елдікпенен есепте.
Әркім өзі
Отанды ойлап,
Өз орнында іс істеп,
Бой ұрмайық,
Құмарланып,
Пыш-пыштаған өсекке.
Отан-тыныш,
Өрісім кең
Болса - бақыт сол маған.
Жамандайды
Туған жерін
Азғыны елдің оңбаған.
Қиындықтан
Қиыстырып,
Жолын тапқан даналар.
Тарихымды,
Өнерімді
Елбасымыз жәриялап қолдаған.
- Екі қазақ
Бір бірімен
Сөйлесу керек қазақша -

Нұрекеңнің
Жүрегі нұр
Осылай деп соз айтқан.
Еліммен ең,
Жеріммен ен
Тілім бірге жайнайды,
Ер азамат
Өзін емес
Әуелі елді ойлайды.
Бірігейік
Елбасымен
Еркіндікті аялап,
Сыйынайық
Жаратқанға
Қойып енді "Ойбайды".
Ендігі өмір
Өзіңде, қазақ,
Жігеріңде озіңнің.
Шығып үйден,
Әлемнен үйрен,
Болсын ұлтгық өз үлгің.
Қастығы жоқ,
Достығы көп,
Қонақжайлы қауымбыз,
Басқа ұлтқа
Арыта берсін
Ынтымақ, бірлік сезімім.
Ұрпағымыз
Ұлы Абайдың
Абыройы түспеген,
Елдік сана
Сөзбен сіңіп,
Бекітілген іспенен.
Сол тұғырдан
Таймайық біз
Еркіндіктің көгінде,
Желбіретіп
Көк байрақты
Бабаларым коксеген.
Жақындап төрім,

Жаңарды елім,
Арқаға көшті бас қалам,
Жаңалықты
Халқым қолдап,
Нұрағамыз бастаған.
Ғасырда жаңа
Жиырма бір
Маңдайдағы жұлдыздай,
Әлемге бүкіл
Жарқырайды
Бақыты қазақ – Астанам.
Бас қаламыз
Астанамыз
Нұрды шашты маңына,
Құшағын ашып,
Төсін тосты
Көкшенің мөлдір таңына,
Қосылып жер,
Сүйісіп көл,
Жаңа облыс құрылды,
Көкшетауда
Абылайхан
Отырды жаңа тағына.
Ерейментау
Бөгембайдай
Елдігіме мән берді,
Қараөткелден
Ғазиз ақын
Шырқағандай сән келді,
Қорғалжын мен
Қоржын көлдер
Сексен көлмен табысып,
Көкжиектен
Арайланған
Жаңа шапақ таң келді.
Әл-Фараби,
Бейбарыс сұлтан
Тірілгендей сезінем,
Қарасайым,

Ағынтайым
Жүздескендей өзіммен.
Біржан салдай,
Сері Ақандай
Үнін қазақ шалқытып,
Кербез Көкше -
Ән тәңірі
Түскендеймін көгінен.
Алтын тонды
Битке өкпелеп,
Жақпайықшы біз кейіп,
Елдің даму
Жолында қиын
Шешімдерді іздейік.
Табыстырып
Жаңа өмірмен
Ата салтын ар қылып,
Кешегімен
Бүгінгінің
Нәзік жібін үзбейік.
Құран жолы,
Баба қоры
Болса ұрпақтың ұраны,
Қазақтығым,
Алаштығым
Көгімде шырқап тұрады.
Табынбайық
Селкілдеуге,
Шүлдір - шөре қызыққа.
Ана тілім,
Асқақ үнім -
Мықты елдік құралы.
Ел ағасы
Жасындамын,
Елге бердім барымды,
Әлі де тосам
Жүректен шыққан
Ән мен жырдай нәрімді.
Үйретуден
Ақыл айтып,

Барлығыңа аулақпын,
Абайдай тогем
Қапалансам
Іштегі қуса-зарымды.
Ей, жастарым!
Уа, ұрпағым!
Қарашығы козімнің,
Ұшқынысың
Жарқылдаған
Елдік еркін сезімнің!
Ел күтеді
Абыройды,
Ақтайсыңдар сенімді,
Дами берсін
Нұрын төгер
Ұлттық сана, өз үлгің!
- Маған атақ
Ұлтым үшін
Өлгенім - деп Мағжан,
Қорықнаған
Қорқаулардың
Қан шеңгелді тағыпан.
Қырандарым,
Өздеріңнен
Үміт күтіп армандап,
Жылап өтті,
Жырлап отті
Жарылып жүрек ағынан.
Арыстарға,
Ағаларға
Бас иемін, сағынам,
Бұлақ болып
Көзін ашқан
Теңізіне ел ағылам.
Сарқылғанша,
Қайран, өмір,
Тыным таппас ұлыңмын.
Керек етсе
Тағдыры ел
Шырағындай жағылам!

## Еркіндіктің шуағына малынған Көкшедегі жарқын кездесулер

Ғасырлар бойы ата-бабаларымыз аңсап, талай ерлеріміз бостандық үшін күрес жолында құрбан болған еркіндікке қолымыз жетті. Осыны көріп отырған аға ұрпақ біз де бақыттымыз. Қиындыққа кайыспай, қиыннан қиыстырып ел дамуының жолын тауып, кейінгі ұрпаққа тәуелсіздіктің арналы бағытын салып беру - барлығымыздың ұлт алдындағы міндетіміз. Адам өзінің тіршілігінде тарих көшіне ілесіп, жасап жатқан сан алуан істерін, сан серпіліс ойларын тарихи тұғырдан сезіне қоймайды, оның іс-қимылдарына, ойларына баға беретін болашақ ұрпақтар. Дегенмен, адам басынан өтіп жатқан жалпы тіршіліктің күйбеңінен баска, көңілді жарқ етіп серпілтетін, ерге - жігер, ақынға - шабыт, батырға - қайрат қосатын бұл өмірдің сәттері де аз емес...

1993 жылғы тамыз айы болатын. Ол кездегі Көкшетау облысы басшыларының бірі Амангелді Жақыпбековтың тапсырмасымен филармония директоры Майра Тсенова маған телефон шалып, Айыртау ауданындағы жаңа салынған Ақан сері ауылына Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бастаған үш президенттің салтанатты шеруін ашуға ұсыныс жасады. Ақан сері ауылына президенттердің келуіне бір күн қалғанда, филармонияның жеңіл машинасымен жолға шықтық. Президенттерді қарсы алатын "сценарийдің" мазмұнын Майра жол бойы таныстырумен болды. Бір қызығы, Майраның айтуынша, Нұрекең осының алдында Көкше өнерпаздарын тыңдағанда: "Алтынбек Қоразбаевтың, тағы басқалардың әндерін естіп жүрмін, Көкшенің, өздеріңнің әуендерің қайда?" – десе керек. Содан да болар, менің осы сапарға келе жатуым...

Саумалкөлде облыстан келген өнер өкілдерін аудан басшысы Армия Әбілқайыровтың көмекшілері қарсы алып, дайындыққа кірісіп те кеттік.

Енді барлық ой-қиялымды Ақан сері рухы биледі... Әуелеп басталып, бір арнаға түсіп, ағып жатқан өзен сылдырындай әуендер, жаныңды баурап алғандай, көк көбелек болып көлбеңдеген, серілік сезім толқындары, кең даланың аңызғақ желіндей аңыраған "Құлагер" зары, сарқырап аққан кәусар бұлақ сыңғырындай, ерке, сылқым Ақтоқты, Балқадиша күлкілері... - бәрі-бәрі елестеп, ән бесігін, жыр теңізін тербеткендей...

Сөзге - ұста, әнге - нұсқа, ойы - өркен, өмірі - көркем, қайран, Ақан бабам-ай!... 1982 жылы Жезқазғаннан Көкше еліне көшіп келгенде, жермен жексен болып қалған, әйтеуір, басына қойылған белгі-тасы бар Ақан зиратына кездесіп, бас иіп, тізе бүгіп, құран оқығаным есіме түсті. Күбірлеп іштей, өлеңімді де шығарып едім:

“...Мола бар кең алқапқа сыйып тұрған,
Түбіне Тереңкөлдің тиіп тұрған,
Жазу бар құлпытаста “Ақан сері” -
Көкшенің нәзік сырын жиып тұрған...”

“Мынандай Сері бабамның аруағын тербейтін жол түскенде, қалай басына барып, тағы да тағзым етпей, үш президенттің алдында жыр төгемін, әндетемін?!...” – деген ойлар жүрегімді жаулап алғандай...

Саумалкөлден Антоновка селосына тамақтануға бардық, бұл жерден сері кесенесі алыс емес, 20-30 шақырымдай екен. Менің зиратқа барам деген тілегіме бастықтар онша көңіл бөлмей, жанармайдың жоқтығын, тағы басқа себептерді алға тарта берді. Баруға басқа көлік іздей бастадым. Өтейін деп жатқан шараларға байланысты Қызылту өнерпазы, әнші Қайрат Бешимов та өз автокөлігімен келген екен. Жағдайымды айтып, түсіндіргесін, келісе кетті.

Көз ұшынан мен “мұңдалап” тұрған, ақ металдан жасалған, биік мұнара-діңгек түбіне Қайраттың желіккен “Жигулиімен” тез жетіп қалдық. Жермен тегістеліп кеткен зираттар айнала темір шарбақпен қоршалған, ішінде қызыл кірпіштен салынған Ақанның шағын, әсем кесенесі көз тартады, жаяу жүретін жолдарға бетоннан плиталар төселген. Кесенені салған менің қоластымда, Васильковка тау-кен байыту комбинатында, бірге жұмыс істеген шебер, суретші Жаныбеков Қайрат деген азамат еді, ішімнен, бұл игілікті істе біздің де үлесіміз барына қуандым. Отырып құран оқыдық...

“Басында қабіріңнің жылап тұрдым,
Алланың рахымын сұрап тұрдым,
Ұрпақ боп ұлы көшке қосылам деп,
Үніне аруағыңның құлақ түрдім...”

Қолдай көр, ұрпағыңды, Ақан аға! Саумалкөлге қайтып келіп, қонақ үйде қонып, дем алдық. Таңертең жаңа салынған Ақан сері ауылына жол тарттық. Күн бірде жауып кетіп, бірде ашылып, кәдімгі Сәкен Сейфуллин суреттегендей Көкшенің “дамыл-

сыз бетін жуған" нәрлі суы себеленіп, бірде жарқыраған күн сәулесін төгіп тұрған кез еді.

Нұрекең бастаған үш президент тобы Бурабайда бір күн болып, жаңа салынған Ақан сері ауылына бүгін келмекші, әсем, көздің жауын алатындай, осы күнгі үздік сәулет өнері үлгісімен салынған жеке меншік үйлер, анадайдан көз тартатын Мәдениет үйі, асфальт төселген ауыл көшелері, ауыл шетіндегі Ақан серінің ат үстіндегі, жанында Базаралы тазысы бар, қолында қыран бүркіті бар мүсіні, Құлагердің құдығы - бәрі тамаша мұражай экспонаттарындай көрінеді. Ауыл шетіндегі Ақан сері – Құлагер алаңына жұрт жинала бастады, халық аспанға қарап, бұлттардың арасынан қашан тікұшақтар көрінеді деп, президенттерді күтуде. Мен де домбырамды күйлеп, микрофондарға таянып, үнімді шығарып қоямын. Жұрт қоштап болмаған соң ән көші де басталып кетті. Сөйтіп, Нұрекең келгенше жұртты Арқаның әуендерімен бір сусындатып алдық. Бір сәтте бейтаныс екі-үш жігіт үлкен бейнекамераны алаңға құрып, менің жаныма келіп: – Сіздің атақ-даңқыңыз бар ма? Қазір президенттерді қарсы алғанда. біздің Ислам Каримов туралы жырлайсыз ба? – деп сұрады.

– Мен халық арасынан шыққан өнерпазбын, әрине, Нұрекеңнен бастап әрбір президентке, оның халқына арнап ән-жыр айтамын – дедім.

– Онда біз сізді теледидарға түсіре бастаймыз – деп, әлгілер өз жұмыстарына кірісіп кетті.

Сөйтсем, бұлар Ислам Каримовпен бірге еріп келген тележурналистер екен. Олар өз мақсаттарын орындап, артынан Қазақстанның Республика күндері екі мәрте Алматы теледидары арқылы менің үш президентке арнауымды толық көрсетті. Міне, үш президенттің екі тікұшағы да алаңға қонды, президенттер тікұшақтан түсіп жатыр. Маған жауапты жетекшім Майра: "Ал, Ireke, баста, екі минут уақытыңыз бар. Президенттер жанымызға жеткенде арнауыңыз біту керек" – деді. Мен арнауымды бастап кеттім..., бірақ президенттерді журналистер қоршап алып, сұрақтарын қойып, біраз ұстады. Әлден соң мен жырымды доғардым. Қонақтар тағы бізге қарай бет алып қозғала бергенде: – Баста – деп қалды Майра. Мен арнауымды қайта бастадым. Үш президент, облыс әкімі Нәжмедден Есқалиев және басқа да ресми адамдар, журналистер бізге жақындап келіп тоқтады. Шабыттанып алған мен өзімнің шығарған әуендерімнің біріне салып шырқай бердім:

– Нүреке, Ислам ака, Асқар шырақ!
Көкшеге қош келдіңдер жағып шырақ.
Арқаның кербез сұлу Кокшетауы
Ерлерге нәр беретін кәусар бұлақ... –

Нүрекең мейірлене қарап: – Әй, жарайсың! – деп қояды. Арнауымды айтып біткесін, Нұрсұлтан маған: – Басын дұрыстап естімей қалдым, қайтадан айтшы, – деді.

– Нүреке, өзің сүйер Көкше міне,
Қуанам жыл құсы боп жеткеніңе,
Әуелі аруақ сыйлап, көңіл айтам.
Дүниеден Димаш ағам өткеніне...
Мың сәлем өзбектей өз ағама,
Шын туыс құшақ жаймай төзе ала ма?!
Жолдарда қиын-қыстау тайсалмайтын,
Бас ием Исламдай әз акама.
Сәлем ал, Ел ағасы Асқарым да.
Үлгі боп саналатын жастарыма,
Ежелден қазақ, қырғыз егіз ел боп,
Тойтарыс бере білген қастарына!...

Президенттер бір-біріне күліп карасып, бастарын изеп, риза болып тұр, жұрт та дуылдап, Нүрекеңнің "Әй! – дегеніне жамырап, қол соғуда. Нүрекең құшағын жайып: – Бері кел! – деді. Үш президенттің жандарына жақындап, құшақтасып, кезек-кезек сүйісіп, амандастым. Облыс әкімі Нәжмедден мені қонақтарға таныстырып жатты. Жұртпен біраз қауышып, амандасып, әңгімелескеннен кейін, үш президент Ақан сері – Құлагер ескерткішін көруге кірісті. Бағдарлама бойынша сол тұста Ақан серінің "Құлагер" әні айтылу керек екен, оны айтатын әнші Нұрлыбек Байшұнғұлов келмей қалыпты. Содан маған қолқа салынды. Қонақтар ескерткішті көріп біткенше мен "Құлагерді" шырқадым. Президенттер Ақан сері ауылына карай жаяу бет алды. Нүрекең менің жанымнан өтіп бара жатып: – Иран, тағы айт әнді – деді. Бірақ "сценарий" бойынша диктор сойледі. Ақан сері ауылының Мәдениет үйінің алдындағы аланда Айыртау ауданының және облыс орталығынан келген онерпаздардың 20 минуттық концерті болды. Концерттен кейін үш президент бастаған топ жаңа ауылдың көшелерін көруге кірісті. Бір кез мәдениет үйінің алдындағы аланда тұрып қалыппын, енді қарасам, президенттер тобы қайтып оралып келе жатыр екен. Нүрекеңнің әнді тағы айт деген тілегі еске түсті ме, білмеймін, мен Біржан салдың "Айтпай" әнін бар дауысыма салып шырқай бастадым

Топ алдында келе жатқан Нұрекең мен жаққа карады да, өзіне шақырып, қолын бұлғады. Жаныма екі жігіт жетіп келіп, мені жетелей жонелді. "Айтпай" әнін тоқтатпастан үш президенттің ортасына қайта түстім. Нұрекең бастап, үш президент "Айтпайдың" қайырмасы "жер шоқтығы Көкшетауға..." қосылып кетті. Арт жағымнан біреу маған: - Украинаға барғанда шығарған "Украина золота" әніңді де айт - деп сұрады. Мен әннің шыққан тарихын айтып, оны орындап бердім. Бәрі мәз-мәйрам. Үш президент тікұшақтарға жақындап келіп тоқтап, жұртпен қоштасты. Нұрекең: "Біз қазір Сырымбетке ұшамыз, сіздер машиналармен жүресіздер, Иран, сен де барасың ғой" - деді. "Сценарий" тағы да бұзылып, мен де Сырымбетке баратын болдым. Салтанат әрі жалғасып, сырлы Сырымбет тауының басында, президенттер алдында Ақан сері әндері, Акан серінің 150 жылдық тойына арналған менің "Ақтоқты-Балқадиша ұрпағының әні" атты шығармам орындалды. Дәл қайтарда ел өнерпаздарына риза болған Нұрекең өзі бастап, халық әні "Ауылым менің іргелінi" шырқап кетті, біз бәріміз қосылдық. Бір сөзінде Нұрсұлтан: "Мен оңтүстіктің қазағымын, кешегі жаугершілік тар заманда барлық қазақ тізе қосып, елдік үшін күрескен, қазақ жерін қорғаймын деп келген бабам Қарасай батыр да осы Көкшеде жерленген екен... Әрқашан елдік үшін бірлік керек..." - дегенді айтты. Иә, еліміз еркіндікке қолы жетіп, өшкенімізді жағып, өлгенімізді тірілтіп. тарихымыздың ақтаңдақтарын қайтадан жазып жатырмыз. Көкшетау қаласында - ұлы Абылайханның ескерткіші, Айыртауда - Қарасай мен Ағынтай батырлардың кесенелері көтерілді. Осы батырлардың кесенелерінің қасында ас берілгенде, жұрт алдына шығып, мен де шырқап едім:

Батырлар ел намысын арқалады,
Дұшпанға құрды елдің өр-қамалын,
Ескерткіш елдігімнің бірлігіне
Зираты қос батырдың Арқадағы...

Елдігіміз - елбасы, ерліктің эстафетасын қолына алған, Қарасай бабамыздың ұрпағы Нұрсұлтанмен көрікті. Нұрекең өзі айтқандай, ол кешегі Назарбаев емес, тәуелсіздіктің қиын да, күрделі жолында қиыстырып, із салып келе жатқан басшымыз, әлем таныған саясаткерге айналған ірі тарихи тұлға. Алғашқы осы жүздесуден кейін елбасымен, үш президентпен 1995-96 жылдары екі рет кездесудің сәті түсті. Онда да Абылайхан ордасы Бурабайда әнмен қарсы алып, тілек тілеп едім:

...Бақ қонып, тәуелсіздік жолын ашқан,
Кешуде тар кезеңді елім бастан,
Әйгілі бар ғаламға үш елбасым,
Жұптарың жазылмасын қолтықтасқан.

Қанша қиындық болып жатса да, бұл күнде үш президенттің жұбы жазылмай келе жатқанының куәсіміз. Ләйім осылай бола бергей. Өнерге катысы бар адам ретінде менің замандасым Нұрсұлтан, президенттер Ислам Каримов, Асқар Ақаевпен Көкше жерінде кездескенде алған әсерлерім ойды өрбітіп, сезімді шалқытқандай. Әзіл де жарасып:

- Ислам-ака, ауыр мінезіңіз - дегенде, Нұрекең: - Ия, мұның мінезі ауыр - деп мәз болғаны, Исламның күлімсіреп, рахаттанғаны, әрі қарай жалғастырғаным:

- Сеземін нұрға толы жүрегіңіз,
Өзбек өз ағам деп айтатын қазақ
Әрқашан бола білер тірегіңіз.
- Асқаржаң, жиенімсің бізбен тектес,
Баладай мінезің бар бағам жетпес,
Аймалап бұл ағаңды қыздай көріп,
Сүйгенің елінде Ақан естен кетпес - дегенде Асқар:

- Иран, сен "точно" айтасың - деп риза болғаны - бәрі де ұмытылмас, көңілдің көкжиегін көтеріп, азамат ажарын ашатын сәттер еді.

Ғасырлар бойы еркіндікті аңсап, ел көңілі тудырғандай арнауларымдағы шабыт - туған елдің ақ тілегіндей, жарқын сәлеміндей, президенттердің жарқылдаған жүздеріне, көздерінен ұшқындаған жігер мен қайраттың серпініне жалғасып, халқымның жүрегінен орын тапқанына сенімдімін. Шығарған арнау-жырларымды, тәуелсіздікке арнаған әндерімді 1999 жылы шыққан "Көкше жолы" атты кітабыма енгізіп, ел азаматы ретінде Нұрекеңе былтыр сыйға тарттым. Осыған орай Қазақстан Республикасы Президенті кеңсесінің меңгерушісі М. Б. Қасымбековтен хат алдым: "Құрметті Иран Тасқараұлы! Сіздің хатыңызбен Нұрсұлтан Әбішұлы танысып, ризашылығын білдірді. "Көкше жолы" атты сый кітабыңыз Президенттің жеке кітапханасына тапсырылды ..."

Елдік пен ерлік - қос ұғым, ердің атын ел шығарса, елдің атын ер шығарады.

Нұрсұлтан бастаған ерлеріміз аман болсын, көбейе берсін.

- ...Ақандар қалай ғана ұмытылар
Ән салса домбыра алып Нұрсұлтаным! - деп алғашқы кездескенде әндеткенім әрқашанда онеріме күш-қуат, шалқар шабыт қосып тұратындай.

2001 жыл.

- Неғып жүрсің көзге түспей
Өнеріңмен мынадай-
Деп елбасым таңданды іштей,
Сөзі қаққан сынадай.

Сол бір сөзі кетпей естен
Өнерпазбын өмір кешкен,
Тағдырыма ризамын,
Қалмағанға өмір – көштен.




Васильков тау-кен байыту комбинатының 25 жылдығында.
Ортадағы Иран Ғаскараның сол жағында бірінші қатарда комбинаттың бұрынғы президенті Хасен Абсалямов. Хасеннің сол жағында екінші қатарда бірінші директор Жанады Сағитов. екінші қатарда Иранның оң жағында алтыншы – комбинаттың қазіргі президенті Өтепбаев Байбол.



Көкімбек ақынның 70 жылдық тойында.
Солдан оңға қарай: Қоекырбай Сейдахметов, Ғалым Бекмұхамбетов, Бәйкен Әшімов, Розия Ильяшева, Иран Тиекқара, Төлеген Қажыбаев, Ғазиза Жұмекенова.



Еркін Әуелбековтің ескерткіші ашылғанда.
Солдан оңға қарай: Спанов Әбдуәли, Төлеген Досмағамбетов, Қажымұрат Нағманов, Кәкімбек Салықов, Күлпе Әуелбекова, Мариям Салықова, Шаңай Әбутәліпов, Бисара Мәженова, Чжен Мойсей.
Домбырамен алда отырған Иран Тасқара.



Кәкімбек ақын ауылында.
Отырғандар солдан оңға қарай: Есенгелді, Әшірбек Құнанбаев, Кәкімбек Салықов, аудан әкімі Колода, Мұбарак Ғабдоллаұлы, Иран Тасқара, Құдайберген Қалиев.
Жоғарғы қатарда тұрғандардың екіншісі інісі Серік Оспанов.



Иран мен Рахия, кіші ұлы Ержанмен Астанада.



Иран жиендері Эльвира, Маликамен.

## Еркіндігім – елдігім

Тарихым бар Адам Ата тегінен,
Көкбөрінің көкжалы боп көрінген,
Талай ғасыр тағдырынан тайсалмай
Замананың таспасындай өрілген.

Қарасайым, Абылайхан –
ерліктің шыңы,
Еркіндігім – нәр алатын
елдіктің үні,
Қазақстан – жарқыраған теңдіктің күні,
Елбасымыз – мұрагері ерліктің.

Достығыма барлық әлем қызыққан,
Қалыспаймыз тои-думанды қызықтан,
Кең жазира даламыздай дарханмын,
Елжірейтін жүрегім бар наз ұққан.

Көк байрағым желбіреген көгімнен,
Жан тербеткен әсем әнім төгілген,
Қиындыққа қайыспайтын емендей,
Тәңірімнің жемісімін егілген.

## Абылайхан елі – төрі Арқа

Көкше – Ақмола аймағы-
Шұрайлысы жері Арқа.
Көңілдің наз жайлауы-
Құтты мекен Сарыарқа.
Егін, мал, кен қойнауы,
Бұққан байлық нәрі, алқа.
Сыбырласқан орманы,
Көлі шалқар, сал алқа,
Арулардың арманы,
Ерлері өжет, нар Арқа.
Рухымның қорғаны
Абылай елі – төрі Арқа.

Астаналық облыс
Сұлу Көкше ордасы.
Басталды енді көп жұмыс,
Игіліктің жол басы.
Өсті сәнді құрылыс
Әкім қолға алғасын.
Көтерілді еңсеміз,
Елдік тауып жалғасын.
Өмір нұрлы құбылыс
Табатын кең арнасын.
Ата заңым ұлы күш,
Тәуелсіз жол салғасын.

## Дана Ахаң

Байтұрсынов Ахмет, дана Ахаң,
Үлгі ұрпаққа бүгін де, сана Ахаң,
Алаш туын көтеріп тар заманда
Болған қамқор қазаққа, пана Ахаң.
Ақиқатты Абайдай жарып айтқан,
-Оян!-деп ұлт намысын жанып айтқан,
Мәңгі сөнбес білімнің шырағындай,
Болашаққа жарық жол салып айтқан.
Шаттанамын еркін ел құрғаныма,
Құйылғандай елдіктен нұр жаныма,
Бақытты ұрпақ атынан бас иемін
Азаттықтың Ахаңдай құрбанына.
Шуылдаған Ахаң деп ел құлағы,
Ол көсемдік, білімнің ен бұлағы.
Еркіндік пен елдігім қол ұстасып,
Енді ісі Алаштың жаңғырады.
Жеткенімде тәуелсіз нұрлы күнге,
Тәуба қылып қазақтың тірлігіне,
Қайта-қайта Ахаңдай тілейін мен:
-Таупық берсін - деп - ұлттың бірлігіне.

# Еңселі ер Ебекем

(Евней Букетов рухына)

Еңселі ерім Ебекем
Ғұламалармен тең екен,
Ұрпақтың таудай санасы,
Білімнің теңіз селі екен.
Қаныштың жалғап ілімін,
Қанатын жазып жырының,
Зерттеп тантал, селенді
Қырларын ашты сырының.
Қамқор да болып ағадай,
Өнерді білді бағалай,
Негізді талдап сұрайтын
Еркелетіп бір баладай.
Кішіпейіл жан, арысым,
Құшаққа тартқан танысын,
Сезімі нәзік сұлу жан,
Жүрегі соққан ән үшін.
Түсініп ілім, затын да,
Таныды әлем атын да.
Мақтан тұтам ұрпаққа
Корсетіп жазған хатын да.
Сағындым аға келбетін,
Сомдалып елге көрінетін.
Ебекеңдей ерлерден
Алмаса үлгі ер жетім.
Басылып елде күйік-шер,
Аңыз да болар сүйікті ер,
Жылжыған сайын жылдарым
Ебекем тауы биіктер.

## Қазақтың ардақтаған Еркіні еді

(Еркін Әуелбеков рухына)

Есілдің кокжиекті құрағындай,
Көз тартар кербез Көкше тұрағымдай,
Еседі Еркін десем самалы Арқа,
Аруақты ата-баба ұранындай.
Желпінтіп Қызылорда "Қоғажайы",
Торғайдың толғанады дала, сайы.
Қонарын қыран ердің аңсап өтер
Қызылжар, Көкшетаудың әуежайы.
Қазақтың ардақтаған Еркіні еді,
Белгілі Одақта да көркім еді,
Қарсы алған қиындығын, қуанышын
Тәуелсіз Қазақстан-еркін елдің.
Қазақтың таспасындай баппен өрген
Істерін елге арналған ұрпақ көрген.
Қызығын өл көрмеген жетпіс жастың
Көкшетау атап өтті бірге елмен.
Мерекесі ерімнің -
Мәртебесі елімнің,
Нұржанұлы Еркінім -
Ақиқаты сенімнің,
Мөлдір кәусар бұлақтай
Бірлігі іс, сөзінің.
Рухын әнмен тербетіп,
Ерлігін жырлар серімін.
Елім деп еңіреген ердің бірі,
Еркіннің ұрпаққа үлгі елдік сыры,
Ел-жұрты қолдамаған кезінде де
Сынбаған азаматтық ерлік қыры.
Мәпелеп сыйлатпаған қара басын,
Батпаған ел қамынсыз ішкен асы,
Елімде Еркіндей ер туа берсін,
Жалғайтын аға арманын ұлан-жасым.
Мәңгілік болсын ердің ескерткіші,
Бас иіп тағзым етер үлкен-кіші,
Тарасын ұрпақтарға аңыз-жырдай
Еркіннің ел көркейтер ерлік ісі.

**22.06.2000 жыл.**

## Мүсіндеген ерлер мен серілерді

(Төлеген Досмағанбетовтың рухына)

Көкше ұлы, Төлегенім, қайда кеттің?!
Шабытты толқындатқан жайда кеттің.
Жап-жарық мына дүние нұр төккенде,
Құрдасым, қайда кеттің, қайда кеттің?!
Жан едің сен жаныңмен күйіп жүрген,
Басыңды жақсылыққа иіп жүрген,
Көкіректі Көкшемін деп кере біліп,
Бар қазақ құшағына сыйып жүрген,
Тудырған тас мүсіннен найзағайды,
Шығармаң жанын қазақ мазалайды.
Ұрпақтар өнеріңнен нәрін алып,
Тарқар ма бүгінгідей аза-қайғы?
Сөйлесең ағындаған шешен едің,
Данышпан, түсінгенге көсем едің.
- Япырмай, ер екен ғой бірге жүрер -
Деген ой жеген мені кеше ме едің?!
Менің де жағдайымды біліп кеттің,
Жақсымды қаршығадай іліп кеттің.
Кездескен бір-екі рет сәтті шақта
Жаншуақ қабағыңның нұрын төктің.
Айттың сен ерте мені білгеніңді,
Құлақты сазды әуенге түргеніңді.
Қайғырып, қапаланам ойласам мен
Көкше боп бас қоса алмай жүргенімді.
Кеш бізді, тағдыр түзер Көкше жайын,
Түзелер керуені жүрген сайын,
Баянды бөлып қазақ еркіндігі,
Ерлерін жегідей жеп елдік уайым.
Мүсіндеп ерлерім мен серілерді,
Өнермен табындырдың қалың елді.
Үңіліп ұрпақ мәңгі іздеріңе,
Шығармаң әрлендірер талай төрді.
Өнерің алла берген өр сыйы еді,
Тудырған сені Көкше ел киелі,
Сыйынып аруағыңа ел мен жұртың,
Түнжырап Көкше, Оқжетпес бас иеді.

## Даналық ұшқыр сөзді айқындаған

(Айқын Нұрқатов рухына)

Даналық ұшқыр сөзді айқындаған,
Көкшетау, бір дүлдүлің Айқын балаң,
Жарқ етіп жұлдыздай боп ағып өткен
Айналдым Шоқанға ұқсас нар тұлғадан.
Жазушы ең өткір сының, әділ бағаң,
Дамитын ор ойыңмен алға қоғам,
Сыныңды зиялылар қабыл алып,
Қасында еркелеткен Мұхтар ағам.
Көрініп саналыға тірі жандай,
Қазағым талантыңа қаққан таңдай.
Сұм жалған артыңдағы жылжи берер,
Бірде алып еске, бірде ұмытқандай,
Көзі бар көкірегің зерек еді,
Кезінде қазақ елі елеп еді.
Сендей ұл туар ма екен Көкшетауда,
Тәуелсіз елге қазір керек еді?!
Жетпіске тірі болсаң келер едің,
Қазақтың еркіндігін көрер едің,
Көсіліп көсем болып коп алдында
Жемісін данышпандық берер едің!

1995 жыл.

## Жарқылдаған айбалтадай мінезі

(Құбайдолла Ашетовтын, рухына)

Сұм ажал тағы
　　　　мақсатқа арсыз жетті ме,
Жалмады ерді
　　　　іргені елдік сөкті де?!
Жарқылдап жүзі,
　　　　айбалта сөзі , мінезі,
Көкше ері Құбаш
　　　　бұл дүниеден өтті ме?!

Еңіреп ел деп,
аруақтанған ерім ең,
Әлібегімдей
асылдан қалған тегім ең.
Майырылғандай
семсерім сілтер дұшпанға,
Құбашты жоқтап,
Көкшемен бірге егілем...
Азайып бірлік
жүректі шерлі қозғайды,
Құбаштай ерлер
намысты қорғар азайды.
Мыңына татыр
бір ұлы өтіп дүниеден,
Күңіреніп Көкше ,
төгілді көктен саз - қайғы.
Алыста жатып,
емделіп, елді аңсадың,
Құмарта күттің,
жеткізер елге таң сәнін,
Тірліктің тойын
тойлауға тағдыр бұйыртпай,
Туған топырақ
құшағына енді жан - тәнің.
Үңіліп елде
ерлерім салған іздерге,
Шаттанушы ең
көркі деп Көкше біздерге.
Шүкірлік, тәуба,
мұрагерлер бар сізге ерген,
Ұрпақтарың бар
бағаға ие сіз берген.
Болғанда Еркін
Көкшенің іскер көсемі,
Өзіңмен толды
ерлердің көші кешегі.
Нұрланған сайын
еркіндік таңы қазақта,
Ерлерді сіздей
үлгі етіп ұрпақ өседі.

Жыласын жүрек,
жыласын Кокше, жыласын...
Жұбатып мені
көңілімді қазақ сұрасын.
Дүниеден өтті
бақилық төрге өр тұлға,
Ерекше адам,
Кокшетау ері Құбашым!

**31.10.2004 жыл**

## Елімнің алтын жағасы ең

(Халық ақыны Көкен Шәкеев рухына)

Қазақ елі ақын деп берген баға,
Өнерінде Көкшенің алтын жаға,
Сексен көлдей ән - жыры сарқылмаған
Бұл фәниден кетті өтіп Көкен аға.
Сөйлегенде қазаққа көсем еді,
Алтын адам - мүсіндей әсем еді,
Шәкірттерді үйретіп, баулып құстай,
Шабыт тербеп теңіздей еселеді.
Шіренбеген, ағажан, ірі де едің,
Түңғиыққа өмірде тірелмедің.
Көкшетаудың қыраны сен болмасаң,
Балапандай мен, аға, түлер ме едім?!
Қош бол енді, ағажан, егілемін,
Көз жасымды көл қылып төгілемін.
Ақ құсындай туған ел арман- ары,
Болашақтың ертеңгі сенімі едің.
Қош бол, аға, асқарым бас ұратын,
Құшып, сүйіп, мойныңа асылатын.
Мен шәкіртің, інiңмін өмір - көште
Талай қырдан жүгінді асыратын.
Сенсіз қалай болады менің сәнім,
Сенсіз қалай келеді асқақ әнім?!
Мені әрқашан өнерде көкке өрлетер,
Арнап айтқан ағалық армандарың.
Талай ән-жыр арнадым тірлігінде,

Нұрға бөлеп нәр бердің жырлы күнде,
Көкен аға, ұрпаққа мирас қылдың
Қазағымның елдігін, бірлігін де.
Қош бол, аға, ақылдың самалы ескен,
Ел ағасы үлгілі өмір кешкен.
Шамшырақтай ұрпаққа жол көрсетер,
Бейнең мәңгі, ағажан, кетпес естен.

**24.12.1999 жыл**

## Ән қанаты Көкшенің көгінде өрлеп

(Кәрім Ілиясов рухына)

Ән қанатың Көкшенің көгінде өрлеп,
Жүрегіне жұртыңның салып өрнек,
Мәңгілікке аттандың, Кәрім аға,
Өле-өлгенше бойыңды ән-күй кернеп.
Асыл аға, қаламгер, әріптесім,
Сал-серілік өнерде серіктесім,
Нағыз қазақ үніне бой ұрғандар
Бір өзіңе, Кәрекем, еліктесін.
Ағамыз ең бастайтын әннің көшін,
Айналғандай аңызға Кәрім есім.
Ән өнерін ұрпақтар жалғастырып,
Шырқар талай ағаның "Оқжетпесін".
Еркеш ақын, жан досты есіңе алып,
Домбыраңды күңірентіп ән шығарып,
Үкілі ата "Толқынын" толқындатып,
Тұрып кетші, Кәрекем, аруақтанып.
Асылдарға кең дүние тар екен ғой,
Өнеріне бір алла жар екен ғой.
Көреалмастық көшті де арқалаған
Шөккен бура Кәрекем нар екен ғой.
Бір орнында тіршілік қалмас тұрып,
Өмір көшер ұрпақты алмастырып,
Сен жетесің, Кәрекем, болашаққа
Сал - серілік өнерді жалғастырып.

**1 қаңтар 2002 жыл**

## Ұлы ұстазға

(Сейтен Сауытбековтың 95 жылдығына)

Аялар Көкше, Есілім, алтын жағанды,
Ел ырысы - арайлы асыл саланды,
Сейтен сынды ұстаз, ғалым, қаламгер,
Аймандайлы, қыран қабақ ағамды.
Сырлы өнері қалың елге жететін,
Ағам бұзды надандықтың бекетін,
Мамандығы математик болса да,
Дирижер боп, әндетіп те кететін.
Білімді де, өнерді де баптады,
Енбектеніп ел үшін тыным таппады.
Ұлы ұстаздық қасиетті әспеттеп,
Тірлігінде ел сенімін ақтады.
Туған жері ұлы Евней елі еді,
Ебекең де ғұлама, дана, сері еді,
Құнарлы жер, топырағы киелі,
Әлі талай жемісті елге береді.
Самалынан Есіл тарап ақындық,
Тарта білді өнерліні жақын деп,
Мен де келіп сайрандадым бұл белде,
Шәкірті боп ардақты ақын Кәкімбек.
Сал- серілік мұра жиып бойыма,
Тағы келдім Сейтен аға тойына.
- Әнмен өткен өмір нағыз омір. - деп
Аға айтқанын құйдым мықтап ойыма.
Шал ақынның есімінде аты елдің,
Ешқашанда өлмес мәңгі хаты ердің,
Сейтен аға сөздеріне ән жазып,
Сыйлап рухын, тойға арнап әкелдім.
Қызықтырды үні жастық жазының,
Нәзіктігі, тереңдігі назының,
Өңірі Есіл қабыл алсын Көкше әнін,
Түрлендірген өрімталдай саз үнін.
Арпалыспен өтті аға дәуірі,
Жеңе алмады ерді бірақ дауылы,
Еркін елдік аясында, мінекей,
Асқақтатты атын аға ауылы.

Ұмытпайды ел ағалардың нұрлы ісін,
Шәкірттері өсіп-өніп, өрбісін,
Мектебі аға ұрпақтарға таратсын
Күн көзіндей сәулелі ұстаз үлгісін.
Елі үшін лапылдаған от-жалын,
Сүйсін ұлдар Секеңдей боп Отанын.
Дүр сілкінтіп болды әлемге чемпион
Жиені ата батасын алған Шоқаным.

## Камалтин
(Камалтин Мұхамеджановқа)

Шыныққан Теміртаудың болатындай,
Қыраным Оқжетпеске қонатындай,
Қазақта ер азамат Камалтиным,
Жігері тасқа таңба салатындай.
Жарқ еттің, ерім, Көкше төрімізде,
Жарқылдап ұшқыны ерлік сөзіңізде,
Қолтықтап, елді демеп қиын кезде,
Ұқсадың Еркін сынды ерімізге.
Белгілі бар қазаққа бүгін бағаң,
Таныды ерлік істі еркін қоғам.
Өзіңе елмен бірге саулық тілеп,
Ұмытпас іс- бейнеңді Көкшеде ағаң.

## Ел ағасы
(Естай Мырзахметовке)

Жақсы іні жасы үлкенді ағалаған,
Ініні жақсы аға бағалаған.
Болмайды ел ағасыз, тон жағасыз,
Сондықтан ағасын ел аялаған.
Ағадай болар өмір ақиқаты,
Бақытты ол артта қалса жазған хаты.
Көтеріп еңсесін ел тұрады екен
Ағаның ақыл-ойы парасаты.

Ағаның сабырлығы жарасады,
Ағамен көркейер ел болашағы.
Ағаның айдын шалқар ақ көңілі
Қамқор боп ұрпағына жол ашады.

1997 жыл.

## Өр тұлғалы қыпшағым

(Еңбек Ері Ибрагим Жанқоразовқа)

Ибрагим-балқар, Ибрағим - қазақ, бауырым,
Еңбек Ері Одақтан қалған тәуірім,
Заманға жаңа бет бұрғанда халқым,
Көтердің сен де елдік жүктің ауырын.
Арды сыйлап, адамдықты сақтадың,
Еркіндігін қазағымның жақтадың,
Ауылыңды шашыратпай қолға ұстап,
Ерлігіңді тағы да бір ақтадың.
Дамып қоғам түссек нарық заңына,
Ұйқы көрмей түстің шаруа қамына,
Бас иеді жанасқандар өзіңе,
Риза болып шашқан нұрды жаныңа.
Көрдің жастай талай тұрмыс қыспағын,
Ата үлгісін дақ түсірмей ұстадың,
Сендей бауыр кездескенге қуанам,
Жаса, жаса, өр тұлғалы қыпшағым.

2003 жыл.

## Ақан сері ұрпағы

(Еңбек Ері Ұлтай Нұрсеитовке)

Маманы, ер басшысы ауылымның,
Көбейткен қазынасын қауымымның,
Жетіпті жетпіс жасқа Ұлтай аға,
Ұланы алтын Көкше бауырының.
Еліме абыройды алып берген,
Ұрпаққа үлгі - өнеге із салып келген,

Жұмақта еңбек етіп көрейін деп,
Жуырда "о дүниеге" барып келген.
Қайтарды хақтағала оны бізге,
Келеді Ұлтай аға енді жүзге.
Қасиетті Ақан сері баба ұрпағы
Асылды жүрегімен елеп, сүзген.
Өмірдің арқалаған ауыр жүгін,
Ұштасқан ерлігімен нәзіктігі.
Ағаның көрген, білген, тоқығаны
Біздерге баға жетпес азық бүгін.
Данагөй қария боп көпті көрген,
Қызықтап ұрпақтарын соңына ерген,
Ұлтай ер жасай берсін бағына елдің
Қасында маңғазданып Күләш жеңгем.

1998 жыл.

## Адамдықтың маманы

(Әбділда Дүйсеновке)

Әбділда ері Көкшенің
Аймалап өскен саласын,
Журналист болып жүйткіген
Сараптап сөздің сарасын,
Қызметте жүріп айырған
Жақсы мен жаман арасын,
Жайлы мінез, көркімен
Құшатын адам баласын,
Басшысы болып көркейткен
Торғайдың ұлы даласын.
Жанасқан жанға Әбекем
Нұр сәулелі сән берген.
Әбекең сөзді ағылтса
Көңілге шаттық ән келген.
Адамдық сырдың маманы
Санасын жанның меңгерген,
Горбачёв тұрған заманда
Қорықпай шарап, дәм берген,
Ұйтқыған өмір желінен
Жан емес ағам өзгерген.

## Көкшетаудың төресі

(Дәрігер Құрманов Қайырлыға)

Ерлер қазына, кен елге,
Ғашық жанмын мен ерге,
Олармен ен мақтанам
Ән ғып, жыр ғып өнерде.
Дәрігер Құрман Қайырлы,
Атағы елге жайылды,
Жанасқандар тапқандай
Көкшетауға сай ұлды.
Көкшетаудың төресі,
Көк аспандай өресі,
Адамдықтың шыңындай
Ер азамат белесі.
Іскерлігі қанынан,
Жақсылығы маңынан.
Ерлік пенен серілік
Ұшқындайды жанынан.
Жеткенін ер күндемен,
Тіршілігін міндемен.
Қайырлымен кездесіп
Жүргендеймін күнде мен.

# *Тасқара*

**(Деректі дастан)**

## 1. Кіріспе

От болып шырағы адам жағылғалы,
Тарихы адамзаттың ағындады.
Данышпан, талай дана айтқанына
Бас ұрып үнемі адам бағынбады.

Әуелі ол жеке бастың құлы болды,
Сонан соң топас тобыр тұлы болды,
Дүниенің қырын-сырын білген сайын,
Бұл өмір саясаттың құны болды.

“Адамның басы алланың тобы” деген,
Қуанышы жүрген бірге сорыменен.
Жүгіртсек көзді әр адам өміріне,
Ол тарих сырларына толы дер ем.

Өмірі әкелердің бізге үлгі,
Қайғысы көрген жанды түршіктірді,
Қаңбақтай дөңгелетер іліп алып,
Бір дауыл бір дауылды күтіп тұрды.

Дәуірі Кеңес орнап тұрғанда елде,
Ауысты сегіз патша билік төрде,
Басына бір ұрпақтың үйіп-төккен
Ұқсады өзгерістер тасқын селге.

Ашылса іште жатқан қайғы-шері,
Әкелер өткен тарих кейіпкері,
Заманды түлкі шалған тазы болып,
Ерім деп сыйлап өткен қалың елі.

Шықсам деп әрқашан ел сенімінен,
Толғаймын ақиқатты ақ көңіліммен,
Шертейін жырдай қылып әңгімесін
Әкенің бастан кешкен өмірінен.

## 2. Аңсаған ел құшағы

Кенжесі Смағұлдың Тасқара еді,
Бір кезде әлпештеген жас бала еді,
"Сепкрай" - Омбы жерін паналаған,
Көз жазып туған жерінен Көкше белі.

Түсіне жиі енеді Қарой белі,
Борсықбай кіндік кескен, қайран, елі,
Суатқа мыңдап жылқы құлағанда
Лайланбас Бас көл менен Аяқ көлі.

Қарайған көл жағалай қамыс нуы,
Тынбаған көктем жетсе құстар шуы,
Жарысып аққу қазбен суда ойнайтын,
Өзені балалықтың Шолақ суы.

Жарқырап жаңа туған ай қабағы,
Мамыржай күйге бөлеп айналаны,
Ауылы Смағұл қажы тербетуші ед,
Уатып сыңсып жатқан сай-саланы.

Көзінен туған жердің сәні кетпей,
Есінен ағасының әні кетпей,
Тасекең аңсап жүрді бесікті алтын.
Тілінен балдәуреннің дәмі кетпей.

Жасөрім Тасқараның тасқан кезі,
Оқыған, жұрты тыңдап тосқан сөзін.
Бір мезгіл дір етеді жас жүрегі,
Түсірсе есіне елден қашқан кезін...

Жапсырған емес біреу жәй жаласын,
Үкімет таққан кінә-бай баласы.
Ілінді кәмпескеге Смағұл қажы,
Қажының бала-шаға, айналасы.

Батпады ағайынның ішкен асы,
Тік тұрды зомбылықтан жұрттың шашы,
Ағасы Қайыргелді ұсталды да,
Жоқ қылды "үндеместер" алтын басын.

Кәмпеске елді басып, жаншып өтті,
Ағайын бас сауғалап қашып кетті.
Біреулер шет елге ауып күнін көрсе,
Біреулер қара орманнан асып кетті.

Өзгертіп кейбіреулер ата-тегін,
Ұмытты ауызға алмай шыққан жерін.
Үш адам бір адамға жала жауып,
Адамдар қалмағандай артар сенім.

Зардабын қашқындықтың көрген ерім,
Қол жетті билеуге де елдің төрін,
Көріп бір қайтайын деп белді буды
Аңсаған анасындай туған жерін.

Жылы еді бұл қаһарлы отыз жеті,
Батқандай елге желдің ызғар өті,
"Халық жауы" деп ерлерді құрбан қылып,
Қандаған қолын Кеңес Үкіметі.

Тасекең "Совпартшколды" бітірген жыл,
Жастық шақ жалындаған, төгілген нұр,
Жеткенде "Борсықбайдай" ауылына
Ән-жыр бөп гүл жайнады егілген сыр.

Қайда екен мыңдап өрген әке малы,
Кісінеп қарсы алатын жылқылары?!
Тып-тыныш елдің іші, шулап жүр бірақ
Қазақтың қара сирақ балалары.

Жүгіріп шықты ауыл балалары,
Көлкөлеп күннен көзін ана кәрі.
- Құлыным қайдан жүрсің? - деп құшақтап,
Жүректі алып ұшты ана зары.

Балалар көрген мұны жүгірісті,
Баяндап үйді-үйге көрген істі.
Ағайын алқа қотан ауылдағы
Қарсы алып Тасекеңді сүйіп, құшты.

Көріп тұр елі өскен Тасқара ерді,
Аңсаған құстай ұшып туған жерді.
Көрісіп, құшып ана азаматын,
Зарланып, сел қып жасын, жылай берді.

## 3. Көрісу

Құлыным менің, бауырым!
Алдыңда міне ауылың,
Атылып, қаңғып туыстар,
Сиреп те тозған қауымың.

Аямай да нар күшін,
Күресті ерлер ар үшін,
Наһақтан кетті құрбан боп,
Қайыргелдідей арысым!

Ұланым менің әнші еді,
Құсбегі сері, аңшы еді,
Айдынның шалқар көлінен
Үзіліп түскен тамшы еді.

Азайды күшім тұралап,
Елдікті кімдер құрамақ,
Келіп тұр, елім, ортаңа
Жақсыдан қалған жұрағат.

Жүрекке ана зары қатты батты,
Шымырлап, сай-сүйекті сырқыратты,
Айырып ана, бала құшақтарын,
- Сабырлық - деп ағайын көңіл айтты.

Шақырып, кезектерді тағайындап,
Дәм-тұзын алға тосты ағайындар.
Қаншама қауқылдасып отырса да,
Тұрғандай тұнып елде зар-уайым бар.

Ол уайым- кәмпескелеп қырған малды,
Ел ішін аштық қаулап қырған жанды,
Көтерем малдай жаңа тірілгенде ел,
Ерлерін жоямын деп құрған заңды.

Халіне туған елдің қайран қалды,
Жерінен аунап, қуат нәрін алды,
Кешегі мен бүгінгі ой толқытып,
Тасекең домбыра алып әнге салды.

Күңіреніп Тасекеңнің зарлы үні
Үнілеп тынды жұрттың іште мұңы.
Шығарған Темір аға Әбішұлы
Қоштасқан елімен зарға құлақ түрді.

## 4. Темірғали ағаның елмен қоштасуы

Мекенім Бестамақтың тарауында,
Руым Мөнтік еді Қарауылда,
Қос жылқы, қотанды қой, табын сиыр
Бір кезде өретұғын әр ауылда.

Арғы атам сұрасаңыз Мат, Жоламан,
Құт біткен, қадыр, дарын біржола оған.
Бабалы, Тінәлі мен Жаналы бай,
Үшеуі жұбай болып туады одан.

Бұдан соң Құдайменді, болған Күшік,
Дәулетке бұлар толған шегі түсіп,
Байлығы, мырзалығы бірдей болып,
Жоқ шығар ат мінбеген, асын ішіп.

Әйтімбет, Дәнияр мен Құпия, Жұман,
Кішісі Әбілхайыр бірге туған.
Атасы бесеуінің Құдайменді,
Шежірем осылайша шыққан нудан.

Мыңжарым жылқы біткен Мұсақайға,
Інісі қажы Смағұл, батыр Байжан,
Байлықпен бірнеше жыл болыс болып,
Қажы қылып қолы жеткен екі жайға.

Кешегі Жақаң қажы болып өткен,
Мағлұм бес дуанға аты кеткен,
Жеке қос бір өзіне жылқы бітіп,
Мәскеуге, Ірбіт шауып, қолы жеткен.

Кемеңгер, дуалы ауыз болғаннан соң,
Ағайын ақыл сұрап келген шеттен,
Не қиын бас кететін жұмыстарға
Ақылмен соларға да дауа еткен,
Дұшпанын ерегіскен табанға сап,
Бақыты оле-өлгенше бірге кеткен.

Баласы Әбілхайыр Әбіш қажы,
Ғаділдік туралықта болған қазы,
Тақуа үйде отырып дінін күтіп,
Кем-кетік мұқтаждарды қылған разы.

Уа, шіркін, туған жерім хош, есен бол,
Келуші-ек шілде туа ел Шұңқыркөл,
Үй тігіп көкөрайға, бие байлап,
Жағалай айналаңа қонушы еді ел.

Көргенше қош, есен бол, қайран, елім,
Бас кесік, Аяқ кесік-биік белім,
Ішкенде төрт мың жылқы лай болмайтын
Бас көл мен қатар біткен Аяқкөлім.

Жағалай айналаңа ел қонушы еді,
Лықылдап мал маңайға толушы еді,
Ағайын бұрын келген, соң келгенге
Мал сойып ерулігін беруші еді.

Дүйсеней, Құрақ өзен малға жайлы,
Шөбің бар мия құрақ көкөрайлы.
Өтеміс, Кеңащы мен Жазық дала,
Болар ма осылардай жер қолайлы.

Итсигек, Мейір ұзатқан, қылған күзек,
Салтанат, сауық-сайран еткен түзеп,
Қораға күзем алып қоюшы едік,
Қалар деп қатын-бала тоңып-жүдеп.

Тасмола, боран жүрмес биік жарың,
Күн жылт етсе еріген түскен қарың,
Кеңсуат аралында жан сақтаушы ек,
Шоп бітіп жазғытұрым болса тарың.

Бөрсықбай қалың қопа боран жүрмес,
Көрмеген аралыңа тауып кірмес,
Қамысың сексеуілдей отын болған,
Мұндай жер, уа, дариға, түске кірмес.

Борсықбай ата-бабам мекен еткен,
Шабындық бір тайпы елге түгел жеткен,
Қаңқылдап аққу-қазың шулап-ойнап,
Болғанда жазғытұрым мазаң кеткен.

Шатыртіккен, Найзақамыс, Сиыршы өзек,
Шабындық шықпай қалмас бойын тежеп.
Тәуекел, көреміз бе, көрмейміз бе,
Туған жер амандастым кезек-кезек.

Шолақ Су ел қыстаған айналаңды,
Бір кезде ғарып-хасар пайдаланды,
Ел қуты Құдайменді балалары,
Қажы үйі орда болған қайда қалды?!

Маңайың қара қоға аққан бұлақ,
Шырмауық балауса боп шыққан құрақ,
Айрылып тағдырменен ел-жұртымнан
Артыма қарай-қарай кеттім жылап.

Ақ орда қалды менің киіз үйім,
Көтердік бір алланың салған сыйын,
Қалғаны баспанасыз үй ішінің,
Бұл дағы оңай емес болды қиын.

Зеннаттап салдырған үй, қора-сайман,
Қызықпен бірнеше жыл еткен сайран,
Иесіз дал-дұл болып қалғанына,
Ғажап боп алла ісіне қалдым қайран.

Бай болдым, момын болдым, болдым жуас,
Бай болып есіріктеніп болмадым мас,
Кем қылмай шаруаны тәрбиелеп,
Бар мінім кедей болмай келдім рас.

Кісі алдап, неге айтпадым мен өтірік,
Мал ұрлап, реті келсе кісі өлтіріп,
Әрі іс қып, момындарды қойдай айдап,
Жүрмес пе ем, қызмет қылып, іс толтырып?!

Айтқанмен осы күнде бәрі өтірік,
Нағыз біз ұрлық қылған, кісі өлтіріп,
- Я, раббым, ақырының қайырын бер-деп,
Жылаймыз екі көзге жас толтырып...

Бірнеше жыл мекен еткен Шолақ Су,
Колдеріңнен топ-топ болып ұшқан қу.
Құзға бойлап, қанатымен су сабап,
Болатұғын жаздыкүні у да шу.

Бір бізге емес көпке тағдыр осылай,
Бұл дәуірден кеткен де бар тосылмай,
Туысы бір, қаны да бір ағайын,
Уа, дариға, кетер ме екен қосылмай.

Аққан өзен, айдын шалқар көлдерім,
Ащы, тұщы өңшең балқаш жерлерім,
Көл суалып, жер қуарып, құт кетіп,
Иесіз қалған, жетім қалған елдерім!

## 5. Тасқараның тұтқындалуы

Өткен күн мұң боп жаулап ои-санаңды,
Бір мезет доғарғандай айтар әнді.
Елтітіп ел мен жұртын Тасқара әні,
Сұраумен Темір жыры қайталанды.

Көтерген желбіретіп елдік туың,
Ғанибет ер мен елдің қауышуы.
Ағайын қуанышын тойлап жатты,
Толқындап күлкі, әні, у мен шуы.

Осылай қызып думан жатқан кезде,
Кіре ме жұрт ойына шаруа өзге?!
Кенеттен бес “үндемес” кіріп келіп,
Үзіліп той, орнады тыныштық лезде.

- Тасқара, тұтқындалдың көтер қолды,
Келгенде байқамадың оңды-солды.
Баласы байдың келіп ауылына
Бүлдіріп жатыр деген хабар болды -

Деді де бастық майор алға шықты,
Ысырып тастағандай қалың жұртты,
Алға сап, қоршап алып тұтқын жанды,
Бас изеп, меңзеді есік, дала сыртты.

Тұншығып қара күшке елдік сана,
Тағы да селт еткізді зары ана.
Шама жоқ түсуге ара ағайынға,
Жабырқап тілегендей көктен пана.

## 6. Ана зары

Халқым - ау менің аяулы,
Болды ма қолың байлаулы,
Аямадың қыршынды,
Баладан таптың қай жауды?!

Үкімет күші ісінен,
Аласы адам ішінен,
Жандайшап, көреалмастықтан
Дерті қазақ ісінген.

Адамға заман сын екен,
Бірліксіз күнің мұң екен,
Келгенін жас баланың
Хабарлай қойған кім екен?!

Ашымас жаны жеріне,
Ауырмас басы еліне,
Бас болған өңкей надандар,
Тартпаған ата-тегіне.

Тоқтамай ата сөзіне,
Шөп түсіп қара көзіне,
Арды салған саудаға,
Обалың қазақ өзіңе.

## 7. Тұтқынның босануы

Толқытты ана зары бүкіл елді,
Бұл істі ел "аулнайдай" сұмнан көрді.
Мінгізіп "қара албасты" машинаға,
Тұтқынмен қаралы топ жүре берді.

Тасқара есеңгіреп естен танды,
Үкімет құзырына қайран қалды,
Талпынған жаңа өмірге қайрат, жігер,
Іштегі дерт дауыл боп ойран салды.

Есейген ұрпағы боп жаңа дәуір,
Жас балғын барлық жұртты көрген бауыр,
Қастықтың қармағына түсіп енді,
Түсе ме жолына аға қайғылы, ауыр?!

Алдында кісендеулі екі қолы,
Жас жүрек ыза, кек пен шерге толы,
Қоршаған "қызыл жаға" айналасы,
Тартты енді Қызылтуға дозақ жолы?!

Тұтқын жан шым-шытырман ойға батты,
Бір мезгіл түсірді еске Омбы жақты..!
Сол мезет майор - татар басқарушы
Қол сілтеп машинаны кілт тоқтатты.

- Тұтқынның жалғыз өзін түсір - деді,
- Шешемін жеке мұның ісін - деді,
Алға сап Тасқараны ол кейін жүрді,
Тұтқын жан аң - таң бұған түсінбеді.

Байланған оққа жанын сезбегендей,
Алтыатар дәл басынан көздегендей,
Білмеді ол көп жүргенін, аз жүргенін,
"Үндемес" қатарласты сөзге келмей.

"Бозбаласың жас желектей жайқалған,
Өлтірмеймін, "сепкрайға" қайтарам,
Енді, елім деп, еңіреп келме бұл жаққа,
Кет ауылыңа, Омбы жаққа қайтадан.

Адамдығым осы саған жасаған,
Қазақта көп бір- біріне қас адам,
Мүсылманмын жүзген күнә көлінде,
Кешсін бізді, жаратқаным, жасаған".

Тасқара қуанғаннан жасын төкті,
-Рахмет - деуге дауысы әрең жетті,
Майорым алтыатарын аспанға атып,
Қараңғы түнге сіңіп, жоқ боп кетті.

## 8. Тасқараның елге қайта оралуы

Сол бетпен қайтты қашқын Омбы жаққа,
Ешкімге ашылмай сыр түскен басқа...
Тағы да тартты дәмі ел көп жыл өтіп,
Келгенде Тасқара ер елу жасқа,

Өтіпті ширек ғасыр содан бері,
Одақта жазылғандай соғыс шері,
Ұжымы колхоз, совхоз өріс алып,
Қазақтың игерілді тың жерлері.

Болғанмен жеке басқа табыну, мақтау,
Өткеннің болмас бәрін қаралап, даттау,
Түрмысы ел күн көзіндей көтеріліп,
Саяси құрбандарды басталды ақтау.

Тасқара көргенде енді туған елін,
Танымай қалды жайсаң жұпар жерін,
Тартылған суы, көлдер, өзендер жоқ,
Жыртылмай қалған жер аз, айнала егін.

Жауғанмен жаңбыр нұры тәңір - көктен,
Шөп, егін қаулағанмен келіп көктем,
Сарқылған бұлақ, өзен, шалшық көлден
Қона алмай аққу, қаздар безіп кеткен.

Ауылы село болып орыстанған,
Аз қалған туыс, жақын, таныстардан,
Көп адам бақилыққа сапар шегіп,
Мәңгілік молаларға қоныстанған.

Жүзінде - қуаныш, іште - қайғы тынды,
Шүкірлік көргенге де мұндай күнді,
Басына әкесінің құран оқып,
Бас иіп аруақтарға зират қылды,

Тұратын дұға тілеп алыс қырдан
Тастары молалардың қиратылған,
Жатқандай тыныштaлып енді ғана
Аруақтар дүрбелеңнен аласұрған.

Бұл өмір бір орнында тұра алмаған,
Қоғамсыз адам елдік құра алмаған,
Дәуірі Кеңес орнап ел ішіне,
Жылжыды тіршілік алға ұрандаған.

"Ел жаңа елу жылда, жүз жылда- жер",
Қазақта айтылмаған бұл сөз бекер,
Тұрмысы Тасекеңнің оңалғандай,
Қайтадан құлпырғандай коркейіп ел.

Мыңғырған мал совхоздың меншігінде,
Санаулы мал бар әркім еншісінде,
Бәрінің жұмысы бар, жастар оқып,
Қол бұлғап тұрғандай еді ел іші бізге.

Тасекең өкінбеді өткеніне,
Аяңдап кәрілік те жеткеніне,
Бірақ та елеңдейді дүниенің
Тағы да бір шайқалып кеткеніне.

Аз жылда мыңдаған мал қолды болды,
Шашылды ел байлығы оңды - солды,
Себепсіз қиратылған ғимараттар,
Үңірейген терезелер торыды жолды.

Қараса қайран ауыл сұлбасына,
Түскендей ауыртпалық ел басына...
Қазақтың еркіндігі кепіл ме екен
Гүлденіп кең даланың солмасына?!

Осындай ойлар ерді мазалайды,
Өмірде өткен жолын саралайды,
Сенсе де ауылының ертеңіне,
Қазіргі жайы жүрек жаралайды.

Өмірдің алды-ойын, арты-қайғы,
Бойдағы кәрілік дерт ауырлайды.
Тасекең өсиетін ұлына айтып,
Ұрпағын артта қалар уайымдайды.

## 9. Тасқараның өсиеті

Ұрпағым менің айбынды,
Аялап өскен ай-күнді!
Бақытыңды тіледім,
Бермесін қасірет- қайғымды.
Бөлып қоғам ермегі,
Өмірде нені кормедім,
Қиындыққа мойымай
Азамат болып орледім.
Сақтай білдім тілімді,
Ұмытпадым дінімді,
Аңсап жүрдім аңырап
Елге жетер күнімді,
Кірмедім қорқып қуысқа,
Сыймадым мықты уысқа,
Қысылғанда қол бердім
Маңымда жат, туысқа.
Ағымы заман өзгерді,
Ауысар ұрпақ кез келді,
Өсиетін айтсын деп,
Қуаттап құдай сөз берді.
Құлақ сал, ұрпақ, сөзіме,
Сенімім мол өзіңе,
Келіп тұрмын қоштасар
Ақырғы дем кезіме.
Сүйе біл Отан - еліңді,
Сатпа туған жеріңді,
Өмір бойы ақтай біл,
Елің артқан сенімді.

Тигенде тізгін қолыңа,
Мұқият бол елдік жолыңа,
Кір тигізбе, абайла,
Ата- баба арына!
Сақта жақсы ырымды,
Дамыт ана тіліңді,
Рухыңды тербетер
Қазақи ән - жырыңды.
Қорғай біл ұлт намысын,
Қолдап ұл мен қызыңды.
Ғасырлар бойы күңіреніп,
Не үшін қазақ қырылды?!
Жаратушы септі ме
Тәуелсіздік нұрымды?!
Іске асып баба арманы,
Еркін елдік құрылды!
Басы жаңа ғасырдың,
Бағы жанар асылдың,
Ұрпағымды арттағы
Бір құдайға тапсырдым.
Қош бол туған, ел-ана,
Қойныңа ал, жер-ана,
Бақытты ғұмыр тіледім
Артымда қалған балама!

## 10. Әке мұрасы

- Оқ жонар әке корған - десе бабам,
Әкенің мұрасы мол берген маған,
Адамдық, азаматтық үлгісінің
Лаулаған шырағынан отымды алам.
Адамның ала жібін аттамаған,
Көңілі жамандыққа даттамаған,
Ел десе күндіз-түні елең болып,
Ерлігі тасқан судай тоқтамаған.
Қол үшін бере білген қиналғанға,
Болмаған мәз дәулеті жиналғанға,
Тіршілік күйбеңіне табынатын
Тосқауыл қоя білген қуланғанға.
Ағайын, ел-жұртына пана болған,

Асқаралы шыңы әке сана қөнған,
Сермесе құлашты әлем биігіне,
Таймаған қазақшылық сара жолдан.
Таң қалам әкеміздің ұстамына,
Жігермен төзген өмір қыспағына,
Жауларын қарсыласқан жеңгенімен,
Қайырымды бола білген дұшпанына.
Білгесін білмегеннің білместігін,
Кешірген соқыр кеуде күндестігін,
Жанасқан адамдарга шуақ сыйлап,
Қолдаған ер мен елдің үндестігін.
Бұл заман ерді бүгін сынагандай,
Ширатып жігерін ер бұрағандай,
Өсиеті ата-баба орындалып,
Қамалы езгіліктің құлагандай.
Өрлейтін өрге елдік жөлым қиын,
Әзірше жоқ шалқыган тұрмыс- күйім,
Дегенмен орнегіммен өмірді әрлеп,
Асырам іске өнеге-әке сыйын.
Шын ерлер елдігімнің отын үрлер,
Шын бейбақ ер азамат жолын күрмер,
Аса алмай боқ дүние шырмауынан
Мастанар байлығына мүсәпірлер.
Байлығы туған жердің азық бүгін,
Шығардым кен тұңғиық қазып түбін,
Талқандап тасты, тауды құлатқанда
Күш қосқан әке үніндей нәзіктігім.
Нәзіктік- жан серігім ән мен жырым,
Әндетсем құлпырады гүлдеп нұрым.
Көкше деп қақ айрылып көкірегі
Жырлауға қажымаған мендей ұлың.
Ұмытпас ұрпақ Бұқар өсиетін,
Абылай ерін Көкше бас иетін,
Ерлік пен серілікке табынатын
Қазақтың мәпелейік қасиетін.
Келеді көтеріліп елдік ірге,
Бөленіп ата жолы жаңа түрге.
Асқақтай берсін еркін қазақ үні,
Жарасып іс, ойымыз елмен бірге.

# Алып алпыс

Алпыстан астым ақырын,
Теңіздей толқып ақылым,
Асқақтатып өн-жырды
Естілмей елге жат үнім.
Баптап салған бәйгеге
Халқымның жорға атымын,
Өнерімді бағалап,
Жақындасты жат-мыңым,
Өмірімді қызғанып,
Алыстады кейбір жақыным,
Жанымда жарым,балалар,
Отбасым-қайнар шаттығым!

Алпыстан астым айбынды,
Желдіртіп жылды,ай,күнді,
Арғымақтай ойқастап,
Аралап келдім ой-қырды,
Жерімді жүрген жайнатып,
Көңілім-қыран той қылды,
Өмір-дәрия жеткізді
Жағаға алтын қайығымды,
Жалтылдаған дүние-ай,
Қалдырмадың-ау қайғыңды
Аттанса бір дос бақиға,
Бір досым тірі айрылды.

Алпыстан астым алқынбай,
Жағаға ұрған толқындай,
Өнердің көзі ашылып,
Бұлақтай аққан сарқылмай,
Бір өсіп бағам, бір түсіп,
Базарлы дүние нарқындай,
Мәңгілікке қол созған
Ата-бабам салтындай,
Қолдайтын кезде қолдамай,
Ықыласы ел қалды-ау айтылмай,
Артынан сөз ғып көпірер,
Қайран, қазақ халқым-ай.

Алпыстан астым армандай,
Үлгісін ата алғандай,
Қол ұшін беріп жастарға,
Мұрагер жолды салғандай.
Жасыл желек ұрпағым
Жайқалар ертең ормандай,
Алтын копір өнердің
Жібі қалмас жалғанбай,
Өтпелі мына кезеңде
Ұмыт боп та бір кез қалғандай,
Шүкірлік, құшақ жаяды
Халқым тірек-қорғандай.

* * *

Қонды ауылым алпыстың етегіне,
Кім конбейді алланың жетегіне,
Қайран, көңіл қыл моиынын соза берер
Артта қалған жастықтың мекеніне.
Жалғар өткен жастықты нәзік сырлар,
Желпіндірер серпілтіп әндер, жырлар,
Жылдар жылжып сырғанақ тепкенімдей,
Жаһұтымды бір-бірлеп бойдан ұрлар.
Маңғазданып мәз болып марқайғанға,
Берілмейік әлі де қартайғанға,
Алпыс деген алып күш адамзатта,
Құшағында бөленген жар сайранға.
Міндім алпыс атына құлатпайтын,
Көмекті әлі ешкімнен сұратпайтын,
Бұтақтардан шіріген тазаланып,
Шын махаббат, шын достық тұрақтайтын.
Уа, кел, достым, құшақты аш, шытпа қабақ,
Көңіл дәмін татайық ұрттап шарап,
Жастық шақты тағы бір еске алайық,
Нәр құйылар санаға бойға тарап.

## Тірлікте қадірлейік адам атын

(Сәкен Хасенеевке)

Алпыс жас - азаматтың аппақ нұры,
Жарасқан елдігіме ерлік сыры,
Телегей теңіздейін ақыл толып,
Шабыттың жарқыраған барлық қыры.
Тапсырған ата-бабам аманаты:
- Қадірле тірлігінде адам атын.
Қадірлі ел жасына келді Сәкен,
Көкшенің көрнекті бір азаматы.
Бұл Сәкен сері емес Жүнісовтей,
Сүйініп, күйінеді бәріне іштей,
Таланты журналистік нұр шашқандай
Суреттер елді, ерді көрген түсгей.
Аялап балаларын, асыл жарын,
Өмірдің қасиетті татып нәрін,
Шығарып кітап қылып, өрнектепті
Даламның ерлері мен тарландарын.
Жасынан Сәкен аға өнер қуған,
Күй тартып, жүрегінен ән де туған.
Көзі бар көкірегінде, көңілі көркем
Ағаны ардақтаған жолдас, туған.
Келді, қайран, алпыс жас,
Қадірлі болған алтын бас,
Асқар шыңы жігіттің,
Ақыл-дария сарқылмас.

## Өшпесін мәңгі ақындық жарқын үн

(Төлеген Қажыбаевқа)

Төлеген - ақын,
Төлеген - жазушы,
драматург Төлеген!
Өмірден алған,
ұрпаққа берген
көп үлгі - өнегең,

Қаламың - найза,
сөздерің ұшқыр
Тербетіп елді
жыр – күйге бөлеген.
Тарихты қозғап
болғандай көреген,
Шүйлігіп қыран
түскендей төбеден,
Лүпілін жүрек
дәл бастың әншідей,
Шешендей елдің
мүддесін елеген.
Көкшеңді керім
жырладың сағынып,
Сексен көл селіндей
көктемде ағылып,
Арулар кербез
шыққандай серуенге
Жырыңнан
теңге – шолпы тағынып.
Елдікті жарқын
тереңнен ойладың,
Ізгілік парқын
бұрмалап жоймадың.
Алпысқа жасың жеткенде жігіттей
Арманға шексіз
беріліп, бойладың.
Бойлай бер,
ойлай бер,
ақыным, жарқыным,
Баспасын надандар
ақынның қарқынын,
Тұрса да заман
тарылып,
жарылып,
Өшпесін мәңгі
ақындық жарқын үн.

Алпыс жас - салдық
алшаңдап басатын,
Даналық ақыл
қырлардан асатын,
Бағалап елі
көрікті ерлерін,
Ерліктің кілті
келбетті ашатын.
Ағалық назым -
саулықты тіледім,
Ақынмен бірге
әрқашан жүрегім,
Елім деп жүрсе
інілер еңіреп,
Менің де құлпырар,
жарқырап іреңім.
Зор үміт -
елдік, еркіндік тірліктен,
Сау болсын халқым
ақыннан жыр күткен,
Мұрамыз біздің
бұйырып ұрпаққа,
Елімді айырмай
татулық, бірліктен.
Төлеген іні -
тұлғасың, ірісің,
Жаныңнан шуағың
төгілер жыр үшін,
Сал-сері легі
Көкшеде жалғасып,
Сарқылмай мол болсын
елімде ырысым.

2002 жыл

## Елуім елге елеулі

(Жабалға)

Елуге толған азамат
Шыңға қонған қырандай,
Қыраттарды жағалап
Жонда жорытқан құландай,
Бірігіңдер деп, жамағат,
Арнаған елге ұрандай,
Тыңдаған жұрт бағалап,
Сөзін сыйлап құрандай,
Қартты тұрар “ағалап”,
Кішіпейіл ұландай.
Елуде ел ағасы,
Аспандай биік санасы,
Сезген ердің келбетін,
Болмаған езбен таласы.
Елге жаққан ісімен,
Тіл тапқан барлық кісімен,
Жөнсіз сөзді тұсаған,
Шығармай тілді тісінен.
Жақсыдан сөз, сыр ұққан,
Қашқан бөтен қылықтан,
Лүпілін жүрек білдіріп,
Жанасқанды жылытқан.
Жастық гүлі солмаған,
Елуде бақ өрнаған,
Ақыл-теңіз тербеліп,
Жырдай сөзін толғаған.
Намысын ел қорғаған,
Жүгін ауыр қозғаған,
Ұрпақтарды мәпелеп,
Інілерін қолдаған.
Елудің сырын білемін,
Елуде ер боп түледім.
Елдігімді жайнатар,
Елулерім - тірегім,
Шабытымды ойнатар,
Елулер - жыр-жүрегім.
Елуім елге елеулі
Саулығыңды тіледім!

## Көкшеде көкаршындай қалықтадың

(Қапар Айтуғановқа)

Көкшеде көкаршындай қалықтадың,
Елді - елге хабаршы боп шарықтадың,
Нығайтып адамдықтың байланысын,
Халықпен тілдесуге жалықпадың.
Бұл күнге жеттің жиған барыңменен,
Асқар шың - азаматтық арыңменен,
Ағайын, өсіп-өнген ұрпағыңмен,
Сүйкімді Әлимандай жарыңменен.
Қапарым, текті ата, асыл ерім,
Ерлерге сендей елім артар сенім,
Жаныңа нәр, бойыңа қуат құйып,
Құлпыра берсін Көкше-кербез жерім.
Алпысқа келгенімен жасың бүгін,
Жас жігіттей ұстаған бойың тігін,
Ардагері ел сыйланған болдың міне,
Атандай өрге сүйрер өмір жүгін.

1995 жыл.

## Ақиығындай Оралдың

(Құмарғали Досовқа)

Арнадым жыр Алаштың
Құмарғали еріне,
Кіндік қанын тамызған
Ақжайықтың беліне,
Балалықтың базары
Жеткен жастық төріне,
Алматыда сайрандап,
Өрлеп білім көгіне,
Бұйырып арман әкелген
Кербез Кокше жеріне.
Еңбек етті еңселі
Көркейтуге ауылды,
Сыйлы болды еліне

Достан тауып бауырды,
Қой маманы атанып,
Жеді құйрық, бауырды,
Жылқы таңдап, бапкер боп,
Қосты топқа тәуірді,
Мінезімен, ісімен
Үйіре білді қауымды.
Ақиығы Оралдың
Ердің алып жасында,
Жастай сүйіп қосылған
Қадишасы қасында,
Бибігүл, Дәулет балалары
Болар істің басында,
Құда, туыс, дос, жолдас
Татқан дәмін қосында.
Құйылғандай Ақжайық
Сексен көлдей тасқынға.

1998 жыл.

## Мөнтік

(Жәпитке)

Ардақты, Жәпит, бауырым,
Қарауыл мөнтік баласы,
Еңбекте епті атанып,
Елдікке жеткен санасы.
Құрметті бүгін зейнеткер,
Көкшедей елдің ағасы,
Жан жары ұстаз Қазина,
Немере сүйген анасы,
Ағайын, туыс, достардың
Сөгілмей келген арасы,
Пейілімен тосқан дәм- тұзын,
Шаңырағында бар асы.
Алпыста айдай жарқырар
Жігіттің ерлік бағасы,
Алатаудай алпыстың

Шыңында тұр жарасып.
Мінезіңе мен қарасам,
Уа, Жәке, әлі баласың,
Көп ісіңе қарасам,
Саудаға сіңіп барасың,
Дегенмен жұрттың көңілін
Басқандай тамырын табасың,
Жырына еніп Иранның
Тарихында елдің қаласың.

1998 жыл.

## Үлгісі шенеунік сендей болсын

(Болат Жүнісовке)

Келіпті 60 жасқа Болат досым,
Есеппен өрге өрлетіп өмір көшін.
Жиылып ағайын, дос, жолдастары
Жұпардай аңқытады көңіл хошын.
Басшылық қызметте көп жыл болған,
Теңгені есептеуден өрнек салған,
Үлгісі шенеунік Болат па екен
Қомақты зейнетақы ойып алған?!
Тербеген қарағайлар, ақ қайыңдар,
Көкшенің көк желекті маңайы бар,
Жиналған осы өлкеге бауыр басып,
Омбылық қандастарым, ағайындар.
Бұл Омбы талай елге болған мекен,
Маған да нағашы ел, емес бөтен.
Кешегі студенттер, омбылықтар
Бір кезде Алматыны дүрілдеткен.
Бөлатым, жастық қайда сырласатын
Қыз іздеп Алматыда қырға асатын?!
Дембелше, шикі сары жігіт едің
Қыздарға қауқарың бар жармасатын.
Бұйырдың Нақияның құшағына,

Байландың Көкшетаудың тұсауына,
Кеңейсін алпыста арнаң ағындаған,
Көндікпей тар өмірдің құрсауына.
Алпыста ағалық ел жүгін артып,
Халқыңа еркелей біл сенім артып,
Ұмытпа Біржан салдың сөзін айтқан:
- Досыңнан қатын, балаң болмас артық.
Өтсе де жұмыста өмір есеппенен,
Ұсатпа мінезіңді кесектелген.
Досыңның тағы айтар бір тілегі:
- Кәрілік қызығын бірге көрсек деген.

## Не жетсін үлгіні елдік тойлағанға

(Амантай, Күмісжан мен Төңгежанға)

Ән-жырым көрінсе өнер додасында,
Тербелер кербез Көкше саласындай.
Арнауым шалқытады көңілдерді
Орыста Державинның одасындай.
Мақтайын ер азамат Амантайды,
Еріме айбынды алпыс құшақ жайды,
Даналық басқа қонып, ағарып шаш,
Салынды сәтті жолы ақжолтайлы.
Қыз мінезді жібектей сызылатын,
Жұмысы мығым әркім ұғынатын,
Алпыста толған айдай ақ жүзіне,
Әлі де қыз- келіңшек қызығатын.
Түсер де қайран жастық жиі еске,
Лаулаған махаббаты сол бір кеште...
Аққудың сыңарындай айдындағы,
Күмісжан аруы толды елу беске.
Жеткізген ердің басын алтын төрге,
Ұшырған балаларын асқар белге,
Күмісжан-асыл ана іскерлігі
Белгілі, айқындалды бүгінде елге.

* * *

Кеудемде күмбезделіп ән – ұясы,
Жүректі тербеп шаттық сөз қиясы,
Анамыз Ибагүлсін жүзге жетіп,
Төгілер толқып ән-жыр дәриясы.
Апамыз ақ тілекті жүзге келді,
Ғасырлық той-думанын көзбен көрді,
Тілегін "Бурабайдай" ауылының
Көл қылып жаратқаным бүгін берді.
Бақыты ана ұрпақ байлығында,
Шалқытып жасап жатқан тойды мына.
Апамның ақ батасы аққулардай
Сырғысын ұрпақтардың айдынында.
Зайражан он беске өріс бойлағанда,
Толыпты жарты ғасыр Теңгежанға.
Ұштасып ана, ұрпақ армандары
Не жетсін үлгіні елдік тойлағанға!

## Дос көңілі

(Амангелді, Берді, Бауыржан достарыма)

Дос көңілі-жүрегімнің шырағы,
Шабытымның алып ұшар пырағы.
Досым барда ойым өрлеп аспанға,
Әнім шалқып сауық-сайран құрады.

Дос көңілі-өзен тынбай ағатын,
Бас қосқанда кең арнасын табатын,
Ғашықтығым өмірге артып, шаттанып,
Байқатпайтын тық-тық еткен сағатын.

Дос көңілі-қайғырғанда тірегім,
Жігер қосар күш-қуатым, білегім.
Доссыз өмір-жапырақсыз ағаштай
Келтірмейді адамдықтың іреңін.

Достар, достар, қалтырмайық көңілді,
Дос көңілмен өткізейік өмірді.
Еркін елдік күйім тербеп адамды,
Достық әуен керней берсін көгімді.

## Жетісу өңіріндегі ұлан той

Талдықорғанға жол түсіп Қаракерей Қабанбай батырдың 300 жылдық тойына Көкшетау облысының делегациясының құрамында мен де болып келдім.

Бізді осы тойға облыстық партия комитетінің хатшысы Халел Құсайынұлы Серғазин басқарып барды. Делегация құрамында менен басқа облыстық кәсіподақ кеңесі төрағасының орынбасары Роза Молдабекова және өнер музейінің директоры Мәриям Кенжеахметова да бар еді. Жетегінде екі жеңіл "Волга" автомашинасы бар халық депутаттары Қапал аудандық Кеңесі төрағасының орынбасары жылы шырайлы жас жігіт Ерболат Омарұлы Асылханов Алматы әуежайынан алдымыздан шығып жылы құшағын жайды.

– Шаршап келдіңіздер, әлі алты жүз шақырым жер жүру керек, осы Алматыда Гауһар деген қарындасымның үйінен бір шай ішіп аттанайық, - деп құрақ ұшып жатыр Ерболат. Гауһар үйінде шайға отырар алдында Ерболат жөргекке құндақтаулы екі-үш айлық жиені Абылайхан атты нәрестені көтеріп алып келді. Нәрестеге ырым етіп бұл атты Ерболат пен Гауһардың әкесі Омар ақсақал қойған екен. Шіркін, қазағым, қонақжайлылығың, ырымшылдығың қандай жақсы еді. Осы кезде Халел Абылайханның бейнесі бар медалды сәбидің кеудешесіне тағып:

– Абылайдай бол, - деп тілегін айтса, Роза мен Мәриям да нәрестенің көрімдігін беріп жатты.

Осы бір сәтте бәріміз мәре-сәре болып қалдық. Гауһар қарындасымыздың ақ пейілімен ұсынған дастарханының дәмін татып, рахмет айтып, біз жүріп кеттік.

Жер жәннаты Жетісудың таулы-тасты, мөлдір бұлақ, сарқыраған өзенге бай өлкесіне жол бойы тәнті болып келеміз. Ақсу, Көксу, Лепсі өзендерін кесіп оттік. Жол бастаушымыз Ерболат жерді, елді таныстырудан жалығар емес.

– Мынау жатқан Сарыөзек, оң жағымыздағы бұрылыс жолдар Шоқан мен ақын Сараның мемориалдарына апарады, – деп түсіндіріп келеді жол жайын.

Енді көкорай тау жоталарымен жүріп келеміз. Жоңғар Алатауын жағалап, бірде жоғары өрлеп, бірде төмен құлдилап, кейде бір жағы тау, бір жағы терең құз болып келетін он алты

шақырымдық осы жол той өтетін Үйгентас деген жерге бару үшін арнайы салынған екен. Ана қойнауда да, мына жазықта да жайылып жатқан үйір-үйір жылқы мен отар-отар қойдан көз сүрінеді. "Осындай құнарлы жерлерді қасықтай қаны қалғанша қорғаған бабаларымыз-ай" - деймін іштей

Жерұйық бағлан қозы пісетіндей,
Ауасын қымыз қосып ішетіндей!
Япырай, қалай жеттік машинамен,
Жер екен тікұшақпен түсетіндей – деген шумақтар да орала берді тіліме. Міне, Үйгентасқа да жеттік. Сарқырай ағып жатқан тау өзені – Тентек. Жан-жағын тау көмкерген шеңбері үш-төрт шақырымдық жазық аланның бір жақ шетіне қарай тастардан үйіліп жасалған тобе бірден көзге түсіп еді. Бұл төбенің мынадай тарихы бар екен. Үйгентас Қаракерей Қабанбай батырдың мекені болған көрінеді. Бұл аланда Абылайхан бастаған үш жүздің батырлары жауын жеңіп келіп, талай той тойланған. Жауға аттанарда әрбір жауынгер өзі әкелген тасын белгіленген бір жерге тастаған. Жауынгерлер түгел жиналып біткен соң Қабанбай батыр үйінді тас тобеге қарап өз жасағының күшін білген. Жауды жеңіп қайтқан әр жауынгер жаңағы тас төбеден бір-бір тастан алып отырған. Ал, алынбай сол төбеде қалған тастардың санынан құрбан болған жауынгерлерінің санын, шығынның жобасын білген.

Үйгентас батырлардың тастары ма,
Ел үшін құрбан болған бастары ма?!
- Тағзым ет ер бабалар аруағына –
- Деп айтам кейінгі ұрпақ жастарыма.

Осылай жырлап тұрғандай, қасиетті, қасіретті жерім менің! Сайлардың саясында, төбелердің басына ауыл-ауыл боп, тойға арнап құрылған киіз үйлердің шамасы үш жүздей. Айналаға тап бір аққулар мен ақ шағалалар қаптап кеткендей әсердеміз. "Ақын Сара ауылы" деген жазуды көріп, көңіліміз толқып кетті. Үстіндегі киімі жалт-жұлт етіп, басындағы үкісі ырғалып, қарсы алдымызға үлбіреген бір қыз бала шыға келді де, ақын Сара апамыздың әнін шырқай жөнелді. Тойға арнаған шашулар да шашылып жатты. Бізді әдейі арнап құрылған киіз үйге кіргізді. Амандық сұрасып болғаннан кейін, Сара апамның сіңлісі Гүлмайдан қарындас әндетіп қарсы алса, Көкшеден келген Біржан Сал ұрпағы үндемей қала ма деген ой келді де, домбырамды қолға алдым:

Ардақты ел,
кербез Көкшем алыс қалды?,
Мен келдім қорғанына
тау мен талдың,
Ұрпағы Біржан Салдың
болғаннан соң,
Ауылында Сара апамның
айғай салдым ... – деп бастап, шумақтарды әнге қосып төге бердім.

Барған күннің ертеңінде тойдың ресми ашылуы болды. Үйгентас алаңының бір шетінен үлкен сахна орын алған. Халық алаңға әзер сыйып тұр десе де болғандай. Алаңдағы киіз үйлерден ауылдың күнделекті тіршілігі сезіледі. Ошақтарында түтін түтеп, өрісінде мал оріп, шөгіп жатқан түйе, байлаулы бие. Ойнап жүрген балалар, шай қайнатып, ас қамдап жүрген келіншектер, ат үстіндегі сауық-сайран құрған қыз-бозбала легі, әйтеуір, бәрі-бәрі жарасып-ақ тұр еді. Сонан соң Үйгентас алаңында бабаларымыздың ерлігін суреттейтін театрландырылған көрініс басталды. Алаңдағы тып-тыныш жатқан ауылды жоңғар, қалмақ әскері шапты. Ауыл іші у-шу, жылаған әйелдер мен балалардың үні, өртенген киіз үйлер, жылқылардың тұяқ дүбірі, боздағын жоқтаған ананың ащы зары жаныңды түршіктіріп, көзіңе жас келтіреді.

Міне, Қабанбай бастаған қазақ қолы келді. Қасында Бөгенбай, Малайсары, Шақшақ Жәнібек тағы басқа батырлар Қабанбай, Абылайханды қарсы алды. Қалың қазақ қолы елдің, Бұхар жыраудың батасын алып, қалмаққа құйындай тиіп, талқанын шығарды. Мыңға жуық салт аттылар қатысқан осы көрініс тойға қатысушыларға ұмытылмас әсер қалдырды. Осыдан кейін қонақтар арнаулы концертті, айтыс, қыз қууды, жорға жарысты, ат жарысын, 25 шақырымдық аламан бәйгені тамашалады.

Қапал ауданының әрбір ауылы бізді төріне шығарды, құрмет көрсетті. Ән мен күйде, толқыған биде шек болған жоқ.

## Ер Қабанбай 300 жылдығына

Көкшетау-ән шоқтығы, жыр мақпалы,
Мен келдім тойға алқа ғып жыр таққалы,
Қарсы алды Жетісулық бауырларым,
Ерасыл - ер Қабанбай ұрпақтары.

Көкшетау сөйлейді енді жырды ақтарып,
Тербеліп, әсем сазбен ырғақталып,
Біржан сал ұрпағы бөп боленейік
Жырына ақын Сара құндақталып.

Көкшетау сөйлейді енді тасып арың,
Қондырып көкейіне ел әннің нәрін,
Сәлем ал Көкшелік өр өрендерден
Шоқанға ортақ туыс, бауырларым.

Серпілсін қазағымның ойы бүгін,
Көкке өрлеп тәуелсіздік бойы бүгін,
Аруағы ер Қабанбай бір аунасын,
Құтты бөп үш ғасырлық тойы бүгін.

Қазақтар іс бастаған я құдайлап,
Өтті өмір қазағымның бағын байлап,
Нышаны жақсылықтың осы емес пе,
Көкшеден дүбір шыққан "Абылайлап"?!

Қабанбай-дарабозым, қолбасы ма
Бөгенбай-ел қорғаны, жолдасы ма!!
Әкелдім сәлемімді ән мен жырдан
Бурабай хан Абылай ордасынан.

Табынам қарт Бурабай киесіне,
Алатын бабаларды жиі есіне,
Қайтарды ұрпақтары орда атын
Ардақты Абылайхан иесіне.

Сенемін елді ойлаған ер күшіне,
Ерлерін ұмытпаған ел ісіне,

Айналар Бурабайда қойған белгі
Үш жүздің ынтымақтық белгісіне.

Абылай батырларды жыя білген,
Мінезін жұртты тыңдап тыя білген,
Абылай, ер Қабанбай, Богенбайлар
Қазақтың даласына сыя білген.

Ұстасам көк байрақты "Абылайлап",
Құлпырар тәуелсіздік бағы жайнап,
Күн туса ел басына қорғайтындай,
Туыстар тізе қосар "Қабанбайлап".

Толқындап жаңалықтың ағыстары,
Зардабы өткен заман алыстады,
Тіріліп ортамызға келіп жатыр
Қорғаны ел - алты алаштың арыстары.

1991 жыл

## Әнші Мұхит тойында

Ағайынмен кіші жүз
Құшақтасып, қол алдым,
Қиын-қыстау заманда
Туыс, бауыр бола алдым.
Үш жүз болып бірігіп,
Елдік, ерлік жол салдым.
Қосылып ән-жырымыз
Шыңына шықтым Оралдың.

Ақын болып ағылам,
Шамшырақтай жағылам,
150 жылдық тойында
Рухына Мұхит табынам,
Мұхит асқақ өнерпаз
Туған елдің бағына,
Арқа жақтан аңырап,
Әнін баба сағынам.

Көзі бар көңілі көреген,
Қолы ашық береген,
Туысым деп бауырлар
Баласын Арқа елеген,
Жасымнан әні Мұхиттың
Шабытына бөлеген,
Жүрек жыры аңсаған
"Қыз Жібек пен Төлеген"

Ақжайықтың саласы
Гүлденіп бүгін жарасып,
Тіріліп қайта келгендей
Мұхиттай ер баласы,
Ашылғандай жаңадан
Сал-серілік санасы,
Жалғасты ата ізімен
Арқа, Жайық арасы.

1991 жыл

## Ат бәйгесіне

Құттықта, елім, қуанып,
Бәйгеден бүгін озғанды,
Жүйрік боп жарап, сыланып,
Тұлпар боп мойнын созғанды.
Қазақтың асау жүрегі
Дүрсіл қағып қозғалды,
Тақылдап таңдай, айғай-шу,
Артында бәйге сөз қалды.
Тұлпарлардың тізгінін
Билей білсін білегім,
Құлагерлер тусын деп
Тілегін елдің тіледім.
Ел басына торланған
Бұлтты қуып жүремін.
Өзімшіл болмай өзеуреп,
Өрен боп өмір сүремін,

Тәуелсіз елдің бақыты
Туады ертең, білемін.
Тойлайды жұртым елдікті,
Арқаға қонған қыр елім,
Қасиетті жерге сай болып,
Алдыңғы шепте тұр, елім!
Уа, жарандар, жарандар!
Қаны қызу адамдар!
Тұлпарлардың дүбірін
Күтіп тұрған алаң бар.
Теңге алу, көкпарды
Тамашалап қараңдар!
Құлагерді тудырған
Кербез Көкше салам бар!
Озып тұр жорғам бүгінде,
Аламанды алам түбінде.
Сайгүлік талай туар да,
Елімнің солтүстігінде!
Тұлпарға мінген жігітпін
Жарысар құйын желменен,
Бәйгеге басты тігіппін
Намысты қорғап ел деген,
Көкбайрағы ел желбіреп,
Тәуелсіз ермін өрлеген,
Тілеймін тасқын, нөсерді
Ағыл да тегіл селдеген.
Көрмесе бәйге қазақтың
Қана ма көңілі шөлдеген!

1997 ж.

## Намыс пен сағыныштан жаралғандар

Құшаққа ен бауырларым, арлы жандар,
Шет жерден еліне аңсап оралғандар,
Бабалар аруақтарын тебірентіп,
Намыс пен сағыныштан жаралғандар!

Еркіндік, азаттықты жақтағандар,
Уыздай дәстүр-салтты сақтағандар,
Тәңірім бізді қолдап табыстырған
Қайырлы, құтты болсын ақ қадамдар.

Табысып бауырлармен сыр кешеміз,
Қуанып, асқақтатып жырды есеміз,
Басталған Түркістанда ұлы тоймен
Біз бүгін жүрек жарды үндесеміз.

Елбасым тағы да істі қолына алды,
Алуға азаматтық ақ жол салды,
Қолдаған әкімшілік бұл игі істі,
Қол созып бауырмалдық қамқорға алды.

Ерлерім қосылса елге тасқан нұрым,
Бас қосқан құрылтайым - жақсы ырым.
Бір өзі 45 үйді бастап келген
Нағыз ер Баят аға Жанатұлым.

Үлгілі ұстаз Бүркітбай Қырықбайым,
Маманым көнші- қонның білер жайын.
Сағидолла Бақытқан, Шайзада Болат-
Дәрігерлер ел қамы үшін жеген уайым.

Қазаққа жер байлығын нәсіп берді,
Бауырлар өз жеріне көшіп келді,
Қолдайтын бизнестің өр өкілі,
Мақтаймын Даханымдай кәсіпкерді.

Геолог, профессор Толеген Захай,
Ірі ұстаз, композитор Құрмет Сақай,
Риза боп туыстардың тірлігіне
Иран сал Көкшетаудан салған айқай.

Нық болсын қадамымыз алға басқан,
Кешпесін нәубетті енді халқым бастан,
Көтеріп мәртебесін Қазақстан,
Жұбымыз жазылмасын құшақтасқан.

20.10.2000 жыл

## Үкілі Ыбырай елінде

Мекендеген Көкшемде
Өмір сүріп өтсем деп,
Алып ұшып арманым
Оқжетпеске жетсем деп,
Сексен көлдей селдетіп
Жырларымды төксем деп,
Домбыра алып толғандым
Ыбырай елі Өскенде.

Жиналған жұрт, ағайын,
Қарасудың бойына,
Рухын ата тербетіп,
Шашу шашам тойына,
"Гаккуімен " ырғалып,
Бойлап жота, сайына,
Үкілімнің бейнесін
Елестетем ойыма.

Ұмытпай да ешқашан
Ыбырайдай тарланды,
Сағынды аңсап Жалғызтау,
Буырқанды, толғанды,
Шығармай үн сыртына,
Іштей налып қорланды.
Іздеп, таппай моласын
Елі Көкше зарланды.

Жаңарды да заманым,
Жағдайым өзгерді,
Даңқын ердің көтерген
Салтанатын көз корді,
Ашық шырқар әнінді
Еркіндеген кез келді,
Мұса, Кокен ақындар
Шәкірттерге сөз берді.

Көкірек керген ән-жыры
Қалған бізге аманат,
Дұшпандары жапсырған
Бекімеді жаман ат.
"Гакку" әнін шалқытып,
Түрлендіріп ғаламат,
Поэма ғып өрбітті
Кәкімбек- ер азамат.

1990 жыл

## Таразда

Мінекей, көрдім Тараз қаласын да,
Тудырған сан әулие саласында,
Атандым "Ардагері өнер" ел алдында,
Әндетіп өнерпаздар арасында.

Таразда ән Таластай ағып жатты,
Әуенім ән тыңдаған жұртқа жақты.
Қонақ қып берген дәмі Тұрсынайдың
Күш қосып көмекейді толқындатты.

Ақжарқын ер азамат Сағатбегім,
Ұрпағы Мәмбет ата, асыл тегі,
Пейілі жарық күндей нұрын төгіп,
Баурады сал жүректі туыстық лебі.

Жақсы екен Сағатбектің тұрмыс-халы,
Жан жары жан сүйсінер Тұрғанталы,
Үйінде ақ тілектің гүлін сеуіп,
Шалқыды Көкшетаудың асқақ әні.

Аруағы бір аунады Кенен бабам,
Көкшеге барып Кенен әнін салам.
Ерманжан, жалғап өнер, ән арманын,
Өрлетсін көкке әнші боп Абай балам.

23.01.2001 жыл

# Омбыда

Туған ел-алтын бесік Омбы жерім,
Тұрмысы жақсы, ауқатты, қонды белім,
Бұл күнде ардақтысың қазағыма
Бір кезде қоныстанған ата-тегім.
Қазақтың Омбыда арман-қиялы бар,
Бұрыннан қалыптасқан сый әлі бар,
Өзіңнен білім алып қанат қаққан
Шоқаным, Мағжан, Сәкен - зиялылар.
Өзіңнен таттым мен де кәусарымды,
Кеніңнен білім - өнер тау салынды.
Балалық балдәуренім еске түсіп,
Ауылыңа бұра берем аусарымды.
Тасқындап қуаныштан күйім, әнім,
Ертіске ән мен жыр боп құйыламын,
Қорымына "Қожа" елінің арнап барып,
Анамның аруағына сыйынамын.
Келгенде Омбы атты жыр- қалаға,
Баласы ақтармайтын сыр қала ма?!
Жолдаймын сәлемімді туған елге,
Есілкөл, Шарбаққкөл мен Тюкалаға.
Төгіліп Көкшеде әсем сазым ләйім,
Қалықтап, қанат жайып жазыламын,
Сәлем ал туыстардың жүрген жері,
Любин, Күрті, Тары, Назыбайым.
Ойласам Омбыдағы елдің жайын,
Ерекше еске түсер Қоянбайым,
Ұйымшыл, салтанаты арылмаған,
Құшағы ағайынға әркез дайын.
Басқарған Мағжан ерім Қоянбайды,
Елі үшін күш- жігерін аянбайды.
Тумаса мұндай ерлер ел бағына
Қазақтың ауылы құлаш жая алмайды.

## Көкшетау үлгілі істің бастамасы

Сал Көкшем, кербез Көкшем, сері Көкшем,
Қазақтың жұмақ мысал жері Көкшем!
Аңқыған жұпар иісті самалындай
Желпінем мен де өзіңдей ән-жыр төксем.

Ежелден қазағыма болған тірек,
Көкше деп соға берер біздің жүрек,
Жырлары Мағжан, Сәкен жол көрсетіп,
Тұрғандай Абылайхан бата тілеп.

Көкшетау үлгілі істің бастамасы,
Достасқан талай елдің баспанасы,
Ерекше құрметтейтін елбасымыз
Бұл күнде Ақмоланың астанасы.

Ерлердің топ бастайтын серкесіндей,
Көз тартар Оқжетпестің өркешіндей,
Ұрпақтың салтанатын бастап жүрмін
Халқымның аялаған еркесіндей.

## Ауылым

Талай заман соғып тағдыр дауылы,
Не көрмеді қазағымның қауымы?!
Қызықтаған балдәуренін балалық
Жүрегінде әрбір жанның ауылы.

Қоныс теуіп тұрсам да мен қалада,
Аңсар ауып, шыға берем далама.
Азып- тозған бұл күнде ауыл келбеті,
Мұңдасқандай ана қарап балаға.

Ауыл жақтан жұпар иісті жел ескен,
Қанған құмар көзге ыстық елестен!
Көшіп кетсе айрылардай анамнан
Көз алмаймын ел жақтағы белестен.

22.04.2001 жыл

# Туған елге арнау

Әндетіп желдей ескен қарқынменен,
Найзағай - өмір өтер жарқылменен.
Тұрғанда бойда қуат сарқылмаған,
Жиірек жүздесейін халқымменен.

- Қойсаң да болады енді Иран әнді -
Деп біреу кейде маған құрған заңды.
Мен болсам құдай қолдап қуатымды,
Әніммен арайлаймын әрбір таңды.

Шіркін- ай, алыстады жастық күнім,
Әндетсем алпыс жаста болмас мінім.
Өнерін сал-серілер жалғай берем,
Бұлбұлдай өле-өлгенше таппас тыным.

Аман ба, халқым жарқын, инабатты,
Бас иді алдыңда ұлың ұлағатты.
Аман ба ата-баба мекендері
Бестамақ, Үлкен, Кіші Қарои атты.

Аялар туған жердің кенді алтының,
Сөнбейтін ұшқынымын мен халқының.
Омскауи, Смағұл, Ғаббас даналардың
Отаны сенсің Ақжар - ақ жарқыным.

Фәниден өтті ардагер Жаналы аға,
Арқада ән жорғасы алтын таға,
Қайғырып көңіл айтам туған елге,
Ағаның шәкірті боп алған баға.

Ақыным, әншім, сазгер, Тыныштығым,
Тербеген ән-жырмен ел тыныштығын,
Кешегі Көкен ақын шәкіртісің
Түскендей тастөбеден сөзің мығым.

Аспандай алып алпыс жастан астық,
Жұлдыздай жарқыратып әнді шаштық,

Біржан Сал, Ақан Сері, Үкілі Ыбырай
Сал-сері онеріне біз жалғастық.

Болғанда мен - Иран сал, Тыныштық - сері,
Қолдаған қасиетті Көкше елі,
Құшағын қалың қазақ жаятындай,
Әндетсек еркелейтін дайын төрі.

Кәкімбек, Көкен ақын, Мұса дарын,
Үлгі алған ағалардан әнші Кәрім,
Сөлардан көпір салып жөлына ұрпақ
Төгейік алдарында ән-жыр нәрін.

Кен қазып, жырды толғап, әнді салдым,
Аралап талай елді алғыс алдым,
Биылғы Біржан жылы құтты болсын,
Аруағы бір аунасын Біржан Салдың.

180 жыл толды деп Көкшетауға,
Әндетіп халқыма айтам сауға,
Ежелден даңқы асқан кербез Көкше
Өр Алтай, Атырау мен Алатауға.

170 жыл толады Біржан Салға,
Ұлы ұстаз сал-серілік құғандарға,
Уа, халқым, әннен кенде болмайсыңдар
Көкшеде Тыныштық пен Иран барда.

## Наурыз

Наурыз – жаңа жыл келді,
Жарқыраған күн келді,
Жан - жануар серпіліп,
Шат - шадыман күйге енді,
Қыз - көктемім құлпырып,
Дархан далам түрленді,
Толғатып жер, бусанып,
Жасыл желек гүлденді.

Наурыз – көктем,
Нұрын төккен,
Өміріме гүлін сепкен.
Ақ мол – ырыс,
Ақ жол – жүріс,
Еркіндіктің самалы өпкен.

Наурыз көже татырған,
Татулыққа шақырған,
Көңілімді көлкітіп,
Сексен көлдей толтырған.
Ата - баба үлгісін
Жаңғыртып ел сән құрған,
Шашуымды шашайын
Сал - серілік ән - жырдан.

## Тұсау кесер

(Ақылбек пен Алмаға)

Кербез Көкше, сұлу Көкше бойында,
Аталардың, әжелердің
тілектері ұрпаққа айтар ойында.
Сол тілектер сексен көлдей,
сексен көлдей ағылды
Даниялдың тұсау кесер,
тұсау кесер тойында.

Қайырмасы:
Тұсау кесер, тұсау кесер, көңіл өсер –
осы той,
Әнге басып билеңіздер,
билеңіздер жазып бой.

Ақылбегім бүгінгі елдің ағасы,
Еңбегімен, табысымен айқындалған
азаматтық бағасы.
Жасап жатыр жиеніне,
жиеніне ұлан той
Даниялдай сәбиіме,
сәбиіме нағашы.

Қайырмасы:

Сәбиге әже, Ақылбекке жар - Алма,
Нәзік ана – егіз – егіз, қос құлындар
мәңгілікке нәр алған.
Жақсы қасиет жиеніне,
жиеніне әрқашан
Ата, әже нағашыдан,
нағашыдан таралған.

Қайырмасы:

Туған елім, тұсауын ер кесесің,
Даниялым, енді ертең құлын-тайдай
құйындатып кетесің,
Тұсауыңды Көкше жұрты,
Көкше жұрты кескесін
Арманыңа асқар таудай,
заңғар көктей жетесің.

Қайырмасы:

Кекіліңнен сипады елім, жас құлын,
Адамдықтың, адалдықтың көкке өрлетер
өркендетер шаш нұрын,
- Ешқашанда ала жібін
адамдардың аттама –
Деген сақта қазағымның,
қазағымның дәстүрін.

Қайырмасы:

# Аужар

Қыз ұзату бүгін той шаттандырар, ау-жар,
Құдаларды қарсы алып баптандырар, ау-жар,
Сүйгенімен қосылған Әселжанды, ау-жар,
Тереңкөлдей құтты елге аттандырар, ау-жар.

Ата – ананың ақ пейіл асыл жаны, ау-жар,
Қолдау тапты екі жас қосылғаны, ау-жар,
Ержетіп жас үй болып, отау тіксе, ау-жар,
Ата үлгісін өмірге асырғаны, ау-жар.

Әселжаным қызы ерке асыл тектің, ау-жар,
Жүректегі миуасы Асылбектің, ау-жар,
Сұрап алмай рұқсатын кетеріңде, ау-жар,
Асылбектей әкеңнің жасын төктің, ау-жар.

Анасы Айша қосылып жылап алды, ау-жар,
Орамалын көл болған бұрап алды, ау-жар,
Жолын біліп қазақтың, басын иіп, ау-жар,
Кешірімді құдалар сұрап алды, ау-жар.

Екі жасқа тілейік бақытты омір, ау-жар,
Шалқытатын отауды шаттық көңіл, ау-жар,
Отаулармен өркенді өсіп - өнсін, ау-жар,
Қазақстан – еркін ел, байтақ өңір, ау-жар.

Сүйсінгендей озіңе ел, кәрі жасым, ау-жар,
Әсел қызым, алдыңнан жарылғасын, ау-жар,
Судай сіңіп, тастай бат барған жерге, ау-жар,
Өшпес шамы өмірдің жағылғасын, ау-жар.

Үлгілі бол еліңе сыйланатын, ау-жар,
Іс түспесін басыңа қиналатын, ау-жар,
Екі жаққа қуаныш бірдей болсын, ау-жар,
Әрқашанда тойларда жиналатын ау-жар.

## Көңіл айту

(Апам Зейнепке)

Дүниеден кімдер өтпеді,
Кәрі өліп, жас көктеді,
Шалқыған талай дөйлерің
Арманын қуып жетпеді.
Аяқтамаған көктемін
Қыршын да жастар көп пе еді?
Реттеп тағдыр сызығын,
Бір алла бәрін шектеді.
Апа, қайтты балаңыз,
Жүрекке батты жараңыз,
Көрші боп көңіл бөлеміз,
Құлазып бірге санамыз.
Қайғыға жанып, күйесіз,
Жаратқанға бас иесіз,
Шүкірлік қылып қалғанға,
Бөбекті Аян сүйесіз.
Ләззаттай сөніп шырағы,
Жүрегі ана жылады.
Айтамыз көңіл бәріміз:
— Сау болсын Аян ұланы!

*2000 жыл*

## Жұбату

(Қалимаға)

Дүниеден өтті, Қалимажан, жан-жарың,
Көресің енді құдайдың басқа салғанын.
Ертерек еді бақилыққа оту Қасенге,
Дер кезі еді қызықтайтын оскен балаларын.

Сызығы адам жаратқан алла қолында,
Өлшеулі қызық көретін омір жолында,
Арманын Қасен орындалмаған тірлікте
Көтерсін шыңға ұрпағы қалған соңында.

Басшылары "Жайық" Мұқтарың мен Асқарың,
Күтетін үміт өнерлі, өрен жастарым,
Ата-баба қасиеттері дарыған
Түсінетін ерді, адамның сырлы астарын.

Арайлы нұрды тілеймін ұрпақ таңына,
Шұрайлы кіріс тіршіліктегі қамына,
Әкесін көрген, сыйласқан өмір төрінде
Аға болып үн қосам іні жанына.

01.2003 ж.

## Жас ұрпағыма

Жас ұрпағым,
Сенсің жалғар елдікті,
Елің үшін
Жасар жарқын ерлікті.
Ата--баба
Үлгісінен нәр алып,
Бар адамзат
Игілігін өрбітті.
Сендерсіңдер
Еркіндіктің жалауы,
Жүректегі
Жанған оттың алауы,
Еңбегіңді,
Өнеріңді Отаныңа сыйласаң,
Өздеріңнен
Аумас халық қалауы.
Жас ұрпағым,
Тілеймін саған амандық,
Нығая берсін
Тәуелсіз елдік қоғамдық,
Өрісің кең,
Самғар көгің биіктеп,
Жақсылықтан
Таймасын басқан табаның.

25.10.2000 жыл.

## Сағындым Сарыарқаның елін, ерін

Сағындым Сарыарқаның қыраттарын,
Сағындым Ұлытаудың бұлақтарын,
Сарысу, Жезді, Кеңгір бойындағы
Жайқалған жаз жайлауда құрақтарын.

Сағындым жез киіктер шоқырағын,
Қарсақбай, Байқоңырдай атырабын,
Ежелден құт-береке өсіп- өнген
Құнарлы майлы олке топырағын.

Аралап жазғы жайлау, жайылымды,
Көрдім мен ырысты елден қайырымды.
Жұғымды асы болған төрт түлік мал
Таң қалдым көріп сүтті шайырыңды

–Арқада егіз туған Арғын, Найман,–
Деп бастар еді-ау сөзін ақын Тайжан,
Көкшеден Ұлытауға дауысы жетіп,
Бата алған Үкілі атам Ыбырайдан.

Ұрпағы Тайжан бабам Жәлел ме екен,
Көңілін нағашыға бөлер ме екен?!
Туыстық қарым-қатынас Көкшетаумен
Қазақтың елдігіне дәлел ме екен?!

Жез толқын, жез дария ағысындай,
Жезқазған көзге ыстық танысымдай,
Сақталар ұрпақтарға мәңгі ескерткіш
Қазақтың данасына Қанышымдай.

Жезқазған көне тарих елді мекен,
Қанышым көзін ашқан кенді мекен,
Көп ұлттың ұландары өрнек салған
Шынайы шын достыққа белгі ме екен?!

Жезқазған кеннен құрған қамал ма екен,
Бақытын еңбекте ұрпақ табар ма екен?!
Жалғаған Қанышымның өрелі ісін
Василий Штифанов ағам ба екен?!

Ғимарат шахталарым көкке ұмтылған,
Кең сарай соғылғандай аңыз-жырдан,
Қыруар сол еңбектің басында тұр
Инженер, басшы, марқұм Виктор Гурбам.

Өтер де ғасыр, жылдар, талай айлар,
Аңыз-жыр, тарих болар талай жайлар,
Жезқазған көк тасымен бірге аталар
Рүстем, Мұхит, Ғазиз, Далабайлар.

Өмірге келер талай әкім, бек те,
Айтпаспыз елге бәрін жақын деп те,
Төгілген ән-жыр болып ықыласы ел,
Инженер, ақын, сазгер Кәкімбекке.

Шыңырау жер астынан кенін алған,
Өлкемде Жезқазғанның теңі бар ма,
Қайнатып қазанында Қарсақбайдың,
Жайнатып жалынды жез өнім алған?!

Мән беріп достығына халықтардың,
Жұлдызын жарқыратқан алыптардың,
Ұмытылмас еңбектері есіл ерлер –
Балғабай, Жолдасбек пен Садықтардың.

Мақтанам ерлеріммен құрған бәрін,
Төгілер соларға арнап жырдан нәрім,
Еңбекте комбинаттың көркі еді
Кешегі Әубәкір мен Тұрмандарым.

Қасымхан, Сидоренко, Дембергендер,
Жаңарған техникаға дем бергендер,
Абыройды түсірмеген ізбасарлар,
Бүгінгі ұрпақты да кем көрмеңдер.

Жерінде қазақ көп ұлт тамырланды,
Келді де еңбегінің бағы жанды,
Көк жалы күдірейген арыстандай
Еске алмас кімдер басшы Тамерланды?!

Қайнаған мыс еңбектен жаратылды,
Әлемге сапалы боп таратылды,
Басқарған жұмысын кен бас инженер,
Мақтаса артық емес Маратымды.

Аялап Сарыарқадай кенші жерін,
Сағынып Жезқазғанның кенші ерін,
Барғанда хан көтеріп қарсы алды
Сейсекем ағам ұсынып құтты төрін.

Сапарда Сарыарқаның самалы ескен,
Керуені өнерімнің сайран кешкен.
Ұлытау Көкшетаумен құшақтассын -
Дегені Камалтиннің кетпес естен.

Көсемі Сарыарқаның Камалтинім,
Ұланы еркін дала артқан сенім,
Баулыды қыран құстай елдік іске
Жұмамади, Мұса сынды шәкірттерін.

## Жезқазған

Жезқазған Сарыарқада ардақты елім,
Көк тасы - еңбегі асыл салмақты ердің.
Жастығым қызыл мыстай алаулаған
Қызығын шаттық өмір жалғап келдің.

Жезқазған- елім-ай,
Сарыарқа - жерім-ай,
Ерліктің белгісі,
Елдіктің – ер күші,
Асыл тас – кенім-ай.

Жезқазған Ұлытаудың биігіндей,
Көз тартар Сарыарқаның киігіндей,
Қазақтың данышпаны Қанышымның
Жасаған еңбегінің түйініндей.

Жезқазған жаралғандай күн көзінен,
Алдым мен шалқар шабыт бір өзіңнен,
Айбынын ұрпағыңның көргендеймін
Шахтаңның көкке атылған күмбезінен.

## Көтерген елдігімнің ауыр жүгін

(Қазақ ұлттық техникалық университетінің 70 жылдығына)

КазГМИ, КазПТИдің түлегімін,
Мен де бір алтын қазған күрегімін,
Бүл күнде оқу ордам-университет,
Тұтқасы елде инженер тірегінің.

70 жыл толды алтын ұямызға,
Аттанды мыңдап шәкірт қия, құзға.
Меңгерген техниканы инженерлер
Айналды Отанымда жыр-аңызға.

Біреуі ел билесе, бірі ғалым,
Басқарған кеніш жұмыс орындарын,
Жазушы, композитор, әншілер де
Ішінен инженерлер шыққан дарын.

Қаныш пен Дінмұхаммед даналарым,
Ордамды аялаған ағаларым.
Өмірхан, Машани, Евней ұстаздардың
Туған ел әспеттеген бағаларын.

Ректор Байқоңыров Өмірханым,
Теңіздей білімі терең, нәзік жаным,
Оқуды бітіргенде: - Қал-деп еді,
Өнерін сүйіп шәкірт, салған әнін.

Шрубко, Медведев дәрістері
Көгінде шәкірттердің өрістеді.
Жетекші Никифоров - әкеміздей,
Жасаған қамқорлығы, көп істері.

Жыр етсем атап барлық ұстаздарды,
Айтқандай бітпес қисса, дастандарды.
Кешегі студентім бүгінгі ұстаз,
Ұмытам неге үлес қосқандарды?!

Бір Борис, екі Марат, Ақылжаным,
Қарсы алған инженерлер ғылым таңын.
Паш етем Баязитов Нариманның
Қазақша оқулықтар шығарғанын.

Көтерген елдігімнің ауыр жүгін,
Ауадай инженерлер қажет бүгін.
Үлгі етем болашақ жас инженерге
Низовкин,Тамбиевтер іскерлігін.

Біздің топ шығарды көп таланттарды,
Тапқырлық,еңбегімен төпты жарды.
Салсаң да қай салаға қалқып шығар
Мақтаймын Дауылбаев Ермандарды.

Түсінем жер қопарған кенші ойын,
Еңбегін жойқын, жалын думан-тойын.
Сан жылдар біте қайнап мыс қазанда,
Орадым алтын тонға абыройын.

Жезқазған - жез теңізім ұлым десе,
Көкшетау алтын күн боп күлімдесе,
Шабытым шыңыраудан шаттық тартып,
Желкені жел көңілдің нұрымда есед.

Қаныштың ұлы ісіне үлес қостым,
Евнейдің даналығын көріп өстім,
Тербеткен Ұлытаудай ұлт бесігім
Белсенді мүшесімін ұлы көштің.

Кәкімбек ел ағасы, сазгер, ақын,
Желдірткен жезкиіктің аңыз-даңқын,
Кеншілік табыстырып екеумізді
Аға іні, ұстаз-шәкірт болдық жақын.

Ардақты елбасымыз Нұрсұлтаным,
Оған да ұнап еді салған әнім,
Инженер-металлургі Теміртаудың
Бөлеген от-жалынға атқан таңын.

Сезінсем ән мен жырдың жүрегіндей,
Сарыарқа, Көкшетаудың түлегіндей,
Түсінем кенші ағалар үлгісі деп,
Нұр жауған інісіне ақ тілегіндей.

Ризамын кеншілердің пейіліне,
Бөлеген ұлын елдің мейіріне,
Кеншілік – жігер, қуат бұлағындай
Шыққанда ән мен жырдың сейіліне.

1 наурыз 2004 жыл

## Серпілткен жер қойнауы салтанатын

Көкшеде сары алтын асыл затым,
Васильков кен байыту комбинатым.
Көтерген шаңырағына ширек ғасыр,
Серпілтіп жер қойнауы салтанатын.

Ерлерім комбинатты басқарғандар,
Жаналы Сағитовтай хас тарландар.
Өнерін кенші инженер жалғастырған
Ғани мен Хасен, Байбол топ жарғандар.

“Васильки” - деп геолог қойған атын,
Комбинат шығарады кенді алтын,
Гүл жарып кең далада келеді өсіп,
Сезгендей кенші қауым махаббатын.

Алтынға сіңген кенші маңдай тері,
Атанды бүл күнде еңбек ардагері,
Қажырлы қайратындай кенші қауым
Әндетсем жалындаған мен бір сері.

Әлі де жүргендеймін топ ішінде,
Көкшенің алтын сарай кенішінде,
Соғылған жез, алтыннан мол мүрам бар,
Ән – жырмен жарқылдатқан ел ішінде.

Әлі де ілескендей кенші көшке,
Кешегі еңбек жөлым түседі еске,
Овечкин, Федоренко, Мурзин ерлер
Бүл күнде айналғандай нүрлы елеске.

Бір кезде бас инженер Тельмандарым,
Көрсеткен үлгі - өнеге кенші дарын.
Үстаздық салған жарқын іздеріндей
Інілер Мүбәрак пен Мараттарым.

Сіңірдім бойға ағалар өсиетін,
Түсіндім елдің қамқор – қасиетін,
Бағасы еңбегімнің деп білемін
Сәлемін орыс – қазақ бас иетін.

## Үланы Тарбағатай тауларының

(Мүбәракқа)

Інімдей ер азамат, Мүбәрәгім,
Жүзінде еркелеген ерлік сағым,
Үрпағы ер Қабанбай, қүтты болсын
Елу жас – ерлік шыңы, алтын тағың.

Кеншісің ағалардың жолын қуған,
Көкшенің алтындатып кенін жуған,
Үланы Тарбағатай тауларының,
Ақбасты шыңды Алтайдай асыл нудан.

Бірісің өрге ұмтылған өрен жастың,
Елуде күн көзіндей нұрды шаштың
Мағрифа қарындаспен қос аққудай
Ұя қып Көкшетауды бауыр бастың.

Аралап кербез Көкше салаларын,
Білемін ер ұрпаққа нәр аларын.
Қасиеті Көкше дарып өсе берсін
Даниал, Айгерімдей балаларың.

Жас кезде мен де Алтайды аралыдым,
Ақиық өрендерін бағаладым,
Солардың жалғасысың көңілдегі
Бейнесін мәңгі ұмытпас ағаларың.

## Ат үсті кездесу

(Әзірхан мен Гауһарға)

Әзерханым - Сарыарқаның нұрындай,
Гауһартасым - сұлулықтың сырындай.
Ат үстінен мына сәтті кездесу
Ұрпаққа үлгі достық аңыз жырындай.

Көкше дәмі - сере қазы жегізген,
Айтылған сөз, ол да шығар семізден.
Тарлығы уақыт шалқытпады, әйтпесе,
Даналықтың түбі терең теңізден.

Әз ағамсың, ғалымсың кең әлемің,
Кездескенде ой маржанын теремін,
Аман болып жеткізе бер осылай
Сарыарқаның желдей ескен сәлемін.

Құшақ жайып Әзекеңдей асылға,
Іні тосар көңіл дәмін, асын да,
Жұптарыңыз жазылмаған сәнімен
Сұлу жеңгем жүре берсін қасында.

## Еркелетіп елім қойған атым бар

**“Өзге емес өзім айтам өз жайымды”**
(Қасым Аманжолов)

Бірде:

“Жігіттер Иран сал деп атын қойды,
Құбылттым өлең, әнмен думан тойды,
Біржан Сал, Ақан Сері болмасам да,
Көңілді көтеремін серпіп бойды” – деппін.

Бұл XX ғасырдың алпысыншы жылдары Онтүстік кенішінде кен инженері болып қызмет істеп жүрген кезде айтылған еді.

Осы бір шумақ өлеңнен басталатын әніме себеп болған жиын әлі көз алдымда.

1969 жылдың жазы. Жезқазған кеншарының шетінде орналасқан “Төртінші километр” деп аталатын ауыл іші, Буфеев Әбдіраман деген кенші ағамыз Ленин орденімен марапатталып, үйінде үлкен той болып жатты. Сол тойға атақты Жезқазған кеніштерінің басшылары, көптеген жас кен инженерлері шақырылды, ішінде мен де бармын. Әрине, домбыра ала бардым. Ортекедей ойнақтаған отыздағы жас кезім, сұратпай, кезі осы-ау деген тұстарда әнге баса бердім. Мол дастархан жайылған Әбекеңнің кең үйінде де, орындықтар қойылған тап-таза үй ауласында да ән шалқып, жанға жайлы жазғы самалмен бірге таратылып, маңайды тербеп жатты.

Әбекеңнің өзі де майталман күйші, термеші, білекті сыбанып тастап, күйлерді маржандай төгілтіп, терменi нөсерлеттіай келіп. Делебесі қозған қыз – келіншектер, жарқылдаған жігіттер дуылдап, даланы жаңғыртып жібергендей. Той аяқталуға да жақындады. Ауладан үйге кірсем, мені көрген жұрт шулап қоя берді. Қырық бесінші номерлі шахтаны басқаратын кен инженері Қайролла Қанафин ағамыз мәселені “тігінен” қойып жатыр екен.

– Ал, мына Иранға Иран сал деген атақты беруге қол котеріңдер - деп өктем сөйлейді. Біреулер қарсы шығып жатыр:

– Әлі жас, беруге болмайды, анасы, мынасы келіспейді ...

Ақыры у-шу шатаққа айналатын жайды сезгесін мен:

– Рахмет, ағалар, кеншілер, мен атақ алайын деп келген жоқпын, дауласпаңыздар, Әбекеңдей ағамыздың інісі болып, тойының шашпауын көтеріп жатқаным ғой – деймін.

Бұл күнде марқұм болған, қайран, аяулы аға, ардақты кенші Әбекең тұрып: - Әй, жігіттер, дауды қойыңдар. Мен мына Иранды сырттан көріп, естігенім болмаса, жақсы танымаймын. Домбырасын ала келгенде, мына мендей күйшіні, өлеңшіні басынғаны ма деп намыстанып та қалдым. Иран домбырасын бірге алып жүруге жарайтын жігіт екен, өзі Кокшеден, есімі де, әні де, сәні де Біржанға ұқсап тұр, мен қарсы емеспін – деп еді, қызып алған жұрт енді одан сайын дуылдап, мәселені қол көтеріске салды. Иран сал деген атақ берілсін деп көпшілігі жеңді. Осы тоидан кейін бірге қызметтес боп жүрген белгілі өнерпаз Шынболат Ділдебаев, инженер-энергетик Яхия Асатов, тағы басқалары Иран сал деген лақап атымды елге жайып жіберді. Ол кезде ондайға мән бермей шұрқырасып, шауып жүретін кез.

1973 жылдың жазы. Шахтының астынан шығып, "ламповая" деген бөлмеде жер астында қолданатын шамымды тапсырып жатсам, шамды қабылдайтын кезекші әйел:

Сізді Жезқазған қаласына, қалалық партия комитетіне шақырып жатыр – деді. Түстен кейін Жезқазған қаласына жеттім. Қазақтың атақты ақыны Ғафу Қайырбеков бастаған бір топ жазушы, журналистер Жезді, Ұлытау, Қарсақбайды аралауға мені күтіп отыр екен. Сол сәтті сапар туралы Ғафу ағамыз 1973 жылдың бесінші және жиырма алтыншы қазанындағы шыққан "Қазақ әдебиеті" газетінің беттерінде "Ұлытау сені көргенде", "Қара қазан Қарсақбай" атты мақалалар жазды. 1981 жылы "Толассыз толқын" атты кітабына да аталған мақалаларын енгізді.

Сол шығармаларында бұл күнде марқұм болған асыл аға Ғафаң мені аспандатып мақтапты. "Жас серігіміз, инженер, әрі аса жақсы әнші", "... Иран сал еркелеп ..." - деп жазғандары қанатымды қатайтып, әншілік, ақындық, азаматтық жігеріме жігер қосқандай болып еді. 1978 жылы шыққан "Беласар" атты өлеңдер мен поэмалар жинағында "Қойшы ауыл" деген олеңінде мен туралы жазып кеткенін бертін білдім.

"Жас бағланды былқытып,
Ыстықтайды жер ошақ.
Отыр күйді бұлқынтып
Домбырашы Ираншах.
Сері көзін лақтырып
Босағада балдызға,
Қарайды сұм қалт тұрып

Даладағы жалғызға.
"Қойшы жігіт ..." - дегендей,
Қойшы ауылдың еркесі,
Қалтырайды томендей
Қолындағы кесесі.
Осындайда, шіркін-ай,
Күй-бір тылсым, ән-арбау,
Қалар қайтып бұлқынбай
Кеудеңдегі жанар тау!"

Осыдан кейін Алматыда Ғафанды бірнеше рет кордім, сәлем бердім.

– Сен өлең жазасың ба? - деп сұрағанда, "жәй, ептеп", - деп қана күлімдеуші едім.

1984 жылы Алматыда Торғайдың ақын қызы Жадырамен теледидардағы айтысқа барғанда, Ғафаң Төрғай жағының жанкүйері болып, бізді айтысқа шығарып салғанда да, құшақтап, жақсы корген құштарлықпен бетімнен сүйгені де есімде.

1994 жылдың жаз айында бұрынғы Көкшетау облысының Степняк қаласында Біржан Салдың 160 жылдығы аталынып өтті.

Мен сол тойда Біржан Сал атамыздың "Сырғақты" әнін шырқадым және атамызға арнап "Біржан Сал" деген ән шығарып, ел алдында орындадым. Жұрт өте жақсы қабылдады. Осы тойға кешігіңкіреп Ғафу ағамыз да жетті, менің ән айтқанымды ести алмай қалған екен. Той артынан Көкше ақыны Баянғали Әлімжанов ініміз біраз адамдарды үйіне қонаққа шақырды.

Баянғали: - Аға сіз де қалмаңыз, тұратын жерім 16 шақырым Кеңащы ауылында, ауылға апарып, Көкшетауға қайтатын автобус бар – деді. Жазушы ағамыз Естай Мырзахметов, ақын Төлеген Қажыбаев, сол кездегі облыстық мәдениет басқармасының бастығы Мұрат БІдырысов, тағы басқа өнерпаздар Баянғали үйінде бас қостық. Барсақ Ғафу ағамыз жеңгеймен сол үйде қонақтап жатыр екен. Біраз әнгімелесіп, жай сұрасқаннан кейін, мен озімсініп: "Ғафа, жаңа менің әнімді естімей қалдыңыз, атамызға арнап "Біржан Сал" деген ән шығарып едім, шырқап жіберейін" - деп бастап кеттім. Ағам бір дүлдүлге мініп көңілі өскендей, орнынан қозғалақтап, шабытты әсерге берілді де кетті. Ән бітісімен:
- Әй, жігіттер, мына ән нағыз Біржан Сал атасының мәнерімен шығарылған екен, Иранға "приз" бердіңдер ме?! – деді. Сол тоида мені кейбіреулер шеттетіп, ән байқауында бас бәйгелерін

қимағанын, тойға келтірмеуге әрекет жасағандарын қайдан білсін. Бірақ ұлы жүрек сезіп тұр, сұрағы болған істің үстінен доп түскендей...

– Бір емес, екі құмыра берді, - дедім.

– Иран-ай, екі құмыра демей, қос құмыра десең қатып кетеді – деді.

Сонан соң Есағаңа қарап, маған 20 жыл бұрын Жезқазғанда кездесіп, сал деген атақ бергенін, оны шығармаларында келтіргенін айтты, Баянғалидың ақындығын мадақтап отырды.

Бұл күнде осындай жақсылық шарапаты көпке тиетін, алдыартына қарамай тура айтатын дана ағамен тіршілікте көбірек араласа алмағаныма өкінемін.

Ғафаңның ұлылығы ұрпақтарды жалғастыратын нәзіктерді шын жүрегімен сезіп, ата-бабадан келе жатқан мұраны таза қазақ болып тануында, оны бағалауында, ұрпаққа үлгі етуінде.

Қайран, аға, жүрегіңнің бір бөлігін маған беріп кеткендей мәңгі есте сақталасың.

1998 жылдың күзі. Нағыз алтын күз, күннің көзі де жаздың шуағын адамзатына төгіп тұр. Көкшетаудағы “Құлагер” кафесінде Қасқырбай Сейдахметов дегенініміздің 50 жылдық мерейлі тойы басталып та кетті. Тойды мен арнаумен ашып бердім.

Айналайын, Қасқырбай!
Сырғанайды жас тұрмай,
Елуге де кеп қалдың
Кейінгі толқын, тасқындай.
Ағаларың сүйеді
Інісін ел бақытындай,
Жымиып сен де тұрасың
Жанасқанды жатсынбай.
Елеген елің жолың бар,
Басқарған талай төрің бар,
Зеректігің зерделі,
Ақылмен самғар өрің бар.
Құрметтейтін інілер
Сөзіңді айтқан орындар.
Аялаған ұрпағың,
Гүлнәзия келін бар,
Шеберісің қыл қалам,

Өнерде салар мөрің бар,
Математик-мұғалім,
Ұстазсың шәкірттерің бар.
Топ бастаған жасынан
Өзіңдей пысық ерім бар,
Үлгі алып, жастарым,
Қасқырбайдай болыңдар!
Кербез Көкше – анамыз,
Айыртау – туған салаңыз,
Қасиеті қолдап ұлдарын
Өнерде өсер бағамыз.
Біржан, Ақан; Ыбырай –
Табынатын бабамыз,
Жалғастырып іздерін
Жыр толғап, әнді саламыз,
Ел көркі болар бұл тойға,
Көптен күткен асыға,
Мәриям жеңгем қасында,
Келді Кәкімбек ағамыз,
Алматыдан Әшірбек,
Бұрабайдан Сапарбек.
Айта алмас қазағым
Бұлардың тегін осал деп,
Көркейтіп тұр тойыңды
Екі бауырың қатар кеп.
Ауылдан келді ағайын,
Мұндайда қалай жатар тек.
Армия әкім келіп тұр,
Қуанышқа қосар леп.
Құттықтайды тойыңмен
Жолдастарың, достар көп.
Жалғасып жүзге қызығың
Ұзақ ғұмыр, сапар шек.

Осылай тойдағы тілек сөздер ән, бимен жалғаса берді. Жиынның бір кезеңінде қазақтың ардақты ақыны, қоғам, мемлекет қайраткері, композитор, Жезқазғаннан таныс асыл аға, ұстаз Кәкімбек Салықов мені өзінің жанына шақырып алып, бір шумақ өлең жазылған қағаз ұсынды да:

– Иран, сен енді бұдан былай Иран салмын деп ұялмай ашық жырлай бер, мына бір ауыз өлеңге тағы шумақтар қос, Кәкімбектің інісімін дегенді ұмытпа, сонан соң әндете бер, - деп сөзінің аяғын ағалық әзілмен бітірді. Сондағы Кәкеңнің жазып берген бір ауыз өлеңі:

"Көкшенің ақтангері Иран салмын,
Ұрпағы Ақан Сері, Біржан Салдың,
Үкілі Ыбырайдай гаккулетіп,
Еліме бақыт тілеп жүрген жанмын".

1999 жылы 60 жасқа толған тойымда Кәкеңнің айтқанын орындап Көкше жұртына "Иран сал" деген жаңа әнімді ұсындым. Сонда Кәкеңнің өлеңіне жалғағаным мынау еді:

"Қаройдың әндеткен кең тынысымын,
Ұшқыны кенші қауым үлгі ісінің,
Қазақтың жезтаңдайлы жезкиігі,
Ардақты Кәкімбектің інісімін.
Жүрмеген қамын ойлап құр басының,
Елімде жақсы – жайсаң сырласымын,
Жүздесіп, кездескенде ән-жыр төккен
Президент Нұрсұлтанның құрдасымын"

Менің лақап атым туралы шындық осы. Ағалардың маған берген бағасын Арқаның сал-серілерінің қазақ өнеріндегі шоқтығы биік ән мұрасы сақталса екен, ұрпаққа дарып, қазақтың диапазоны кең, саналы сөздерге құралған, асқақ та, ерлікке, елдікке шақыратын, табиғатқа табынатын, махабатты балқытатын әуез-әуендері шалқи берсе екен деген баршамызға арналған тілектері деп қабылдаймын!

## Бұл дүние кімнен қалмас жинағанмен

(Марат Жаркеновке)

Өтті ме лаулап жастық сайран құрған,
Білдірмей серілікпен қаққан жайраң?!
Достар да бара-бара сирейді енді,
Айрылдық, міне, Тұрман достан қайран.
Асылдың орны барда білінбейді,
Тұрман дос жылағанмен тірілмейді,
Аруағы жан жолдастың бізді жебеп:
-Сыйлап жүр бір-біріңді тірің-дейді.
Бұл дүние кімнен қалмас жинағанмен,
Өтеді фәни жалған қимағанмен,
Кетпейсің алып бәрін бұл жалғаннан,
Күпсініп кең дүниеге симағанмен.
Осылай көңіл айтам, Марат, досым,
Шалқысын қуанышпен құтты қосың.
Тілеймін ұрпағыңа түлеп ұшқан
Бармақтай бақ пен таудай талап қонсын.
Сен ата, Күләш енді апа болды,
Ешқашан ұмытпайық ата жолды,
Қайырлы болсын барлық қуанышың,
Жүрекке асқақ ән- жыр, бата қонды,
Маратым, инженерсің шыққан атың,
Сау болсын Талғат, Дәурен - қос қанатың,
Қарсы ал қосағыңмен қоса ағарып,
Қызығын немерелер басталатын.
Сарыарқа, Жезқазғанды елім дедім,
Көкшетау сал-серілік төрім дедім,
Бүгінгі сал, төре енді шалға айналып,
Табатын бабын болсын келін дедім.
Тағы елге достық бір із салып кеттім,
Сауабын аруақтардың алып кеттім.
Тірлікте қуаныш, қайғы бір жүреді,
Басын да қызық - думан шалып кеттім.

1991 жыл

## Тағы да достың рухына

(Тұрман рухына)

Қайран, досым!
көрдім тағы үйіңді,
Шалқыдым тағы
алғандай сенен сыйымды.
Тағы келіп
думандатып жатырмын
Түсінетін өзің ғана
нәзік достық күйімді.
Отырмын тағы
жанында Жүкеш жарыңның,
Шарабын ішіп
ұрпаққа берген нәріңнің.
Жарқын бейнең,
үлгі - өнегең нұр төгіп,
Сезгендеймін
лапылын жастық жалынның.
Естисің бе
асқақ ән мен жырымды,
Ел алдында
ерлік, елдік сырымды?
Құшақтадым
көріскендей өзіңмен,
Бетінен сүйіп
мейірлене ұлыңды.
Қуандым ұлға
отырған елдің төрінде,
Шырқадым әнді
Сарыарқа – сайран елімде.
Жалғастырып
армандарын ұрпақтың
Қалқиды рухың
ғарышқа самғар көгімде.
Күтеді елім
ерлікті енді Мұсадан,
Тұлғасымен, мінезімен
тап өзіңе ұқсаған.
Әке болып
қосылдым мен де тілекке,
Қолдасын бізді
жаратқан алла, жасаған!

## Жүруші едік жайраңдап

(Ораз Рыспековтың рухына)

Ораз досым іскер ед,
Аузынан елдің түспеп ед,
Кенішінде Жезқазған
Бірге қызмет істеп ед.
Қызықтап жас өмірді
Жүруші еді көңілді,
Азаматтық ерлігі
Ісінен барлық көрінді.
Сарыарқада сайрандап,
Жүруші едік жайраңдап,
Өтті, кетті жастық шақ –
Бақыт қонған, қайран, бақ.
Көкшетауға қос тіктім,
Ұмытпадым достықты,
Айрылғанда досымнан
Баса алмадым өксікті.
Бәрі ісі ғой алланың,
Аман болсын қалғаны.
- Келе алмадым тойыңа -
Деп, телефон шалғаны.
- Көкшені әлі бойлаймын,
Тойды барып тойлаймын,
Қызым қайын – жұртымда,
Табыстыруды ойлаймын –
Дегенің есте, күлгенің,
Риза боп құлақ түргенім,
Ақырғы сөз, қоштасу
Болғанын мен білмедім.
Аңсап досты жыладым,
Көңілін Клара сұрадым,
Аманжол, Гүлнар үйінде
Әкедей сайран құрамын.

Ұрпақ құлаш жайғанда,
Еске алып ерін ойлар да,
Ораздай ер болды дер
Бағаналы найманда.
Қарауыл Иран болды дер,
Жезқазғанға қонды дер,
Шалқып Ораз, Ирандар
Ырысы ел толды дер.
Кеңітіп өмір арнасын,
Иран ән-жыр арнасын.
Еркін заман толқындап,
Жастар бізді жалғасын.

## Анар тойы

Жезқазған шаттығындай ән мен жырдың,
Өзінде шалқып жастық сайран құрдым,
Жетелеп ұлы достық от-жалыны
Тойына ұрпағымның келіп тұрмын.
Отаны қасиетті Тұрман ердің,
Байлығы қазыналы туған жердің,
Сен десем тербеледі аққу сезім,
Жарқырап айдынында көңіл-көлдің.
Біргемін мәпелеген сыйды елімен,
Кеудемде шаттық үнің күйге өрілген.
Құшайын төс қағысып кеншілерді
Жайдары қабағынан күн көрінген.
Ерлерім, қиындыққа қайыспаған,
Еңбектің нөсерінде жай ұстаған,
Құшаққа ен, ауылдастар, армандастар,
Шаттықтың қызығынан қалыспаған.
Мен келдім тойына қызым Анарымның,
Тұрманның рухы жебеп жанар үлгім.
Жүкешжан, көңіліңе тірек болып,
Көкшеден дем қосатын самалыңмын.

# Жаңа отау

Ержетіп кешегі бөбек Болат бала,
Құрылды ел алдында отау жаңа.
Өтті той дүрілдетіп Жезқазғанда,
Тебірентіп аруағын Зиннан аға.
Қазақтың заманында болған ері
Зиннанның мұрасы – ел үлгілері,
Әкепің орнын басып Болат ұлы
Атанды бүгінде аға мұрагері.
Болатым қанат қағып өр қияға,
Сыйлады бақыт ана Шәмшияға.
Отырмыз біз кетті деп қыз қияға,
Құдалар қонды дейді ұл ұяға.
Қондырып алтын құсын Болат қолға,
Өрлейтін өнегелі түсті жолға.
Құдалық оң сапарың құтты болды,
Құрдасы Нұрсұлтан ер, Әбиболла.
Үйінде Мұхамбет пен Әлияның,
Шалқиды қуаныштан салған әнім,
Баязит құда атаның батасымен
Құлпырар құрылған жаңа отау сәні.
Отауын Болат пенен Анар құрған,
Қолдасын рухтары Зиннан, Тұрман,
Ордаға ұбірлі-шұбірлі, думан – тойлы
Әндетіп келіп тұрсын атасы Иран.

# Барады сиреп ағалар сапы айбынды

## Жалынын жастық қанды соғыс жалмаған

(Рахмет Сыздықов рухына)

Елдігім еркін жарқыратқан ай, күнді,
Мінездер ерлік сейілтер баста қайғынды.
Ерліктің кені, адалдықтың сарайы,
Барады-ау сиреп ағалар тобы айбынды.
Жалынын жастық қанды соғыс жалмаған,
Тәрбиелеп жасты үлгі - өнеге арнаған,
Дүниеден өтті Рахмет аға – ірі ұстаз,
Ақ көңілінің ақ қанаты талмаған.
Көнтерлі болды өмірде ер төзімі,
Адамды тартты жылы шыққан сөзі - үні,
Ұмытылмас аға жаз жайлаудай нұр - жүзі,
Көлбеңдеп ұшып, обектеген сезімі.
Сапарға ақтық туған елі жиылды,
Қайғырып туыс, таянады бүйірді.
Талдыкөліндей жақсы көрген жерінің
Топырағы торқа жамылуға бұйырды.
Бақыл бол, аға, асыл еді бағаңыз,
Жазуына тағдыр, белгілі, келмес шамамыз.
Орманнан қалың қалған жалғыз емендей,
Жабырқап тұрды Рахымжандай ағамыз,
Серігін жоқтап қалды Маңғаз апамыз.

2001 жыл

## Ерлікті жалғар ұрпағың боп өтеміз

(Сердалы Ешмұхамметұлы Есжановқа)

Өмірден өтті
ағамыз сыйлы Сердалы,
Тыншыды мәңгі
тұлғалы ұлдың өр жаны,
Жоқтайды жылап
Нәукедей нәзік ақ жеңгем,
Үлгілі шаңырақ,
ақ отаулары ордалы.

Адамзат жауы
    сүмдармен фашист айқасқан,
Оралып елге,
    қажымай еңбек – шайқастан,
Ерлігіне ер жерінде, туған елінде
Куә болған күн мен
    тербеткен бесік айлы аспан.
Жалынды жүрек
        оранып отқа, тау басқан,
Мойымай кетті
            созылған ұзақ науқастан,
Жеңе алмай ауру,
            шыңына шығып 80 жас,
Фәниден өтті
            мінезден ерлік қайтпастан.
Жеңгелерінің еркелеткен ер Сарыұлы,
Ержүрегі ел,
            атаның айбын нар ұлы,
Шашылған нұры
            буырқанған жалын - өмірдің
Тоқталды енді
            тасқындап аққан ағымы!
Бауырым, қош бол,
            ағасы елдің, тәтеміз,
Қалдырған мұраң -
            шындыққа тартар төтен із.
Даңқыңды, аға,
            рухыңды елім аялап,
Ерлікті жалғар
            ұрпағың болып өтеміз.

2001 жыл

## Жақсылығын жасап үлгерген

(Шаймерденов Сұлтан рухына)

Тағы бір аға бұл фәниден
            бақилыққа аттанды,
Күлімсіреп қарсы алушы еді
            арайланған ақ таңды,

Бала мінезі қауқылдаған
тұратындай нұр төгіп,
Ақ көңілі жүрегінде ел,
ағайынның жатталды.
Жақсы көрсе адамды аға
шаттанушы ед ғажайып,
Шығушы еді ақ жүрегінен
ақындыққа сөзі лайық.
Сыйластығынан үлгі - өнеге,
мұра қылып алатын
Жақсы ағалар күннен күнге
бара жатыр азайып.
Соның бірі, бірегейіндей
Сұлтан еді, жарықтық,
Соңғы жолға шығарып салып,
қайғы жайлап, қамықтық,
Артында қалды іскер ұлан
Мұрат атты ұрпағы,
Істеген істер жемістері,
ой – арманы халықтық.
Аман болсын қосағы аға
Дәмен – асыл жеңгеміз,
Ұмытылмайды салған аға
ерлік үлгі, төрдегі із.
Атымтайдай жомарттығын ер
талай жасап үлгерген
Аңыз – жыр қылып таратамыз
ұрпақтарға елде біз.

28.05.2001 жыл

## Ақ халатты абзал жан

(Жамкен Құдайбергенов рухына)

Жәмкенім,
Жәмкен ерім, қандай едің?!
Жігіттің жарқыраған маңдайы едің,
Құлшынып жан – дүниең ән мен жырға,
Дос – жаранға сүйкімді балдай едің!

Ақ халатты дәрігер, абзал жаным,
Ауырғанға сыйлаған ақ таңдарын,
Ақынжанды жүрегің алып - ұшып,
Қондырғандай шыңға ұрпақ армандарын.
Жанын жеген жан едің,
асыл затың,
Көкшетауға белгілі Жәмкен атың,
Жақсылыққа құштар ең шын пейілмен,
Жақсы сөзді айтуға асығатын.
Жанасқанға, қайран ер, құшақ ашқан,
Ұрпақтарға шарапат, нұрын шашқан,
Аман болсын артында Орал жеңгем,
Абай ұлы әкенің орнын басқан.

14.06.2003 жыл

# Отбасым, туыс, ағайын – жанға сая, алтын күмбез сарайым

## Жаңа 2003 жылға

Жылда – жылда жаңа жылым
жас қосып жасқа келіп тұр,
Шүкірлік, тәуба жаратқанға,
бұйырған нәрін беріп тұр.
Жаным таза, көңілім маза,
мінезім асау пендемін,
Қолдап халқым салиқалы
өнерге салдық сеніп тұр.
Жаратқанның, халқымның
құлшынған мен де құлымын,
Жарап жүрген керегіне,
қалауына ән мен жыр үнім.
Келтірмей кір кетсем болды
жалғанда мына өмірден
Атағына заңғар, сүйетін қазақ
Көкшедей кербез ұлының.

Аман болсын сүйген жастан
Рәзия асыл жан жарым,
Жан жарымның қолдауымен
еңбекте, түзде самғадым.
Өсе берсін ата-аналық
абырой мен қасиет,
Қызықтайтын ісін бала,
өрлейтін өрге арманым.
Гүлжамал, Жанар – қос аққуым
айдынында ақ көңілдің,
Ұлым Ерлан – тірегім бұл,
шырағы қалған өмірдің,
Үлкен Ерлан орнын басқан,
құлыншағым, кіші Ерлан –
Көрігіндей шаңырақтың,
еңсесі биік төрімнің!
Қос қарлығаш, қос тұлымшақ,
Әзиза мен Маликам,
Жаңа ұрпақ, жаңа заман,
жаңа толқын, жаңа ән.
Алтындайтын, мадақтайтын
ата-әженің өмірін,
Әкелер бақыт
арайланған еркін елдік жаңа таң.
Қиындықпен, қызығымен
барады өтіп дәуренім,
Біріктіруге маңайымды
шақырып күнде әуремін.
Жанарымның жан жолдасы
көңілі жарқын азамат
Жанымда жүр күйеу балам
Орынбор ері Дәуренім.
Шашырау үшін маңайыма
төгетін шуақ сәуледей,
Мүмкін емес бойды жазу,
шырқамай әнді "әу" демей,
Жүдеп көңіл, жабырқап та,
жабыдай мүлгіп қалады,
Маңғазданған тобырды көрсем,
сарсаңға түскен әуредей.

Сол үшін, бауырым,
шараптан ептеп алайық,
Ескі жылда артта қалған
қуаныш та бар, бар да айып,
Суға түскен сергек жандай,
тазарып рухым адамдық
Жаңа жылға жаңа адамдай
жаңғырып бірге барайық.
Жаңа жылда жұртқа саулық,
Отанға бақыт тілейік,
Сырып тастап күйбең күйді,
баладай ойнап-күлейік,
Көркейетін елдік құрар
ынтымақты нығайтып,
Уа, ағайын, тату – тәтті,
бірігіп елмен жүрейік!

## Күніңмен туған, жан жарым

Күніңмен туған, жан жарым,
Қосылған аңсап арманым!
Алғасын сенен нәрімді
Қанатым менің талмадың,
Ұрпаққа ана, әже боп,
Өмірін ата жалғадың.
Шамшырақ қылып ақылды
Туыстық сырға арнадың.
Парасатыңа бас иді
Қатынасқан жан, бар маңың,
Өмірдің озған салтынан,
Ұрпақты қолдап, қалмадың.
Қиындық түссе басыма
Бола алдың қамқор – қорғаным,
Мінезіңмен ерлік көрсетіп,
Айтып та билік толғадың,
Өзіңдей тірек болғасын
Алдында елдің жорғамын,
Сұлуым сендей болғасын
Түспейді көктен талғамым.

Діңгегі алтын өзіңдей
Қасиет қонған ордамын,
Өмірімді, ән мен жырымды
Бір өзіңе, сәулем, арнадым.

## Апаң, атаң асығып күткен бұл таңды

(Ұлым Ерланға)

Қуанып ұлымның ер жеткеніне,
Үн қостым аққудайын көктегі үнге,
Аяқтап білімді орта балаларым,
Соғылды соңғы қоңырау мектебінде.
Жасампаз еркін елдің түлектері,
Соғады елмен бірге жүректері,
Баянды бақыт, ұзақ ғұмыр берсін –
Ақ бата, ата-аналар тілектері.
Қадірлі қалың жұртқа, ұстаздарым,
Шәкіртке құя білген білім нәрін,
Құлындар басын иіп бәріңізге,
Ұмытпас құтты ұядан ұшқандарын.

* * *

Ерланжаным, карашығым, құлыным,
Тұнығысың Иран әке сырының.
Кәмелеттік куәлікке ие боп,
Құлпыртасың әрін ата нұрының.

Мектепті орта аяқтады балам да,
Шыққандаймын байрақты ұстап алаңға.
Ұл-қыздарым бағына елдің жаралған,
Жасампаздық толқын жаңа заманға.

Иран тегін бастайтұғын уланым,
Төгіледі жолыңа сенің жыр-әнім,
Тербеп сені Көкшетауым өсірді,
Алтын қазық, байланар ер тұрағым.

Тәрбие берген үлгілі Көкше мектебің,
Ұмытпа мәңгі білімнің нәрін сепкенін,
Абыройын сақта ата-ана, ұстаздың,
Жақындайды сонда арманың, көктегің.

Әлдилеп сені,
уйқтатқан сипап арқаңды,
Атаң, апаң
асығып күткен бұл таңды.
Тай-құлындай
шұрқырасқан, тебісіп,
Аялай біл өскен алтын ортаңды.
Құшып мені
күткен асыл арманым,
Соғылғандай мұнара мықты, қорғаным,
Кәмелеттік оқуды жақсы бітіріп,
Университетке
грантпен түсті Ерланым!

21 маусым 2001 жыл

## А с

20 жыл болды
бірінші Ерлан
бұл өмірден өткелі,
Көкірегі шерлі,
көл қылып жасты
ата-анасы төккелі.
Екінші Ерлан
тірілтіп ата
тұманданған үмітін,
Мұңайған көңіл
көктемін көріп,
гүл жарып қайта көктеді.
Болмайды екен
өмірде шаршап,
болмасты ойлап налуға,

Бейнесі ұлдың,
күлкісі күндей
мәңгілік есте қалуда.
Ағайын, достар!
Еске алып ұлды,
асына бүгін шақырдық,
Салтымен қазақ
оқытып дұға,
баталарыңды алуға.
Болсын қабыл
жасаған дұғам,
тосқан елге асым да,
Ақ тілек ойым,
ақ ниет дәмім
алпысқа келген жасымда.
Тайқазан қорға
садақа салып,
оқыдым дұға ұлыма,
Түркістандағы
Қожа Ахмет Иассауи
баба басында.

2002 жыл

## Гүлжамалым – Әзизам

Гүлжамалым ерлік жасап
кандидаттықты қорғады,
Білім, жігер қолдап оны,
қиялы ұшқыр талмады,
Жарқыратып ойға сәуле,
ізіне жүрген нұр төгіп,
Жаратқаным жолын ашып
құлшынған жанын қолдады.
Гүлжамалым! Ой қуаты,
мінезі тартқан өзіме,
Іскерлігі, шапшаңдығы
көрінген елдің көзіне,

Ұлы істің бастамасы
дөп келді жаңа ғасырға,
Ор қояндай орғытатын
37 мүшел кезіне.
Қуанады өрлігіңе
өзіңе қамқор ата-анаң,
Ағайын-туыс, дос, жарандар,
жанасқан жақсы жат адам,
Қабыл болды тілегіміз,
шүкірлік, тәуба етеміз,
Құр қалмаппыз тектіліктен,
аталар берген батадан.
Әзиза - құлын!
Ол да кепті қасиетті мүшел – он үшке,
Жаратып бір
қосатындай
ертеңгі бәйге - өріске,
Кокшедегі орта мектеп
оқуын беспен бітіріп,
Бізді тағы куантатын
жеткізсін өмір жеңіске.
Гүлжамалым!
Бұл өмірдің намысын қолдан бермедің,
Қанаттанып,
қыран қонар
биікке беттеп өрледің,
Бағын ғылым
баптай білсең
суарып білім нәрімен,
Жана берер сөнбей шырақ,
бұлақтың көзі еңбегің.
Жарқырады шаңырағым,
гүлденді қоныс-тұрағым,
Дүбірлетіп
алға шықты ұрпақтың жүйрік пырағы.
Гүлжамалым!
Жаңғырғандай атамыздың қасиеті,
Желбіреттің
көк байрақтай
ту қылып ұрпақ ұранын!
18.10.2001 жыл

## Мүшел жас

(Маликаға)

Мүшел жаста Маликадай құлыным!
Тәтті әлдиі Иран ата жырының,
Апасының еркелеткен ботасы,
Сәулесіндей жастық нұрлы күнінің,
Жаңа өмірдің жаңа толқын арнасы
Құдай жазса, табар ағын жалғасын,
Тойбастары осіп-өнер ұрпақтың,
Шалқытатын Дәурен-Жанар ордасын.
Ағасының қызықтайтын шырағы,
Нәзік сезім, күй сандықтың тұрағы,
Әзизадай қарлығашпен қосылып,
Шырқалатын үрпағымның жыр-әні.
Ұзақ қылсын ғұмырыңды, бөбегім,
Өміріңді қуанышпен оремін.
Қызығыңа талай-талай куә боп,
Үзілмесін шаттық әуен, өлеңім.
Қуат берсін жаратқаным бойыңа,
Адамдықтың нұрын шашсын ойыңа.
Жылда-жылда жиналайық бәріміз
Құттықтауға туған күннің тойына.

19.04.2003жыл

## Жасыңнан жырға қосқаң, Құралайым

Анамның аялаған жалғыз қызы,
Ұмытылмас сені көрсем ана жүзі,
Айырылып анадан ерте қасірет шегіп,
Батқандай қара жердің батпан сызы.
Сол сыздың дымқылы әлі кетпегендей,
Қуаныш коз жасыңнан көктегендей,
Өмірдің бұлты торлап аспаныңды,
Шайылып күн жарқырап кетпегендей.
Жасыңнан жырға қосқан Құралайым,
Жылаған ана жырын айтқан сайын,

Бұл күнде немерелер қамын ойлап,
Жайлаған жүрегіңді шерлі уайым.
Келесің алға ұмтылып жігеріңмен,
Аналық аллалаған тілегіңмен,
Жемісін еңбегіңнің көргендеймін
Еркекше балға ұстаған білегіңнен.

## Бөлісейік туыстық көңіл үзіп нәрін

(Бақытжан ініме)

Бақытжан, құтты болсын елу жасың,
Көтерген асқар шыңға ердің басын,
Аман боп бала – шаған, сүйген жарың,
Қөбейе берсін дос пен жан жолдасың.
Бас ием қызметтес достарыңа,
ГСК – жаңа шаңырақ қостарыңа,
Бәрің де генерал боп "лампас" тағып,
Киіңдер папах – борік бастарыңа.
Адамдық биіктерге бойлаңыздар,
Алпысты, жетпісті де тойлаңыздар,
Тәуелсіз ел-жұртыма қамқор болып,
Елдікті азамат боп ойлаңыздар.
Істерің жауларыңды жығып жүрсін,
Көңіліңнен туған елдің шығып жүрсін,
Жарқылдап ақыл – ойлар найзағайдай,
Қулар мен алаяқтар бұғып жүрсін.
Дәм жазып Көкшетауға көшіп келдің,
Қызмет бабыменен өсіп келдің,
Қолдасын ата-баба аруағы
Қарауыл ішіндегі мөнтіктердің.
Иран мен Иран-ғайып ағаларың,
Сусындар айдын көлдей жағаларың,
Құрдастар, кейінгі ұрпақ, інілер бар,
Ұмытпас алдарында аға барын.
Әндетсем басын иген халқым маған,
Бұл Иран бостан босқа шалқымаған.
Бақытжан, елу жаста күндей болсаң,
Айдай боп Шолпан келін жарқыраған.

Қазақтың сұлулары ай болған ғой,
Нұр шашып ақындарға ой салған ғой,
Шолпандай ерді сыйлар, елді ойлар
Келінге әдеп, ақыл сай болған ғой.
Ер болсаң жақсыны үйде жарың бастар,
Сыйластық, азаматтық арың қостар,
Шолпандай қосағыңмен қоса ағарып,
Гүлденіп, өсіп-онсін қарындастар.
Білмейміз болашақтың сызып бәрін,
Бөлісейік туыстық көңіл үзіп нәрін,
Коруге жазсын, інім, алдымызда
Бәрімізге немерелер қызықтарын.

наурыз, 1996 жыл

## Тегіне тартқан сүйегі мықты, жаны асыл

(Дастан Хасеновке)

Сарбұлағым – қайнар жүрек бұлағы,
Ел тірегі Дастан ердің тұрағы,
Сүйген ұлын 70 жасқа асырып,
Тағы бүгін думан-тойын құрады.
Қарсы алдым қуанып елдің жыр-таңын,
Бозторғаймен бірге әнді шырқадым,
Аруақтары ата-баба кешегі
Жебегендей өсіп-өнген ұрпағын.
Алтын бесік, самалы ескен аймағым,
Бал татыған саумал қымыз, қаймағың,
Пайғамбардай күйеулерін сыйлаған
Ұмытылмас мәңгі құшақ жайғаның.
Дастан аға еңбек жолын өріпті,
Ерлік іспен ұрпаққа үлгі беріпті.
Бола берсін осындай ер әр елде,
Ежелден ел ерлерімен корікті.
Дастан аға қадірлейтін қайнағам,
Пір тұтатын аяулы ауылым, айналам,
Тіршілікте сыйластыққа не жетсін
Ерінің ел жетістігін тойлаған!

Шүкіршілік, жеттік еркін өмірге,
Не жетсін шаттық, думандатқан көңілге,
Ұрпақтарға бақыт берсін баянды,
Арытып абырой, кіріп елдік сенімге.
Не қыламыз ауылдың аяң өсегін,
Қуат берсін ойыма жастық кешегім,
Қанышезер надандықтан сақтасын,
Күліп атар азаматқа кесегін.
Ағаға қарап, ізгілікпен өсемін,
Құшағында ел, шалқытып шабыт, есемін,
Білмегенін надандықтың түсініп,
Ағайынның тілеймін аман-есенін.
Сарбұлақтың тосқан дәмін татамын,
Нәрін жұтам аспаны биік жотаның,
Жатқан шығар тебіреніп рухы
Алтын сақа – Әйемдей асыл атаның.
Әке ісін балалары жалғады,
Дауылдардан қанаттары талмады,
Орындалды ойлағанның бәрі де,
Берген бата, айтқан Әйем арманы.
Дастан аға елге қамқор, жанашыр,
Шайжамалы өскен ұрпақ анасы,
Жасай берсін ұрпақтары Әйемнің
Тегіне тартқан сүйегі мықты, жаны асыл.

## Ауылдан келген қонақ ойы

Елден келіп қалаға
Тәртібіне бағындым,
Көрсем де сый-құрметін,
Мал жайлауды сағындым.
Даланы боран жайлады,
Қар басып жолды байлады,
"Плен" болған немістей
Соры елдің қайнады
Соры ауыл қалыңдап,
Қайталанды биыл да,
Жолды ашар тірлік жоқ
Быт-шыт болған ұйымда.

Ауылым сайран қауымым,
Кешкен тірлік дауылын,
Еркін өмір шалқытқан
Аралда қалды ауылым.

## Әке жолын сен де жалғап келесің

(Қайрат Тұрлыбековке)

Дәрігер Қайрат,
атағың бар ғалымсың,
Көкшедегі
ер азамат, нар ұлсың,
Көңілденіп,
күлімдеп сен тұрғанда
Мына дүние
қалай ғана тарылсын?!
Қайран, әкең
бауырмал еді аңқылдақ,
Сөйлеуші еді
даналардай саңқылдап,
Әке жолын
сен де жалғап келесің,
Істеріңе
нұр жауғандай жарқылдап.
Игі істерің
елімізде еленді,
Мамандығың
құрметіне ел бөленді,
Көрсек дейміз
тағы еңбек жемісін,
Ел басқару
тұғырынан сені енді.
Қуанышқа
құшақты кең ашамыз,
Жарқын үнге
үнімізді қосамыз,
Шаңырақта
жетіп қалған ұл-қыздың
Асыға біз
қызықтарын тосамыз.

## Жүректер бірге соғар ұрпақ үшін

(Құдалар Жетпіс пен Зураға)

Ардақты Жетпіс құда, сәлем бердім,
Ой толқып, жүрек тербеп өлеңді өрдім,
Ақ жолың азаматтық ел көркіндей,
Қайырлы болсын, алпыс жасқа келдің.
Тілейміз әуелі сізге денсаулықты,
Дана жол ақсақалдық болсын құтты,
Жігіттік жасын қайрат жасымасын,
Қолтықтап, қолдап жүрер ақ жаулықты.
Алпыс жас асқар шыңы азаматтың,
Қамтыған өнерін бүкіл адамзаттың,
Үзілмей жібек жібі қайран өмір,
Нәзігі жоғалмасын жастық шақтың.
Ақжарқын Зура атты құдағиым,
Әндеткен құдағиға бөлек сыйым.
Құдажан, қосағыңмен қоса ағарып,
Баптай бер құдағидың көңіл күйін.
Зуражан, қыз күніңдей сыландайсың,
Жетпісжан, аңдып тұрған қырандайсың,
Жарасып алпыстың ақ кемесінде,
Жұбайлар серуенін құрғандайсың.
Бәйтерек — балалардың тірегісің,
Баулыған құстай ата түлегісің,
Ұрпаққа шертіп сырды жеткізе бер.
Елдіктің ертеңгілік тілегі үшін.
Тойыңа бара алмады құдаң Иран,
Дәл бүгін дәм жазбады, оған илан,
Сүйемін айқара ашып құшағымды,
Көкшетау, Қазақстан елім сыйған.
Кездесіп, көп нәрсені көргендейміз,
Құда боп, құдай қолдап өрге өрлейміз,
Жүректер бірге соғып ұрпақ үшін,
Оларға "Эстафета" бергендейміз.



*Иранның жанұясы. Отырғандар солдан оңға қарай: жұбайы Рәзия, қызы Жанар, Иран. Тұрғандар: үлкен ұлы Ерлан, үлкен қызы Гүлжамал.*



*Халық ақыны Көкен Шакеев пен Иран Тасқара.*



*Халық қаһарманы Қасым Қайсенов пен Иран сахнада.*



*16 жасында қайтыс болған Иранның үлкен ұлы Ерлан 11 жаста.*

## Сыйлаймын азаматтық салтанатын

(Әсет Жакуповқа)

Бөлмеймін інілерді алыс-жақын,
Сыйлаймын азаматтық салтанатын.
Ағамын құшақ жайған туған елім,
Ұрпақтың қамын ойлап толғанатын.
Күтемін әркез сәлем інілерден,
Қазақта іні – кіші сәлем берген.
Сәлем – нұр жақсылықтың бісмілләсі,
Сәлемнен қалмас әке жолын көрген.
Иесі сондай сәлем Әсет інім,
Сыйластық, туыстықтың білген сырын.
Ағаға сый көрсетсе жақсы іні,
Салғандай ұрпаққа ақ жол жақсы ырым.
Әсетжан, заманға сай кәсіпкерсің,
Адамның жанын ұғар ашық ерсің.
Тілегім - ұрпақтарың бақытты боп,
Аталар ырысындай нәсіп берсін.

## Құшақтасқым кеп тұрады өзіңмен

(Есілбайға)

Елдік жаймен
шақырылып жиынға,
Есілбайжан,
бола алмадым тойында.
Көзге елестеп
өтіп жатқан той-думан,
Жүрдің ойда
Жетісудың бойында.
Әмірғазы
ер азамат дүрі еді,
Жақсылыққа арналған ер жүрегі.
Сыр сандығын ашып,
талай сырласып,
Амандықпен өрлеуіңді тіледі.

Анаң Гүлсім –
айдай анық тірегің,
Асқар шыңға
қондыратын түлегін.
Ел анасы,
менің апам, анам – деп
Мақтанышпен
көкірек керіп жүремін.
Шүкір, тәуба,
баршылық дос, ағайын,
Сыйласады
көрші – қолаң, маңайың,
Зейнеткер боп
жемісті еңбек етесің,
Келтіресің
іскерліктің орайын.
Қонған баска
бақыт кұсың Бақытың,
Өтіп жатыр
думандатып уақытың,
Назгүлімдей
әсем қызың ақылды,
Келешекті
жарқыратар жаһүтың.
Қуанышты
ағайынға әкелдің,
Елу жаста
асқақтайды аты ердің,
Ризамын
азаматтық сыйыңа,
Аунады бір
аруағы әкеңнің.
Қайын-жұртым,
Сарбұлағым- жұмағым,
Ер көңілді
үлгілі аға тұрағы,
Көкшетаумен
Қарқаралы қосылған

Саркылмасын
сексен көлдің бұлағы.
Саркылмайтын
Бақыт келін жыр-әні,
Бәрімізді
жақындатып тұрады.
Аға болып
тілейтінім өзіңе:
- Мәңгі өшпесін
Есілбай ер шырағы.
Тату болдық
Әмірғазы бажамен,
Сырласқандай
ұлағатты ағамен,
Сағынғанда
ер мінезін, ажарын,
Құшақтасам
сендей ерлік санамен.

28.10.2002 жыл

## Көкшетауға Оңтүстіктен елшісің

(Мошқал бажаға)

Елге – күйеу, маған – бажа, Мошқалым,
Елу жасың - ерлік шыңы, асқақ ұн,
Ақ тілегім - өсіп, өрбіп ұрпағың,
Шаңырақ шалқып, ашық болсын аспаның.
Жалғаған із Жезқазғандық кеншісің,
Көкшетауға Оңтүстіктен елшісің,
Бауыр басып, қоныс тепкен Көкшеге
Махаббатың жыл-жыл сайын өршісін.
Жүйткіп өтті түлпардай жас уақытың,
Елудің де жүкті тартар аты тың,
Көкшетаудың алтын кенін игеріп,
Берсін саған зейнеткердің бақытын.
Жұпты жазбай Зәурежанмен жарасып,
Шыға бер жылдар белесінен бел асып,
Көрегендік, даналыққа ұмтылып,

Қамқор болып жақсылыққа жол ашып,
Ұрпаққа дарып қасиетің бойдағы,
Іске ассын
әке арманы – оиларың,
Бітіріп оқу Арман, Аслан ұлдарың,
Қызықтайық талай қызық тоиларын.

## Көкшетау Алатаумен құшақтасты

(Мәруарға)

Ортаңа келіп Иран ағаларың,
Құттықтап қуанышпен салады әнін.
Құдайым ұзағынан сүйіндірсін,
Данияр, Нұргүл атты балаларын.

Арналды жыр Қарашаш, Жәнібекке,
Тараған асыл зиялы ата тектен,
Ұрпағын жебеп жатыр рухы Төкең,
Білімнің шашқан нұрын жайып көпке.

Мәруар – ел анасы ұстаз болған,
Келіні аталардан бата қонған,
Қызықтап отауларын немере ұрпақ
Аналық мейірімі көлдей толған.

Ән-жырмен талай тойды Иран ашты,
Сазымен жібітердей тау мен тасты,
Құдалар, қош келдіңдер біздің елге,
Көкшетау Алатаумен құшақтасты.

Қабылда құттықтауды, Айжан, Сұлтан,
Ұсынған гүл шоғымды ән мен жырдан.
Мыңжылдық құдалықтың басы осы,
Көкшеде Иран, Сұлтан сайран құрған.

## Сүндет той

(Болат, Күлнәзияға)

Жантас - ұлы Болаттың
Шамшырағы жанатын,
Құшып сүйсе ата-ана
Мейірлері қанатын,
Пейілдерін толқытып,
Ұшқыр қылар қанатын,
Піштіріліп көбейтті
Мұсылманның санатын.
Ойнап-күлер сергіп бөй,
Қызық думан-сүндет төй,
Ертегідей көрінер,
Балаларға мұндай тои.
Жамағатым, көріңдер
Піштірілген, мінекей.
Жантас, кәмпит ала ғой,
Әй-әй бөлды шүметей!

## Ағаның аманаты орындалды

(Рәшит аға ұрпақтарына)

Бауырлар, Рәшит аға ұрпақтары!
Сөйлейді Иран ағаң сырды ақтарып,
Көз көрген кешегі өткен ағалардың
Жүздері жарқын жүректе тұр жатталып.
Туыстық тілегі ыстық әкелерім,
Кезінде ел көркі еді қандай керім,
Жиналып жерінде Омбы қалың мөнтік,
Үйінде Рәшит аға шерткен шерін.
Ұмытылмас сол жарқын сәт, бала кезім,
Бибіжар жеңгей үйытқан балғын сезім,
Бүгінде таң қаламыз сезбей қалып,
Өмірдің сырғып өткен мұндай тезін.
Көз көрді – аға қиын сапар шекті,
Жетем деп туған жерге зарын төкті,
Қосылып ақыры елмен, мауқын басып,

Елеулі ел ішінде еңбек етті.
Үйренем ағалардың тірлігінен,
Адамдақ, азаматтық ірілігінен,
Тар жерде қол үшін берген бір-біріне
Туыстық, ағайындық бірлігінен.
Көнеміз төнсе тағдыр тосын заңға,
Қуанамыз бағы елдің ашылғанға.
Айтайық шүкіршілік тәубаға кеп,
Туыстықты жалғап ұрпақ қосылғанға.
Айтылып кейінгіге аманаты,
Ұмытылмас ұрпақ барда ағам аты,
Туыстық, сыйластықтың өсиеті,
Ағаның маған жазған соңғы хаты.
Аға мен жеңге атын еске алдық,
Жалғайтын аға жолын ізді салдық,
Рахмет, қарындастар, құшақ жайған,
Ағаның аманатын орындадық.

24.03.2001ж.

## Ойың бар еді кеңістікте жорытқан

(Ержан інім рухына)

Бойың бар еді әкеме тартқан,
Ойың бар еді ғарышта жортқан,
Соңыма ерген, сүйікті бауырым,
Жылайды ағаң сенімін артқан.
Мінезің тура тартқан жолдай,
Қияға тарттың айтқанға болмай,
Сызығы тағдыр аңдып тұрды,
Үзіліп кенет қазылған ордай.
Жаратқан жазған қызығын көрдің,
Топырағы тартты туған жердің,
Ботаңа Гүлнар, ұрпақтарыңа
Әкелік сезім, өнеге бердің.
Жылжыған сайын бұл өмір-өзен,
Жарасын жүрек жиірек сезем,
Өзіңе деген сағыныш толқып,
Түседі еске балалық кезең.

Тебіскен тайдай ертегі күндер
Сағыныш сезімін уһлеп үрлер,
Иманды болсын ақырғы жолың,
Атыңды сенің ұмытпас тірілер.

## Қырандай ұшарсың сен де тұғырыңнан

Аянжан, Ержан атаң жақсы көрген,
Қылығыңа еркелеген баға берген,
Аялап алақанға сені ұстап,
Көрем деп армандаушы ед биік төрден.
Қырандай ұшарсың сен тұғырыңнан,
Кешерсің бастан өмір сынын құрған,
Сол кезде еске алармыз қылығыңды,
Сүйгіз деп дәл төбенді тосып тұрған,
Әзірше, той құшаққа асылғаның,
Ата-анаң Асылбек, Гүлнар – жасыл бағың,
Піштіріп әжең сені тұлымдаған,
Санатқа мұсылмандық қосылғаның.
Жиендер жақын болар, болмас бөтен,
Нағашы Көкше елі – алтын мекен.
Құлындар Ерлан, Айжан, Аяндарым,
Ата боп, қонсын бақ деп, тілеп өтем.

* * *

Бизада, келін, келдің мүшел жасқа,
Төзесің тағдыр салса істі басқа,
Жасай бер жолын жалғап Ержанымның,
Өрелі ұстаз болып туыс, досқа.
Інімнің жан жары боп құдай қосқан,
Көкшенің дәмі тартты әуел бастан,
Ағайын, туған туыс риза саған,
Жақсыңа отауыңда алға тосқан.
Ризамыз құдай қосқан құдаларға,
Жоғалмас ізі Ержан құда барда,
Сыйластық, ағайындық дәнекер боп,
Сүрінбес екі арада көңіл жорға.
Бизада, ұзақ болсын ғұмыр жасың,
Бірзығы берген алла сарқылмасын,
Ұрпақтар өмірімен қызықтайтын
Ендігі қалған өмір жарқылдасын.

# Қазағымның сұлуы – жан дүниемнің жылуы

## Қазағымның сұлуы

Қазағымда сұлуым,
Күн көзіндей жылуың,
Шашса нұрын қара көз
Қиын шыдап тұруың.
Керілген қас, ақ маңдай,
Жүріс, тұрыс, бап қандай!
Қиылғанда қос жанар
Таң шапағы атқандай!
Үлкендерден сый алған,
Тік карауға ұялған,
Қалқып өтсе алдыңнан
Шыға алмайсың қиялдан.
Сұңғақ, сымбат бойы бар,
Терең сезім, ойы бар,
Келбет, мінез келіссе
Ару деп ат қойылар.
Қолынан түрлі іс келер,
Шеберлігі түске енер,
Арлы ару қосады
Бозбалаға күш, жігер!

## Ауылдағы ақ апам

(Күлсін апама)

Ауылдағы апамның
Қолына алған нүрлы ісі,
Үш жиырма бес жасында
Бұрынғыдай жүрісі,
Қолынан татқан дәм тәтті,

Сарқылмаған ырысы,
Бәрінің ебін табады,
Алыстамай туысы.

Ауылдағы апамның
Көкірегінде көзі бар,
Елге арнаған аналық,
Ұрпаққа жылы сөзі бар,
Кейісе кейбір ісіне
Ұрсып алар кезі бар.
Бол бәрің де апамдай
Жанға жақын, сезімтал.

Ауылдағы апамның
Ағасы елге үлгілі,
Өнегелі інісі
Шаруаның білгірі,
Немересі балауса
Жайнағандай қыр гүлі.
Жасай берсін апамыз
Аналардың дүлдүлі.

Ауылдағы апамның
Сіңлілері тағы бар,
Желкілдеген үкідей
Әсемдікке тағылар,
Солармен ен қосылған
Ердің біздей бағы бар.
Қайын-жұртын күйеулер
Туысындай сағынар.

Ауылдағы апамның
Бойла жүрек сырына,
Өнеге алсын ұрпағым
Қарап қыз бен ұлына.
Риза болған апамыз
Менің ән мен жырыма.
Тілек – апам малынсын
Жаратқанның нұрына.

## Айдай балдыз Айбикеш

Айбикешім,
айдан түскен ортамызға бикеш пе ең?!
Жезделерің
көрген сайын қуанышты күй кешкен.
Аңқылдаған ашық мінез,
желдей ескен жылдамдық-
Жарасымды қасиеттер
бір басыңа үйлескен.
Сынбай сының,
жайнап жүзің,
сәнді жасқа келіпсің,
Ұлағатты шаңырағында
жарқыраған көріксің.
Күлімдеген күн көзіндей
Қайратжанның қасында
Ай сәулелі нұрын төккен
мәңгі айрылмас серіксің.
Таң қалдырған
алақанмен аялаған
мені емің,
Таңғажайып лебі бар
алақанға сенемін.
Айналайын,
жарық жұлдыз күлімдеген
балдыздан,
Апаңменен, жездеңізге
тие берсін көмегің.

## Мөлдіреген, еміренген ботасың

(Қапаш Құлышеваға)

Көкшетаулық қарындасым, Қапашым!
Меруерттей ән маржанын шашасың,
Жарқыраған күн көзіңдей келбетің,
Қыр гүліндей көңілдерді ашасың.

Еркелеген елігіндей еліңнің,
Саңқылдаған аққуындай көліңнің,
Аруанасын аңсап келген алыстан,
Мөлдіреген, еміренген ботасың
Жастай түскен өнер-дода сынына ,
Құлагердей оза шыққан сұңғыла,
Қарлығаштай туған жерде қалықтап,
Қонғандайсың Оқжетпестей шыңыма,
Өрлей берсін, өрістесін өнерің,
Елей берсін келген сайын сені елің.
Ақ тілекпен аңқылдаған ағаның
Шырқата бер, әндете бер өлеңін.

Маусым, 2000 ж.

## Алтыным

(Алтын Иманбаеваға)

Қарындасым, Алтыным,
Таң нұрындай, жарқыным,
Көргендеймін көзіңнен
Жүрегіңнің жарқылын.
Көтергендей түндікті
Әндеткенде жарқын үн,
Туа берсін өзіңдей
Қызы қазақ халқының.

Сыйлай білдің ағаңды,
Есіл-Көкше салаңды,
Таланттарды қолдадың
Алаламай адамды,
Елге сөзді арнадың
Өрістетіп санаңды,
Бір көргеннен түсінді
Ағаң асыл бағаңды.

Қарындасты сағынар
Көкшеде әннің бағы бар,
Сал-серілер ұрпағы
Әсем үнге табынар.

Қарғам, гүлдеп жайнай бер,
Бұлбұл нәзік жаны бар.
Арқа әнінің шырағы
Әндетсең сен жағылар.

2002 ж.

## Қарындастар

(Рәшит аға қыздарына)

Қарындастар – қарлығаштар,
Ағасына мейірін төккен,
Ай қабақты, қиғаш қастар,
Көздерінде нұрлы көктем.
Келбеті көркем, жүзі жарқын
Жаратылған асыл тектен,
Көңілдерді шалқытатын
Періштелер түскен көктен.

Қарындастар – аққуларым,
Әрлендірген өмір сәнін,
Сіңіргендер бойларына
Ақ сүті мен ана нәрін,
Аялаған адам арын,
Үлбіреген нәзік жанын.
Сұлулыққа табынатын
Сүйсінеді ағаларың.

2002 ж.

## Парасатты Әйгерім

(Гүлжан Ахметоваға)

Сымбат жүзді,
Сиқырлы үнді, Гүлжаным!
Шырқағанда балқытады сырлы әнің,
Ел алдында өнеріңді паш етіп,
Жарасып тұр сән-салтанат құрғаның.

Әнге басып бүлкілдесе көмейің,
Қуанады кербез Көкшем, Семейім.
"Парасатты Әйгерім" – деп озіңді ел,
Аспандатты сұлулықтың мерейін.
Әнмен тербеп арайладың жыр таңын,
Иран әнін тойында Ақан шырқадың,
Кокшетаудың жігіттерін ағалап,
Тебіренттің Балқадиша ұрпағын.
Бал көмейсің сүтіне ана жарыған,
Қасиеті ұлы Абайдың дарыған.
Жан жолдасың Ерболатым онерпаз,
Қанат қаққан Баян-Өлгий бағынан.
Ырыс берген атамызды бай қылып,
Корсетейік тектілікке сай қылық.
Ата жолдан адаспасын ұрпақтар
Абылай, Абай елдігінен айрылып.
Елден шығар талай дүлдүл арын да,
Қадыры жоқ алтынның қолда барында.
Ел мен жердің аты ошпес ешқашан
Гүлжанымдай өнерпаздар барында.

1996 ж.

## Керекулік Мәрия

Көңілі ақындардың дәрия ғой,
Сырлары көп алдында жәрия ғой,
Курортта бұл Иранға ұнап қалған
Келіншек Керекулік Мәрия ғой.

Ұнады ол мінезімен ұстамдылық,
Курортта жасамады ботен қылық,
Жиналған жақсы-жайсаң әр ауылдан
Пір тұтты Мәрияны құрмет қылып.

Дәм таттық бірге отырып, құдай жазып,
Татқан дәм коп уақыт болсын азық.
Айта бар еліңе, Мәрия, дұғай сәлем,
Ескерткіш болсын олең берген жазып.

# Гүлдана

Көкшетау ақ ордасы ән мен жырдың,
Аға боп ортасында ел сайран құрдым,
Гүлдана Досқұлқызы - өнерлі ұстаз,
Қонақ боп мектебіңе келіп тұрмын.

Ұлымын Көкшетаудай дара елдің,
Сусындап ән-жырына қана бердім,
Ағалық құттықтайтын сөздерімді,
Көтеріп домбырамды ала келдім.

Гүлдана Кокшетауға сыйлы келін,
Ұмытпас Оңтүстіктей туған жерін,
Отыз жыл ұстаз болып, еңбек етіп,
Бөлеген ән, күй, жырға Көкше елін.

Шәкірт деп Мұса ақын берген нұсқа,
Сондықтан қалмай жүрді ол айтыстан,
Риза боп онеріне Гүлдананың
Көкен аға қызындай сүйіп, құшқан.

Қуанып шәкірт толы айналаңмен,
Өнерді мақтан тұтып тойлаған сен.
Айтыстың қызығына түсіп алып,
Қалушы ең қақтығысып қайнағаңмен.

Жан жарың Құлыш ерің жігер қосып,
Жылжыды алға басып өмір көші.
Жасай бер қызық көріп ұрпағыңнан,
Жиырма бес екі айналып келгені осы.

## *Ой толқытқан өрімдер*

* * *

Түсініп бұл өмірдің мән мен жайын,
Ойласаң ертеңіңді салып уайым,
Дүние қызып тұрған сауда-базар,
Қыздырар шарабынан ішкен сайын.

Пенделік көп адамды айналдырды,
Аттатып ар-ұятты бойды алдырды,
Боқ дүние жолдас, дос боп надандарға,
Қазақты намысы бар ойландырды.

Дүние түлкі болды бұлаңдаған,
Азамат айтқан созде тұра алмаған.
Кей жиын азаматтар басын қосқан
Ұқсаған тойына ішкіш ұрандаған.

Менмендік, өзімшілдік оттай лаулап,
Ала ма ерлерімді іштей жаулап?!
Өрекпіп өркениетті боламын деп
Кейбіреу алыстаған елден аулақ.

Атадан қалған әнім қазыналық,
Түсінген әлем оның сазын анық.
Ритмінен бұл өмірдің қалмаймыз деп,
Тебініп ертелі-кеш азынадық.

Ей, езім, бұл өмір де өтер, кетер,
Бұлдаған басыңа ертең кәрілік жетер,
Бағалар қалай ұрпақ қалмаса із,
Желге ұшар ойың, болар ісің бекер.

Құлашты сермесең де оңға, солға,
Болса да боқ дүние кілті қолда,
Бәрібір мүсәпірсің, бишарасың,
Түспесең елдік деген сара жолға.

* * *

Болғасын ақын,
әнші, сазгер арқалы,
Сыйды да көрдім
талай топтан алқалы.
Ойласа елім,
мен де ойладым елімді,
Болмаған менде
жеке бастың құр қамы.
Алаламадым,
таңдамадым ортаны,
Жатсам, тұрсам
ойлағаным ар қамы.
Дұшпанның құрған
арнап маған торының,
Құдайым қолдап
шықты талай талқаны.

* * *

Ағайынның жек көрмедім бәрін де,
Таттым талай берген маған дәмін де,
Бірақ кейде айтып қалам ақылды
Отырғанда інілердің төрінде.

* * *

Досымменен жардан бұрын таныстым,
Таныстым да айрылмастай табыстым.
Қазанында жастық жалын қайнаған,
Бұғып жатыр ойда нәрі әр істің.

Өзіңді, дос, көргендеймін күнде мен,
Ұмыттың деп, кінә тағып міндемен,
Қадірлі жүз, жарқын бейне жүректе
Сақталады етіндей қазақ сүрлеген.

Дәм жазғанда таттық бірге дәмді біз,
Ұмытпадық қалыптасқан сәнді біз.
Тіршіліктің күйбеңінен шыға алмай,
Сиреттік-ау бірге шырқар әнді біз?!

* * *

Бұл дүние бұландаған бір күні өтер,
Сондықтан ойнап-күліп, бойды көтер,
Құбылып, құмдай сусып, судай сыңсып,
Құшсаң да құшағыңнан шығып кетер.

Жігіттер, жарастырсын дәм мен тұзды,
Сыйластық бабалардың жолы ізгі,
Аққөңіл азаматты алла қолдап,
Сақтасын дұшпандардан екі жүзді.

Қазақтың азаматы елін сүйген,
Ел үшін шүберекке жанын түйген.
Жігіттер, ел айнасы бола білсең,
Аумайсың тар кезеңде ерлік күйден.

Ұмтыла бер жүректің сүйгеніне,
Қажыма уақытыңның күйгеніне,
Дамылсыз жан сырыңды әспеттей бер
Мойымай тіршіліктің күйбеңіне.

* * *

Көңілім неге әрдайым
Көтеріңкі болмайды?
Өмір барда бар уайым,
Сыздап жүрек толғайды.
Көңіл кілтін ашады
Жылы сөзі адамның,
Су сепкендей басады
Жетесіз ісі наданның.

Көңілім кәусар бұлақ боп
Ағып неге жатпайды,
Құпия сырға тұрақ боп
Әлі де нені баптайды?!
Қояр оған сұрақ көп,
Сабыр бір күн таппайды.
Көңіл шегін бұрап көп,
Үзсем өмір тоқтайды!

Көктем тағы Көкшеге
Құстай ұшып жетті ме,
Мақпал шуақ мейірін
Тәңірім көктен төкті ме?!
Еңбек күні туды ма
Шаруақор ептіге,
Жастық жалын құшқандай
Самал желім өпті ме?!
Гүлдеп талай көктемім
Менен алыс кетті ме?!

* * *

Нұр жауар ер жолына гүл ексеңдер,
Ел болып ер көңілін жүдетпеңдер,
Көкшетау, қасиетің жойылады
Менмендік, ездік, өсекті гулетсеңдер.

Бірігіп туыстықпен құшақ жайып,
Іргесін тәуелсіз ел нығайтайық,
Абылай-Кенесары ізін жалғап,
Болайық Көкшетаулық ерге лайық.

Келмесе бізге оралып ұлы хандар,
Өмірге келді еркіндік, ұлы заңдар.
Билердей қара қылды қақ жаратын,
Бұхардай қайда дана ақсақалдар?!

* * *

Кінә жоқ лапылдаған жастық шаққа,
Тізгінін тіршіліктің пірге ұстатқан.
Өмірің өкінішсіз өтсін десең,
Көз жібер қартаяр кез болашаққа.

Сол кезде туыс керек қолтықтайтын,
Атадан қалған мирас бұл жол айқын,
Шығарма естен шалқып, тассаң дағы,
Сыйластық ағайынмен – гүл солмайтын.

* * *

Бұл дүние қайнап тұрған базар ма екен,
Құшағын біздей жанға жазар ма екен,
Қулықпен сұм дүниені қумаған соң
Ақ көңілім шанды қауып тозар ма екен?!

* * *

Мас болған қолда барға пенде ме екен,
Коктегі іздегенім жерде ме екен?!
Тұрағы шыбын жанның өнер қуған
Қырандар қонатұғын өрде де екен!

* * *

Пана іздеп жамандарға жағынбадым,
Өнердің құдай берген бағындамын.
Тірегі ер көңілдің сырғымайтын
Халқымның сал-серілік тағындамын.

* * *

Бұл өмір болашаққа қанат жайды,
Жұтам деп ақшалы көз алақтайды,
Жын-ойнақ әуендері ес кетіріп,
Ұлтымды аласартып мазақтайды.

* * *

Естіді әлем қазақ толқынды үнін,
Кіргендей жарқын келбет көркі бүгін.
Қайралса ұлттық намыс, бірлік орнап,
Баянды болар елдік, еркіндігім.

* * *

Атаның орындадық аманатын,
Әлемге болды мәшһүр қазақ атым.
Қадірлеп өз тілімді аяласам –
Бұл нағыз еркіндіктің салтанаты.

* * *

Сал-серілік маржан барда бойымда,
Пасықтардың пысқырмаймын тойын да,
Көңілі соқыр, кеудені ұрған наданның
Өз деңгейі, өз қызығы ойында.

Билік құлы арын сатып билеген,
Шалқақ басын жұпынығa имеген,
Көреалмастық қызыл шоғын бықсытып,
Жақсы жанын тұңғиыққа сүйреген.

* * *

Кешегі Көкше,
    біртұтас Көкше –
        тарихтың көп парағы,
Ғайып боп қарттар,
    ақылды аға сандары сиреп барады,
Қуаттайтын рухты,
    намысты ұлттық
        ержүрек ерлер азайып,
Шырқайтын әнім
    жүрегіндей ел
        жетімсіреп те қалады.

* * *

Тарихтан елдік, ерлік қуат алдық,
Жаңғыртып ел өмірін жаңа із салдық.
Айырып бізді елдіктен кетер ме екен
Жабысқан жандайшаптық, жағымпаздық?!

* * *

Мәстектен тұлпар шықпас баптағанмен,
Сал - сері болмас әнді жаттағанмен,
Көкшетау Көкшетау боп қала берер
Уақытша ел намысын таптағанмен.

* * *

Көңілім қалды
Тағы бүгін біреуден,
Шашпай қалды
Бір нұр сәуле жыр – кеудем.
Санам тасқа
Ұрылғандай сілейдім,
Құтылам қашан
Әнді қорлап, күндеуден?!

* * *

Тұсаулы өмір,
Бұғаусыз көңіл сарқылмай,
Ұлғайып жас та
Сирей ме енді жарқын жай?
Еркелігімді,
Серілігімді көтерген,
Ғашықпын саған,
Қазағым, қайран, халқым – ай!

* * *

Ағайындық –
Қазақта негіз елдікке,
Ежелден ерлер үлгіні елдік өрбіткен.
Адамдықты, адалдықты ту қылып,
Шығайық әркез көңілдерден ел күткен.

* * *

Жақсылардың жылы әрқашан жүздері,
Жылы жүзден халқым күдер үзбеді.
Жақсы інілер күнде есіне алатын –
Жақсы ағаның тәспиғындай тізбегі.

* * *

Білгенге жырым – асыл, әнім – маржан,
Танысам азаматты – менің олжам,
Қадірін елдің, ердің білмейтұғын
Топасқа көңілі пасық бәрі арзан.

* * *

Азаматтар тірлігімен ел мықты,
Білімімен, жігерімен ер мықты,
Қазақ болып, қаның қайнап тұрғанда,
Жасау парыз қолдан келген ерлікті.

Құдайым ақындыққа жетеледі,
Әйтпесе кенші атым жетер еді.
Таққасын мойынға алқа ән мен жырдан,
Парызым өлеңдетсем өтеледі.

* * *

Жүргесін ән мен жырдың сарайында,
Жиналған өнерпаз көп маңайымда,
Көп пайда іздегендер жоламайды,
Әйтпесе зияным жоқ ағайынға.

* * *

Өлгенімде дұшпандарым келмесін,
Батасын да маған жасап бермесін,
Екі жүздік көреалмастық үлгісін
Туған елім, өскен ұрпақ көрмесін.

* * *

**Бір бастықтың қабылдау бөлмесіне кіргенде:**

– Шіренген бастық көп қой осы күнде,
Бөленіп жатқандай ел бесігінде.
Қабылдау бөлмесіне кірген кезде
Хатшы қыз абаланды есігінде.

* * *

**Құдаға қысқа “тост”**

Құдалар осыменен тарасайық
Жарқырап жылдан жылға жарасайық,
Мың жылдық өмір жоқ қой сыйласатын,
Әрбір күн көңілменен санасайық.

* * *

Бір құдалықта құданың біреуі күйеу баланы ағайыны асырап алғандығын, әкесі өзі екендігін қайта–қайта айта берді. Күйеу баланы асырап алған анасы көзіне жас алып, ыңғайсызданып қалды.

Сонда барлық қонақтардың көзінше:

– Мен айтамын “Әғугай”,
Сіз айтасыз “Әлуләй”,
Бұл қазақта болмай ма
“Ішің білсін әлу – ай”, – дегенде, жұрт қыран – топан ду күлді.

* * *

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1995 жылы тамыз айында Көкшедегі Бурабайға келгенде тағы да ән – жырыммен қарсы алудың сәті түсті. Дайындалып, Нұрекең және қонақтар отырған бөлмеге кіруге бет алғанымда, сол кездегі Көкшетау облысының әкімі Қызыр Ыбыраев жаныма жақындап: "Мені ұмытпа", – деп сыбыр ете қалды да, тез Елбасы отырған болмеге кіріп кетті. "Қиналған Жамбыл жері осы" демекші қатты мазасыздандым. Уақыт аз, Қызырдың соңынан домбырамды ұстап мен де кірдім. Нұрекең салған жерден: "Мен Иранды танимын ғой, ана жолы Ақан сері ауылында кездестік, менде кассетада Иранның айтқан ән–жыры бар", – деді. Мен арнауымды бастап, жалғастыра бердім. Енді бір жерінде Қызыр туралы айту есіме түсіп, былай дедім:

- Болғанда жігерсіздік өзекті мін,
Елдік пен ерлік істер қажет бүгін,
Шаруаға жан-тәнімен кірісетін,
Ұнатам Қызыр әкім өжеттігін.

Нүрекең жанында отырған Қызырдың арқасынан алақанымен қағып қалды.

* * *

2001 жылдың қар аралас жаңбыры жауып, ызғарлы жел соғып түрған күзінде, Ақмола облысы, Көкшетау қаласының басшылары Көкшетау қаласының Бурабайдан келетін асфальт жолының қалаға кіреберіс бекетінде республикалық семинарға келе жатқан ардагерлердің бір тобын қарсы алды. Мені ақын ретінде қошемет көрсетуге бірге алып жүрді. Сонда:

Тәуелсіз 10 жылдық деп жар саламын,
Көкшеде Біржан Сал деп ән саламын,
Әндетіп Біржан Салдай қонақтарды
Қарамай күз, жаңбырға қарсы аламын.

Елімнің ардагерлер намыс - ары,
Көркейер елмен бірге ер ажары.
Көкшеге қош келдіңдер, ардагерлер,
Қайырлы болсын жиын - семинарың.

Бірінші сәлем, аға, Мақтай ерге,
Келдіңіз, Мәке, өзіңіз асқан төрге,
Қазақтың даласындай жүрегіңіз,
Мінезің тән данышпан, кемеңгерге.

Қош келдің, Гүлбаршындай қызым, жаным,
Көкшенің көр әндеткен кербез сәнін,
Өсіріп зейнетақысын ардагерлер,
Көтердің тәуелсіздік елдің мәнін.

Арайлап атар талай таңымыз бар,
Шалқытып шырқап салар әніміз бар,
Ардагер болған бүгін Иран салды,
Уа, Мәке, қамқорлыққа алыңыздар!

Өлең бітісімен республикалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мақтай ағамыз:

- Гүлбаршын, міне, Иран ағаң, қамқорлыққа алғанымыздың белгісі бұдан былай жылына санаторийға бір путёвка беріп тұрайық, бәрі куә болсын, – деді.

* * *

Менің ардақты досым Амангелді Әбілов тау-кен инжинері – энергетик, қазір бизнесмен. Бірде, Амангелді, Бауыржан жиені үшеуіміз қонаққа бара жатқанда, мен сынайын деп:

– Сал-серілік жасатпайды жат қылық,
Ән-жырыммен жүремін елді шат қылып,
Көрсетемін өнерімді халқыма,
Сүйіншіге доллар жібер лақтырып – дегенде, дәл сол мезетте қалтасында долларлары болмай қалған жомарт досым: – Менің атымнан бір әдемі, арнайы домбырага "Заказ" бер, қанша болса да ақшасын төлеймін, – деп құшақтай алды. Ертеңінде Көкшедегі Қайырлы Сарсенбаев деген домбыра шеберіне барып "Заказ" бердік.

* * *

Бір күні Көкшетау қалалық мәдениет департаментінің бастығы Базарбай Кәкеновтың кабинетіне жұмыспен барсам, өзі жоқ, хатшы қызы радиотелефон арқылы бастығымен сөйлесіп жатыр екен. Ұялы телефонның бұл жаққа толық енбей жатқан кезі болу керек. Жұмысым қауырт болғасын, мен де сөлесейін деп ишарат білдіріп едім, менімен Базарбайды радиотелефон жүйесіне қоса қойды. Амандасқаннан кейін аржақтағы Базекең: "Мне некогда" – деп байланысты үзіп тастады. Дағдарыста қалған мен бір бет қағазға ашуымды төктім де, Базарбайдың үстеліне қойып кеттім:

Құйғасын құдай өнер біздің жанға,
Жүреміз айналшықтап сіздің маңда,
Сәлемін аға алмай асқақтадың,
Мәз болып қалтаңдағы телефонға.

Көз көрді хатшы қызбен сөйлескенді,
Менің де өзімсініп сөйлескім келді,
Бастыққа тап осылай жауап берсең,
Танытар еді сізге өткен әкеңді.

Болғасын аға аулақпын жамандықтан,
Әркашан шықпау керек адамдықтан.
Басыңа, қарағым-ау, не күн түсті
Қалатын сәлем алу амандықтан?!

Түстен кейін үйге келсем, Базарбай қайта-қайта телефон шалған екен. Бір кезде телефон тағы да шыр ете қалды. Базарбай: – Аға, кешіріңіз, жиналыста болған кезде ұзақ сөйлесудің реті келмей, сасқалақтап қалған жағдай болды – деді. Мен Базарбайға риза болғаным, оның әзілді түсінгеніне, сөзге тоқтай біліп, кінәсін мойындағанына, жауласып кететіндей теріс мінез көрсететіндерді де көрдік. Жалпы, меніңше, Базарбай, қазақша айтсақ, жақсы жігіт.

Өнерпаз інім Базарбай,
Өнерді көрген базардай,
Тілеймін шабыт ісіңе,
Басшы боп алда озардай.

## Бөтен ой

Біржан Салым,
Сері Ақаным,
Үкілі Ыбырай пірлерім!
Мыңжылдықтың, жүзжылдықтың
Саңлағының ондығына
Біреуің де кірмедің.
Кірмек түгілі
Кіргізбеді-ау
Осы күнгі өнердегі
Кейбір зиялы ірілері.
Тап осылай қиянат жасау –
Кәсібі қазақ тірідегі?!
Басқалары жалғасады,
Жазылады артынан –
Деп тағы да бәрімізді жұбатты.
Жұрттың барлық
Көңілін тауып,
Мұны қалай бәрімізден сұрапты?!
Көп ойланбай, көп толғанбай,
Аспандағы асқақтаған қазақ үнін
Жерден атып құлатты.
Қазақ жүйрік саясатқа,
Саясаттан бағын тапқан,
Жағынам деп мықтыларға
Кейбіреуді құдай атқан.

## Қазақтың мақтайтындай даналығы

Жақсылық Қарауылдан Дәулетбайдың
Ерлігін ғалым Шоқан елге жайды:
– Балам – деп құшақ жайып, тұлпар сыйлап,
Қамқор боп бағын ашқан Абылайдың.
Абылайға Арқа елі болып пана,
Бұлақтай құйылған ойға ерлік сана.
Жік салмай қалың қазақ арасына,
Елдіктің салтанатын құрған дана.

Қазақтың мақтайтындай даналығы,
Басқа ұлтқа көрсетпеген алалығын.
Төре, қожа, қалмақ, қырғыз сіңіп кеткен
Білінбей бізге тектік шалалығы.
Жүрсек біз ел қамын жеп төре болып,
Танитын әлем сана - өре де озық,
Айтқандай Бұхар Абылай түсін жорып,
Кетпейік ұсақтанып "шөре" болып.

## Бурабайда емделіп жатқандарға

Шалқимын, шарықтаймын денім сауда,
Шабытпен өрмелеймін асқар тауға.
Дәм жазып, басын қосып көп ағайын
Әр жерден келіп қапты Көкшетауға.
Сәлем ал Көкше дәмін татқан жандар,
Емделіп, демалыста жатқан жандар.
Шипа бөп денсаулыққа Көкше ауасы,
Арайлы болсын әрбір атқан таңдар.
Ағайын, игілікті іс тілейін,
Жақсы ұйқы, ертегідей түс тілейін,
Сал - сері аруағына сыйынып мен
Сіздерді ән - жырыммен үшкірейін.
Көкшеге қайта- қайта келіңіздер,
Орман, көл құшағына еніңіздер,
Киелі ақбурасы шөгіп жатқан
Көкшенің қасиетіне сеніңіздер.

## Сықақшы інім Сайлауға

Үш кітапты шығарған
Інім Сайлау Көшкен бе,
Шалқар шабыт теңіз боп
Самал желдей ескен бе?!
Әзіл - сықақ жарасып,
Басын бұзық тескен бе,
Жазуға әбден төселіп

Мәртебесі өскен бе,
Кеуде соғып бір мезгіл
Кезі ме осы бөскен де,
Спөнсор іздеп кітапқа
Қиын өмір кешкен бе?!
Бірден өсіп бағасы
Ілесер ұлы көшке енді!
Қарапайым адамдық
Баппен сөйлер сыры бар,
Көкке самғап өрлейтін
Кербез Көкше қыры бар,
Жазушы, ақын Сайлауға
Көңілді енді бұрыңдар.
Көп тілегі көл болар
Қазағымда ырым бар.
Әзілдесіп бұл кеште
Сауық - сайран құрыңдар!

# *Әндер, әндер – көңілімнің ажары*

# Біржан Сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай үлгісімен

2003 жылдың желтоқсан айында Иран Тасқара Көкшетау қаласында "Біржан Сал, Ақан Сері, Үкілі Ыбырай үлгісімен" атты шығармашылық жеке концертін берді.

Концерт табысты өтіп, копшіліктің алғысына ие болды. Ол Көкше сал-серілерінің әндерін орындауымен бірге өз шығармаларын да елге ұсынды.

Мен ағамызды 1993 жылдан бері Көкшетауға келгелі білемін және шығарған көп әндерін нотаға түсірдім. Иранды ел ішінен шыққан тума талант, кешегі сал-серілердің осы замандағы жалғасы деп айтсақ артық емес. Мұны ғалым Евней Букетов, ақындар Ғафу Қайырбеков, Кәкімбек Салықов, жазушы Жайық Бектуров, халық ақыны Кокен Шәкеев тағы басқа елге белгілі атақты адамдар айтқан. Елбасымыздың өзі Нұрсұлтан Назарбаев Иран өнеріне шын ризашылығын білдірген. Иран Тасқара әнші, ақын, сазгер ретінде республикамызға белгілі. "Жаңа әндер" рубрикасымен 1995 жылы Алматыдағы "Өнер" баспасынан ақынның 11 әні шықты. 1999 жылы "Көкше жолы" атты өлеңдер, әндер жинағы Кокшетауда жарық көрді, бұл жинаққа қосымша тағы 43 ән енді.

Ақын ретінде ағамыздың өлеңдерінің көбі әнге сұранып тұратындай. Көкшедегі жас композиторлар Арман Ищанов, Ерлан Ташев ағаның сөздеріне көп әндер жазып, олардың біразы республикада, облыста талай жүлделерге ие болды. "Айналайын", "Жаса, Кокшетау", "Балдәуренім-балалығым", "Балбобек", "Бала көңіл, балғын шақ" тағы басқа әндер мектеп оқушылары сүйіп орындайтын шығармаларына айналды. Кәкімбек Салықовтың сөзіне шығарған Иран әні "Боркің-ай" 2000 жылы "Жаңа ғасырға - жаңа ән" республикалық байқауында дипломант атанды. Иран әндерінің біразы Қазақ радиосының алтын қорында сақтаулы, республиканың, облыстың атақты артистері орындайды. Сазгердің әндерін нотаға түсіріп жүріп байқағаным, оның әндері кең диапазонға құрылған, бірі сал-серілердің мәнеріне ұқсаса, енді бірінде осы заманғы әуендерге еліктегені байқалады. Барлық шығармаларын біріктіріп тұратын, тыңдаушысын озіне тартатын қасиет - ол әуендердегі ұлттық нақыш, қазаққа тән әуен. Өзінің және басқа авторлардың сөздеріне жазған 77 әні, оның сөзіне жазған жас композиторлардың 11 әні, барлығы 88 ән Иран Тасқараның әншілік, сазгерлік шығармашылығының табысы.

Ол қазір шығармашылық шыңына шыққан талант, оның өнерін қолдау бәрімізідің елдік, адамгершілік міндетіміз.

Ағамыз шабыты шалқып, ел ішін әнге бөлей берсін.

Оның көп әндерін болашақта да ұрпақтар зерттеп, сүйіп айтатынына сенімім мол.

Құрмет Сақай – Монғолия композиторлар Одағының мүшесі, Монғолия және Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі және мәдениет қайраткері.

## Құрмет, Саян

Ақиқаты ән – жырымның аяндай,
Ғашықтығы Қозыкөрпеш, Баяндай.
Қос қанаттай әндеріме дем берер
Інілерім Құрмет пенен Саяндай.

Жүрегімнен тұтандырып от ала,
Шалқытам ән шарқ ұрғызып жотаға,
Тасқа басқан таңбасындай ағаның
Інілерім түсіргенде әнді нотаға.

Өнер – өмір, өнеріммен ел егіз,
Аға, іні боп толқындатып келеміз.
Композитор Сақай, әншім Саянжан,
Бізді ұрпақ бағалар деп сенеміз.

## Арман, Ерлан

Өлеңіме бітірген жан,
Би билетіп келтірген сән,
Інілерім, қос бауырым,
Сөздеріме шығарған ән.

Биік төрден көріндіңдер,
Өрен болып өрілдіңдер
Тап осылай шырқасаңдар
Арыта берер сенімі де ел.

Қолтықтасып, қол ұстасып,
Ноталарды анық басып,
Таратылсын бар әлемге
Ритммен ән ұштасып.

# Еркіндіктің әнұраны

*әні:* Иран Тасқаранікі
*сөзі:* Қасымбек Бейсеновтікі

**Жүрдек, марш екпінімен**



Ұмытпа, ешқашан ұлтжанды бауырым!
Еркіндік жаршысы — Желтоқсан дауылын!
Бодандық меңіреу ұйқыдан оятқан
Қазақтың даласын, қаласын, ауылын, ауылын.

Күнасты көгінде самғасын қыранын,
Сақталсын мәңгіге кең, байтақ тұрағың!
Азаттық, туыстық, бақыт пен бірлік, — деп,
Жазылсын туына Алаштың, Алаштың ұраны!

Дамыған елдермен терезең тең болып,
Жазира даладай құшағың кең болып,
Өркениет шыңына өрлей бер шарықтап,
Береке дарыған іргелі, іргелі ел болып.

*Қайырмасы:*

Жасасын, тәуелсіз Қазақстаным!
Жасасын, мәңгілік Азатстаным!
Бастасын береке — бірлікке,
Жаңғырған, жаңарған тірлікке.

# Семсері қазақ мұқалмас

әні:
сөзі: Тасқара Иран Тасқараұлынікі

**Жігерлі, шалқыта**




Кене хан, Кенесары, Кене ерім!
Сарыарқа - Отаны ерлік туған жерің,
Мәңгі өшпес шамшырағы азаттықтың,
Қазақтың қолбасшысы, кемеңгерім.
Сыйынып ата баба аруағына,
Мақтанам Кенемдей ер болғанына
Ұрпаққа қуат беріп салған ізі,
Қол жетті ерлік елдік арманыма.

Кене хан жортқан жолын жүріп келдім,
Ерлік пен елдігіме ән-жыр өрдім.
Отаны Кенесары Көкшетаудан
Қалың ел қазағыма сәлем бердім.
Көкшенің көшесінен Кенесары
Шалқиды ерлік, елдік достық әнім,
Паш еткен бар ғаламға ер Кенекем
Қазақтың батырлығын, намыс арын.

*Қайырмасы:* Бурабайдай жер болмас,
Кенекемдей ер болмас,
Ұлттық намыс, азаттық -
Семсері Кене ақ алмас,
Семсері қазақ мұқалмас.

# Иран сал

Әні, сөзі: Тасқара Иран Тасқараұлынікі

Шаттана, шалқыта




Көкшенің ақтангері Иран салмын
Ұрпағы Ақан сері, Біржан салдың,
Үкілі Ыбырайдай гәккулетіп,
Еліме бақыт тілеп жүрген жанмын.

Қаройдың әндеткен кең тынысымын,
Ұшқыны кенші кауым үлгі ісінің,
Қазақтың жез таңдайлы жез киігі
Ардақты Кәкімбектің інісімін.

Жүрмеген қамын ойлап құр басының,
Елімде жақсы-жайсаң сырласымын,
Кездесіп жүздескенде ән-жыр төккен
Президент Нұрсұлтанның құрдасымын.

# Сарыарқа сағынышы

*әні:* Тасқара Иран Тасқараұлынікі
*сөзі:*

**Шалқыта!**




Жастығым лаулап жайнаған,
Қазаны еңбек қайнаған,
Ұл-қызым туған Отаным,
Тұғырға алтын байлаған,
Жер астын шарлап кенші боп,
Табаным тастан таймаған -
Қазақтың белді мекені,
Сарыаркам, сенен айналам!

Сағыныш билеп сезімді,
Еске алам жастық кезімді,
Мыс қорытушы, кенші қауымды,
Алтынға балап жезімді...
Көз көрген көне қария
Өсиет қыл айтар сөзіңді.
Жезқазған - төрім, сәлем ал,
Балаң боп бауырым езілді!

Қуанышбек, Гурба, Садығым -
Кеншілік қазына азығым,
Сіздерді жоқтап асылдар
Күңіренер Иран сазы мың.
Қасымхан, Түрман, Мұраттар -
Жарасқан достық әзілім.
Қаидасыңдар, қайран кеншілер -
Жайсаңдары Жезқазған жазының?!

Буфеев, аға Әбекем -
Кеншіміз, күйші әндеткен,
Шынболат - дархан дарыным
Жезқазған төрін сәнді еткен.
Сендер де өтіп фәниден,
Шолағына дүние көз жеткен.
Қайдасың жастық жалыным -
Әндетіп кенді селдеткен?!

Аңсаған мен бір баланмын
Шайырлы исін даланның,
Сарысу, Кеңгір, Жездідей
Сыңсыған әнін саланның.
Сусындап қайтар көлінен
Жезкиік болып оралдым.
Ұлытау саған табынам,
Рухына Тайжан бабамның.

Күмбірлеп кеуде - сарайым,
Шалқыған ән-жыр маңайым.
Тәуелсіз елдік күн туды
Келтірген таңның арайын.
Өремді өскен көрсетіп,
Ән-жырдан шырақ жағайын,
Парызымды елге өтейін,
Қабыл ал қолдап, ағайын!

# Ақмола-Көкше

*әні:* Арман Ищановтікі
*сөзі:* Иран Тасқараулынікі

♩=70




Арқада Астанамыз нұрын шашты,
Ақмола Кокшетаумен құшақтасты,
Желбіреп тәуелсіздік нұрлы туым,
Елдігім болашаққа қадам басты.
Зеренді, Ерейментау, Оқжетпесім,
Тебіреніп коштағандай омір көшін.
Қорғалжын, Қоржынкөлім,
сексен көлдер
Толқындап толтырар ел несібесін.

Көріндер қонақжайлы елдерімді,
Ер көңіл, жаны сері ерлерімді,
Аққудай гәккулеткен аруларды,
Талпынған көкке қыран-өр көңілді.
Жеткенде Ақмола асқар кемеліне
Қол созған Көкшетаудай өреніне.
Жол ашып ұрпақтарға сыйынайық
Қазақтың қасиетті өнеріне.

***Қайырмасы:*** Көкше - Ақмола жерлерім,
Таулы орман, көлдерім,
Жайсаң шуақты белдер1м,
Көңілді тербедің,
Елдікке өрледің.

# Сүй, жан сәулем

*әні:* Иран Тасқаранікі
*сөзі:* Мағжан Жұмабаевтікі

**Әндете, сезіммен**




Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қаныма.
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін
Патша тағы, бүкіл дүние малына.

Құшактатып нәзік талдай белiңнен,
Сүйгіз, сәулем, тәтті балдай тiлiңнен,
Бой шымырлап талықсиды жүрегім
Балқып денем барам еріп демiңнен.

Кір қойныма, қыпша белің бұралып,
Таркат шашың, жатсын жібек оралып,
Жаным! Жаным! Тезірек тисін төске төс,
Көз жұмулы, жиі ыстық дем алып...

Шашың - қара, денең - ақ бұлт, жүзің - Ай,
Тісің - меруерт, көзің - сәулем, құралай.
Ләззат, рахат, бақыт - бәрі қойнында,
Сұрамаймын енді ұжмақ - жақсы жай!

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қаныма.
Жасағаннан бір-ақ нәрсе тілеймін
Өтпесе түн, атпаса екен таңы да!

# Мұсаның әні

*әні:* Иран Тасқаранікі
*сөзі:* Мұса Асайыновтікі

**Шаттана, жігерлене**



Мен келдім кербез Көкше бауырынан,
Сал-сері ақындардың ауылынан.
Шабытым найзағайды жұлып алар
Көктемнің от жасынды жауынынан.
Әнім бар сілкіндірер Алатауды,
Үнім бар тебірентер Қаратауды,
Балқиды жүректерің көне көзді,
Жамбылды көріп қалған шал атаулы.

Сырым бар Сырдарияға сырға салар,
Ойым бар ойыл құмдар мұңдаса алар,
Сөзім бар ақсемсердей жасқандырар,
Тілім бар барлық ұлтпен тілдесе алар.
Жасаған болашаққа батыл адым
Мың сәлем жолдап қалды атырабым,
Жамбылдың ғасырға жыр зиратына
Көкшенің ала келдім топырағын.

Жыр жолдап жатыр елде сексен көлі,
Сарыуыз балапандар өркендеді,
Атаның айтып кеткен нақыл сөзін
Біздердей жеткіншектер көркемдеді.
Көкшетау сал-серілер елі еді деп,
Көп ғалым осы өңірдің төлі еді деп,
Бір құты Саумалкөлден су әкелдім,
Шомылған Шоқан бабам көлі еді деп.

Аңызы шар тарапты дүрілдеткен,
Ғашықтық әні жанды дірілдеткен,
Бір уыс боз бетеге ала келдім
Құлагер аунақшыған Сырымбеттен
Жыр төксем қанат қаққан аққудайын,
Үкілі Ыбырай салған гәккудайын,
Тойына қарт жыраудың шашу қылып,
Көкшенің ала келдім ақ бидайын.

***Қайырмасы:***

Осылай деп сайрады,
Мүса ақын жайдары,
Сал-серілер ұрпағы,
Ән-мен жырдың айдары.

# Кеншілер кездесу вальсі

*әні:* Иран Тасқаранікі
*сөзі:* Маркус Сәрінжіпнікі

**Вальс екпінімен**




Инженерлік ұядан
Аттандық алые қияға,
Кездесуге әр бес жыл
Келістік сол ұяда

Жоғалтпай ар - намысты,
Еңбек те еттік табысты,
Ғалым болып жалғадық
Ісін ұлы Қаныштың.

Игеріп тау, қыратты,
Ағыздық кеннен бұлақты,
Қазақстан тәуелсіз
Болсын деп бай, куатты.

Арнаға кең толыппыз,
Ата да әже болыппыз,
Ұл-қыз жалғап дәстүрді
Шыңына өмір қоныппыз.

*Қайырмасы:* Жиналдық біз тағы да,
Университет залына,
Ұстаздардың жанына.
Қайда жүрсің, жан досым?!
Құшақтайын сағына!

# Біржан сал еліне

*әні:* Тасқара Иран Тасқараұлынікі
*сөзі:* Айдос Әбутәліповтікі

**Кең, баппен**




Көкшенің қандай ғажап атырабы,
Шежіре не бір сырға батырады.
Аққумен үнін қосқан сал Біржанның
Ардақты елі, жері шақырады.
Жөкейдің жадыратар қоңыр желі,
Көктөбе, Бүркітті тау асқар белі.
Меймандос ойнап күлген күндер ыстық,
Жүректен орын алды ордалы елі.

Жерінің үсті жұпар, асты алтын,
Тоғысқан төрінде сан талай халқым.
Біржан Сал, Елебаев ел еркесі,
Әнімен әлемге аян жеткен даңқы.
Өткізген талай жылдар, күндерім бар,
Жұлдызды қоңыр мақпал түндерім бар.
Дәміңе ақ дастарқан қарыздармын
Өзіңде терілмеген гүлдерім бар.

***Қайырмасы:***
Жөкейдің жадыратар қоңыр желін,
Сағындым той-думанды Біржан елін,
Біржан елін.

# Көкшеге кел

*әні:* Тасқара Иран Тасқараұлынікі
*сөзі:* Айдос Әбутәліповтікі

**Асықпай, баппен**



Аңсаған құстай қайтып Көкшеге кел,
Қарсы алар қыр қызғалдақ көк майса бел,
Жайылған ақ дастарқан кең пейілді,
Ежелден ердің құты меймандос ел

*Қайырмасы:*
Ее...ей! Сал-серілер ән тербеткен,
Еркелеткен, меймандос ел,
Көкшеге кел!

Түлетер жас сәбидей жұмағы жер,
Тарқайды құшағында дерт пенен шер,
Жайқалған алтын дәні даласында,
Теңіздей толықсыған сарыала бел.

*Қайырмасы:*
Ее... ей! Жанға жайлы
Малға майлы, кенді өлке,
Сарыала бел, Көкшеге кел!

Керемет көрем десең Көкшеге кел,
Жетелер жұпар иісті мап-майда жел,
Қол созып сексен сұлу-сексен көлі,
Жаныңды жадыратар, толқынды сел.

*Қайырмасы:*
Ее...ей! Арулары аққуды өпкен,
Гәккулеткен, толқынды сел,
Көкшеге кел!

Шарқ ұрған сақ қырандай Оқжетпес өр,
Ойыңды әуелетіп көкке өрлетер,
Көкшетау Абылайхан ақ ордасы
Қазаққа қасиетті, аяулы төр.

*Қайырмасы:*
Ее... ей! Атақты жер, ардақты ел,
Ерлерге бел, аяулы төр,
Көкшеге кел!

# Сағыныш

*әні:* Иран Тасқаранікі
*сөзі:* Кәкімбек Салықовтікі

**Шалқыта, жігерлі**




Тау сұлуы Сырымбетті сағындым,
Таңдайым бал татынып.
Естен кетпес ерке күнді сағындым,
Айлы кештер шақырып.
Аққулы өлкем,
Гәккулі өлкем,
Сексен көлді сағындым.

Алтын алқа ауыл шетін сағындым,
Ақ қайыңдар өрлеген.
Көрші қалқа есіміңді сағындым
Көптен айтып көрмеген.
Шалқыған әнім,
Толқыған күйім,
Той-думанды сағындым.

Аға, жеңге, бауырласты сағындым,
Сайран салып жүретін.
Есен жүрген ауылдасты сағындым,
Ата, анамды білетін.
Кіндікті кескен,
Бауырында өскен,
Жалғызтауды сағындым.

# Сіргелі

*әні:* Иран Тасқаранікі
*сөзі:* Рақым Бекмурзиндікі

**Жеңіл, сезіммен**




Қонысы Сіргелінің Шымкент жері,
Қазығұрт өсіп-онген асқар белі.
Кемесі Нүх пайғамбар тірелген жер,
Бірнеше мың жыл өтті содан бері.
Бабалар Қожа Ахмет, Арыстанбаб,
Басына зират қылдық тамашалап.
Еске алған ескерткіш сай өткендерге,
Көрсеңіз зәулім биік қандай ғажап.

***Қайырмасы:***
Еей! Сіргелі, Сіргелі,
Қазақтың бір елі.

Тайқазан мұражайдың ортасында,
Зираты Абылайдың дәл қасында,
Болыпты мың жарым жыл бұдан бұрын
Салынған Түркістанның қаласына.
Түркістан көне қала ертедегі,
Жері бай, жемісі өскен берекелі,
Данышпан, ғұламалар мекен еткен,
Ән шырқап әнші, жыршы, сал мен сері.

# Қазақтың жезкиігі

*әні:*
*сөзі:* Тасқара Иран Тасқараұлынікі

**Вальс екпінімен**



Қазақтың жезкиігі,
Ақындық сөз биігі,
Қызыл жар, сұлу Көкше,
Сырымбет - кер мығы.
Барлық ел еркелеткен,
Әні аққу елге жеткен.
Үкілі Ыбырайдай
Кәкімбек асыл тектен.

Сарыарқа саңлағы,
Мәскеудің ер ұланы,
Шәкірті Қаныш аға,
Тасытқан кен бұлағын.
Шабыты Құлагердей,
Жайылған сексен көлдей,
Жетпістің шалқарында
Ағылтсын тізгін бермей.

Асыл кен инженері,
Еңбекте елдің ері,
Жалғаған өнерімен
Үлгісін сал мен сері.
Жезқазған - ерлік төрі,
Ұлытау - елдік белі,
Жетісу, Қарақалпақ -
Бәрінің ер түлегі.

Бас иіп ұрпақ сізге,
Үлгі алар ізіңізден,
Тілейді саулығыңды,
Ғұмырлық жасты жүзден.
Аққудай көлде жүзген,
Қарсы алар жылы жүзбен,
Айналдым банкеріңнен,
Мәриям жеңгемізден.

# Баянауыл

*әні:* Тасқара Иран Тасқараұлынікі
*сөзі:* Шәмшия Айтжанованікі




Ата жұртым көзіме ыстық ежелден,
Сұлулық пен әсемдікке теңелген.
Сенде туып, сенен қуат алдым да
Шыңға шығып, биікке өрлеп келем мен.

Жасыбайдың мөлдірінен нәр алдым,
Қызың болып, қызығың боп жаралдым.
Найза тасым көрінесің биіктен,
Ұя салған ақ шығы Оралдың.

Қарағай мен қайың, талың жарасып,
Жұрт сүйсінер келбетіңе қарасып.
Баянауыл неткен ыстық бауырың,
Құлының боп кетсем дағы қыр асып.

Туған жердің топырағын сап құштық,
Мен тілеймін өміріңе тыныштық.
Бүйірімнің орып алдың шетінен,
Баяным боп, жаным болып, сен ыстық.

# Сарбұлақ

*әні:* Тасқара Иран Тасқараұлынікі
*сөзі:*

**Көңілді, шалқыта**



Сарбұлақ Көкшедегі туған жердей,
Қойнауы жұмақ мысал жасыл белдей.
Ауылым Арқадағы алтын бесік
Тербетер сезімімді самал желдей.

Көнекөз қариялар, асылдарым,
Сыйлаған пайғамбардай тосын нәрін
Сағыныш ән мен жыр боп өрнектелін,
Теңіздей шалқар шабыт басылмадың.

***Қайырмасы:***
Сарбұлақ – сайран жерім-ай,
Қонақжайлы төрім-ай.
Ата-баба үлгісі –
Ер азамат, ерім-ай.

# Не жетсін өмір сүргенге

*әні:* Тасқара Иран Тасқараұлынікі
*сөзі:* Мұқағали Мақатаевтікі

**Тебірене, жайлап**






Асыгып алыс күндерге,
Бір белден асып бір белге,
Адасып қалмай бір жерде,
Айсыз қара түндерде,
Отанында — іргенде
Не жетсін өмір сүргенге!

Алысар жерде алысып,
Табысар жерде табысып,
Жүгенсіз асау өмірдің,
Жалына мықтап жабысып,
Жарысар жерде жарысып,
Жұртының қорғап намысын,
Халқыңмен бірге қауышып,
Не жетсің өмір сүргенге!

Отынды бірге жағысып,
Тыраштап басқа күн көрме.
Тірлікте мына жүргенге,
Тыншығып қалма бір демде,
Тыншығын қалма тіл, кеуде!
Жарыққа мына не жетсін,
Не жетсін өмір сүргенге!

# Жайсаң

*әні:* Тасқара Ираң Тасқараұлынікі
*сөзі:* Кенен Әзірбаевтікі

**Шалқыта, жігерлі**



Сөйлесе білімді адам балдай татыр,
Сөз шықпас білімсізден таңдай татыр.
Жақтаған жақсы адамды үлгі алады,
Жаманнан түсер басқа заман ақыр.

Дүние диірмендей бір дөңгелек,
Бұрқырап өте шығар зыр дөңгелен.
Үмітпен «ханның қызын алармыз» деп,
Өлетін отқа күйіп біз көбелек.

Біреу жүр өзін-өзі билей алмай,
Біреу жүр келген бақты игере алмай.
Он саусақ қарап тұрсаң бірдей емес,
Біреу жүр жалғыз басы күн көре алмай.

Кейбіреу ішпей-жемей бөктерін жүр.
Кей адам бай болуға ентеліп жүр.
Жұртты алдап жинағанын кейбір құлар
Апарып бір шұңқырға төккелі жүр.

Дүние қусаң қашар, қашсаң жетер.
Өмірді жетемін деп қума бекер.
Дүние ені жалпақ, түбі терең,
Көп адам аттай алмай түсіп кетер.

Кей адам ешбір тоймас, құйсаң толмас.
Қақпанға ондай адам түспей қоймас.
Әділ жұрт ғасыр бойы сынап келген;
Жақсының ел сыйлаған атын жоймас.

***Қайырмасы:***
Ой-той-той, ги-ги...ей.

# Естідім

*әні:* Тасқара Иран Тасқараұлынікі
*сөзі:* Сейтен Сауытбековтікі

**Сезіммен, ойнақы**




Естідім бүгін бір күйді,
Аялап жанды тербеткен.
Елжіреп жүрек үйиды
Бақытын тауып жер-көктен.
Биіктен қалқып тамылжып,
Үлбіреп көкке өрлейді.
Денең ысып, қан жылып,
Кеудені шаттық, кеудені шаттық
кернейді.

Күмістей кейде сыңғырлап,
Алаудай шарпып шалқиды.
Шырқаса дене шымырлап,
Бал үнді жұтып балқиды.
Алтын той алда ендігі,
Күркіреп өтті күміс той.
Әнменен өткен өмірді,
Өмір деп айту, өмір деп айту
дұрыс қой.

# Інілерім

*әні:*
*сөзі:* Тасқара Иран Тасқараұлынікі




Інілер ағалардың тынысындай,
Елімнің сарқылмайтын ырысындай,
Жақсы іні ағасының ақ арманы,
Көз тартар көкжиекте нұрлы шыңдай.

Інілер сұлулықтың әлеміндей,
Әлемді таң қалдырған әуенімдей.
Тербетер аға көңілін жан шуағы,
Ініні ыстық ықылас сәлеміндей.

Інісін аға үнемі сағынады,
Інілер ізгілікке табынады.
Ісімен елдігімді жарқыратқан,
Інінің шайқалмасын шаңырағы.

***Қайырмасы:*** Інілерім,
Інілерім!
Сендермен көрікті ғой елім менің!
Еркіндік бағын ашқан,
Бақыты шалқып тасқан,
Ағаның ізін басқан, мұрагерім!

# Бөркің-ай

*әні:* Тасқара Иран Тасқараұлынікі
*сөзі:* Кәкімбек Салықовтікі

**Жігерлі, көңілді**




Тентектің конші еркіне,
Жетейін алған сертіме.
Ажарың аппақ аңсаткан,
Табайын дәру дертіме.

Өтеді шапшаң ерке күн,
Махаббат мұңын шертемін.
Бір сүйгізші, қалқатай,
Сағынып жетті тентегің.

Ғашықтық әнін жалғадым,
Сені іздеп қайда бармадым.
Қос алмага қол салу -
Жалғанда жалғыз арманым.

***Қайырмасы:*** Пай, пай, боркің-ай!
Боркіңнен асқан коркің-ай!
Ақ тамағың үлбіреп,
Қарақат көзің мөлдіреп,
Шиедей ернің елжіреп,
Өзіңді коптен аңсаған
Жазылар қашан сұм жүрек.

# Азамат

*әні:* Тасқара Иран Тасқараұлынікі
*сөзі:*

**Тереңоймен**




Азамат деген атыңды
Ардактап өтсең болғаны,
Сыйлай да білсең жатыңды,
Санаңның бұл да толғаны.
Сөз айта білсең татымды,
Мінгендей ерттеп жорғаны.
Ұстасаң жат кып жақынды,
Ісіннің болмас оңғаны.
Жакпасаң іште отыңды,
Өмірде гүлің солғаны.
Жарыңды тапсаң ақылды,
Бақыт бұл құсың қонғаны.

Қызғаныш кірсе ішіңе,
Арамдық болар бакканың
Береке бермес ісіңе,
Тыныштық болмас жатканың.
Ер жігіт мінсе күшіне,
Халқының көңілін тапқаны.
Жамандар кетсе ісініп,
Көрерсің арды сатқанын.
Менсінбей өтсең кісіні,
Өзіңе қара жакқаның.
Қылығын коймас түсініп,
Ездердің карғыс атқаны.

# Жаңа ғасыр — жиырма бір

әні:
сөзі: Тасқара Иран Тасқараулынікі

**Салтанатты**




Жаңа ғасыр жиырма бір -
Құдіреттен жауған нұр!
Құшақ жайды тауларым,
Жазық далам, ой мен қыр,
Айдын шалқар көлдерім,
Қонақжайлы елдерім,
Еркіндіктің ақ жолы,
Биіктейтін өрлерім!

Жаңа ғасыр жиырма бір -
Жақсылыққа жанашыр,
Адамзаты көрікті,
Жасампаздық нәрі асыл,
Адам арын аялар,
Дүниеге етпей құл.
Айнала бер, жұмыр жер,
Тіршілікке сеуіп гүл!

Жана ғасыр жиырма бір -
Ашылмаған жұмбақ сыр!
Қазақ елін дамытып,
Өмірімді қарық қыл.
Бақыт сыйлап ұрпаққа
Болашағын жарық қыл,
Бейбітшілік тамылжып,
Асқақтасын ән мен жыр!

# Асатовтың нақылы

*әні:* Тасқара Иран Тасқараұлынікі
*сөзі:* Садық Асатовтікі

**Асықпай, баппен**




Пәрменсізді құса қылған тағдыр-ай!
Түскен жерін отап өтер шалғыдай.
Сұлулыққа табынудан таймаңдар
Бұл дүниеден өтем десең қалғымай.

Төбесінде жүрмін деме жотаның
Шартарапқа шықты деме атағың.
Бұл өмірдің қызығынан құр қалма,
Ертең болар қараңғы жер жатағың.

Жазың өтіп ызғары бар қыс келер,
Ішкен шарап, сүйген сұлу түске енер.
Тіршілікте сауық-сайран құрып қал,
Көз жұмғасын құрт-құмырсқа тістелер.

Бұл дүниенің кезгенменен асқарын,
Көзді жұмсаң төңкерілер аспаның,
Сұлу құшып, шәрбатына қанып қал,
Оралмайды қайта айналып жас шағың.

Тауда кұлар, сарқылады теңіз де,
Бұл өлімнен құтылу жоқ негізде.
Қызықтап қал бойда, қолда барыңмен,
Әттеген-ай өттің дәурен дегізбе.

Өлмес пенде бұл жалғанда туған ба?
Өмір - түлкі жеткізбейді қуғанға.
Кепкен балық су іздемес, жігіттер,
Жастық шақтың қызығынан құр қалма.

Тәтті болса шекері не, балы не,
Әрбір адам қарау керек әліне.
Сұңқар болам, тұлпар болам дейсіңдер,
Дәрежелік жете бермес бәріне.

Жас дәуреннің аунап бір қал көгіне,
Жетем деме мал-мүліктің шегіне.
Асыл жарың, алтын күміс жиғаның,
Қанша айтсаң да бірге кірмес көріңе.

Өтті көп жан қызығына тоя алмай
Бақытты шақ бетке жаққан бояудай.
Бір жел тұрса төңірегің тұмандап,
Тынырларсың түлкі ұстаған қояндай.

Бұл өмірдің анықтап бас өткелін,
Жалын болсаң бірге жүрер көктемің,
Балық іздеп бәйтеректің басынан
Білмей қалма фәни дүние өткенін.

Өмір етер күшті-әлсіздер таласып,
Жеңер кімнің бойда тұрса бағы асып.
Асатовтың нақыл сөзін бетке ұстап,
Кемпіріңнен қалып жүрме адасып.

# Сәби сезім

*әні:* Иран Тасқаранікі
*сөзі:* Ерлан Ташевтікі

**Көңілді, ойнақы**




Жарқыраған құрбы қыздар -
Ақ көңілдің ажары,
Жымыңдаған ақ жұлдыздар -
Балалықтың базары -
Көркем, кербез жерім туған -
Аққулардың мекені.
Еркелеткен еркін өмір -
Бақытымның желкені.

Раушан гүлдей сәби сезім
Шаттандырған жанымды.
Таң қалдырған бал мінезім,
Бауыр қылған маңымды.
Ертең ғана ержетем деп,
Аңсап тұрам таңымды,
Ата-анама мен еркелеп,
Шырқай берем әнімді.

***Қайырмасы:*** Жайна, жайна жастық сәнім
Қуаныштың белгісі.
Ойна, ойна, құрбыжаным,
Ай мен күннің үлгісі.

# Балдәуренім-балалығым

*әні:* Құрмет Сақайдікі
*сөзі:* Иран Тасқаранікі




Жерім бар ертегінің жұмағындай,
Елім бар нұр сәулелі шырағындай,
Сал-сері, батырлардың ұрпағымың
Жайқалған жасыл желек құрағындай.

Орындап аға-баба өсиетін,
Баламын жасы үлкенге бас иетін.
Паш етем ер жеткен соң бар әлемге
Жаңғыртып нағыз қазақ қасиетін.

*Қайырмасы:* Балдәуренім, тәтті балдай,
Ата-анам жақсы қандай,
Еркін елім мәпелеген,
Ұланымын жазық маңдай.

# Кең дала

*әні:* Арман Ищановтікі
*сөзі:* Иран Тасқаранікі




Тұлпар - заман мінгенім,
Сұңкар ұлмын Аркадан,
Болашақты еркіндік
Игеруге жар салам,
Ауыздықпен алысып
Шығам озып ортадан,
Жаңа ғасыр, елдікті
Жүйткіп желдей қарсы
алам.

Ұлан байтақ, кең далам,
Әлпештеген мен балаң
Керуен қып салтымды
Салтанатпен қозғалам,
Жарқыратар елдікті
Мендей ұлан бозбалаң,
Ата-бабам аруағы
Ұрпақтарын қолдаған!

Жарқыраған сәулесі
Гүл – өмірім солмаған,
Қазағымның үлгісін
Өрнек қылып жалғаған,
Аламдық пен достықты
Ән мен жыр ғып толғаған,
Ұрпақ үнін ел қостап,
Асқақтаған салған ән!

***Қайырмасы:***
Ее...ей!
Қарсы алам,
Жар салам,
Сұңкар ұлмын Аркадан!

***Қайырмасы:***
Ее...ей!
Мен балаң,
Бозбалаң,
Ата-баба қолдаған!

***Қайырмасы:***
Ее...ей!
Кең далам,
Толғанам,
Асқақтасын салған ән!

# Бурабай-Көкше

*әні:* Арман Ишановтікі
*сөзі:* Иран Тасқаранікі

♩=70




Көңілдің мәңгі жазы,
Сал – сері сәнді сазы,
Көкшетау – тәңірім,
Жүректе ән-жырым,
Сұлулық таңғы назым.

Қазақтың жаз жайлауы,
Елдіктің ақ жайлауы,
Нұрланған ажарым,
Тарқамас базарым,
Көкшетау – жер жұмағы.

***Қайырмасы:***
Бурабай – Көкшем,
Жұпарың ескен,
Бұралған биші ақ қайыңдар.
Оқжетпес – өрім
Жұмбақтас – төрім,
Аңсаған суыңды көк айдындар.

Серісі Астананың,
Жүрегі Ақмоланың.
Қонағын қарсы алған,
Достыққа жар салған,
Көкшетау – асқақ әнім.

# Бала көңіл, балғын шақ

*әні:* Ерлан Тәшевтікі
*сөзі:* Иран Тасқараулынікі

**Көңілді**




Бала көңіл, балғын шақ
Көкжиекке жолды ашад.
Күн көзіндей жарқырар
Еркін елдік — болашақ.

Еркіндікке көшті өмір,
Дала көңіл, дос көңіл.
Қанатымен достықтың
Елдің жүгі — көш жеңіл.

Ұланымын даланың,
Сенімі ата-ананың,
Құшағым кең жерімдей,
Мен бауырмал баламын.

***Қайырмасы:***

Еркелеп өскен ботамың,
Қазақстан Отаным,
Арманымын аңсаған
Қасиетті атаның.

# Достарым

*әні:* Ерлан Ташевтікі
*сөзі:* Иран Тасқараулынікі

**Көңілді, шалқыта**




Аспанда айдай нұр төккен,
Күніндей көктем гүл сепкен,
Достарым менің қайдасың,
Жаныма шуақ сыр шерткен?!

Достарым менің нәзігім,
Өмірде алтын қазығым,
Білдірмес қысқа тірлікті,
Сыйластық мәңгі азығым.

Налысам өмір - тірліктен,
Айнымас жандар бірліктен,
Достарым, қайран, аман жүр,
Армапды асқақ орбіткен.

***Қайырмасы:***
Күлімдеткен, сырын шерткен,
нұрын төккен,
Күніндей көктем гүл сепкен,
сырын шерткен,
Достарым менің қайдасың?!

***Қайырмасы:***
Күлімдеткен, сырын шерткен,
нұрын теккен,
Күніндей көктем гүл сепкен,
сырын шерткен,
Достарым, қайран, аман жүр.

***Қайырмасы:***
Күлімдеткен, сырын шерткен,
нұрын төккен,
Күніндей коктем гүл сепкен,
сырын шерткен,
Достарым, менің нәзігім.

# Мектебім

*әні:* / *сөзі:* Тасқара Иран Тасқараулынікі

**Вальс екпінімен**




Мың-бай - ға - лым, Ға - сыр - ға
жу - мқ - ка - зақ ур - пак - та - ры.
Су - сын дап мөл - ді - рі - ни ал - ған - на -
Pno.
Pno.
Pno.


ри,
мек - зе - бім,
мек - зе - бім,
О - зің де көк - те -
дім,
Мөн - ті - лік нұр - сау -
Pno.
Pno.
Pno.




Мектебім Көкшетауда берген білім,
Ұясы батыр Мәлік, Мыңбай ғалым,
Ғасырға жуық қазақ ұрпақтары
Сусындап мөлдірінен алған нәрін.

Мектебім жанұядай жылылығың,
Шамшырақ жарқыраған нұры білім,
Үйрендім сүюді Отан өзіңнен мен,
Даламның даналығын, ұлылығын,

Гүліндей кең даламның еркін өскен,
Арқаның сағымындай самалы ескен,
Ұстаздың аялаған алақаны,
Шәкірттік балдәуренім кетпес естен.

***Қайырмасы:***

Мектебім, мектебім,
Өзіңде көктедім,
Мәңгілік нұр - сәуле
Жаныма төккенің.

# Саған, Отан, өнерім

*әні:*
*сөзі:* Тасқара Иран Тасқараұлынікі

**Жылдам, жігерлі**




Мен баламын орімтал,
Туған жерім кербез, сал.
Жарқыраған ай, күндей
Қазақстан елім бар,
Сусындаған нәр алып,
Айдын шалқар көлім бар,
Шың, құздары көз тартар,
Шынықтырар орім бар.

Ұлан байтақ даласын,
Көкше, Алатау арасын,
Сарыарқа құнарлы,
Кенді өлке саласын,
Атырау мен Ақтөбе -
Қара алтынның шарасын
Игілікке игерер
Мен қазақтың баласы.

Саған, Отан, өнерім,
Сенсің тірек, сенерім,
Білім беріп, мәнелеп,
Құшағыңа бөледің.
Тәңірімнің жұмағы -
Бір өзіңе теңерім.
Жүрегімде мәңгілік
Ұяладың сен, елім!

Мен баламын өрімтал,
Туған жерім кербез сал,
Жарқыраған ай-күндей
Қазақстан елім бар,
Желбіреген көк байрақ,
Ашық аспан көгім бар,
Үлгі болар достығы
Сыйлы әлемге төрім бар.

*Қайырмасы:* Ее...ей!

# Мен бақытты баламын

*әні:* *сөзі:* Тасқара Иран Тасқараұлынікі

**Көңілді, шаттана**




Қойнауында жерімнің,
Құшағында елімнің,
Бесігінде тербеліп,
Таснасындай өрілдім.

Аялаған ата-анам,
Мәпелеген ел-Отан.
Өнер, білім нәрімен
Көркейген мен балақан.

Алтын ордам - Астанам
Жаңа дәуір бастаған,
Ата-баба рухын
Жаңғыртады асқақ ән.

***Қайырмасы:***

Ұланымын даланың,
Сүйікті Отан ананың,
Еркін елдің еркесі
Мен бақытты баламын.

# Әке қуанышы

*әні:* Тасқара Иран Тасқараулынікі
*сөзі:*

**Ортаа екпінмен**






Қуанышы әке,
Жұбанышы әке – баласы,
Әкелік сезім
Балаға қамқор –
Тауындай асқар панасы.
Қанатын қомдап,
Биікке самғап ұшса да,
Тілегін тілеп,
Батасын берер
Тағы да ата–анасы.

Еркелеп бала
Асылар әке мойнына.
Жемісін көріп,
Көңілі толып,
Жасайды әке тойын да.
– Баламды көр – деп
– Бағаңды бер – деп еліне,
Шалқиды әке,
Балқиды ана,
Қуанышы сыймай қойнына.

Көңілі көлдей,
Пейілі селдей ата–ана,
Ағайын, достар
Тойыңды қостар
Риза болып шаттана.
Еркелеп өскен,
Кіндікті кескен туған ел,
Болсын деп жолы,
Созады қолын
Құлынына, ботаңа.

# Балақаны елімнің

*әні:* Иран Тасқаранікі
*сөзі:* Қасымбек Бейсеновтікі




Мирасқоры атаның,
Ақ тілегі батаның,
Еркіндіктің еркесі –
Мен бақытты ботамын.

Ақ сүтінен ананың,
Самалынан даланың
Нәр алған мен ұланы
Елдік, ерлік сананың.

Ұлттың тәтті жыр – әні,
Ана тілдің тұрағы,
Бейбіт, достық көңілі –
Әлемге айтар ұраны

***Қайырмасы:*** Балақаны елдегі,
Балапаны көлдегі,
Аялаған алақан
Ата-ананың өрнегі,
Жарқыраған жұлдыздай,
Түс кигіздей төрдегі –
Еркіндіктің ақ құсы
Ақ қанатын сермеді.

## Мазмұны

Иран сал әуендері ........ 4
Еркіндігім, елдігім-азаматтық ерлігім ........ 6
Жырлаймын мен елдікті ........ 6
Еркіндіктің шуағына малынған Көкшедегі жарқын кездесулер ........ 14
Негын жүрсің көзге түспей ........ 20
Еркіндігім-елдігім ........ 21
Абылайхан елі-төрі Арқа ........ 21
Дана Ахаң........ 22
Еңселі ер Ебекем ........ 23
Қазақтың ардақтаған Еркіні еді ........ 24
Мүсіндеген ерлер мен серілерді ........ 25
Даналық ұшқыр сөзді айқындаған ........ 26
Жарқылдаған айбалтадай мінезі ........ 26
Елімнің алтын жағасы ең ........ 28
Ән қанаты Көкшенің көгінде өрлеп ........ 29
Ұлы ұстаз ........ 30
Камалтин ........ 31
Ел ағасы ........ 31
Өр тұлғалы қыпшағым ........ 32
Ақан сері ұрпағы ........ 32
Адамдықтың маманы ........ 33
Көкшетаудың төресі ........ 34
Тасқара (деректі дастан) ........ 35
Алып алпыс ........ 50
Тірлікте қадірлейік адам атын ........ 52
Өшпесін мәңгі ақындық жарқын үн ........ 52
Елуім елге елеулі ........ 55
Көкшеде қоқаршындай қалықтадың ........ 56
Ақиығындай Оралдың ........ 56
Мөнтік ........ 57
Үлгісі шенеунік сендей болсын ........ 58
Не жетсін үлгіні елдік тойлағанға ........ 59
Дос көңілі ........ 60
Жетісу өңіріндегі ұлан той ........ 61
Ер Қабанбай 300 жылдығына ........ 64
Әнші Мұхит тойында ........ 65
Ат бәйгесіне ........ 66
Намыс пен сағынышпен жаралғандар ........ 67
Үкілі Ыбырай елінде ........ 69
Таразда ........ 70
Омбыда ........ 71
Көкшетау үлгілі істің бастамасы ........ 72
Ауылым ........ 72
Туған елге арнау ........ 73
Наурыз ........ 74
Тұсау кесер ........ 75

Аужар ........................................................................ 77
Көңіл айту ........................................................................ 78
Жұбату ........................................................................ 78
Жас ұрпағыма ........................................................................ 79
Өнеріммен өрнектелген кеншілік ........................................................................ 80
Сағындым Сарыарқаның елін, ерін ........................................................................ 80
Жезқазған ........................................................................ 82
Көтерген елдігімнің ауыр жүгін ........................................................................ 83
Серпілткен жер қойнауы салтанатын ........................................................................ 85
Ұланы Тарбағатай тауларының ........................................................................ 86
Ат үсті кездесу ........................................................................ 87
Еркелетіп елім қойған атым бар ........................................................................ 88
Бұл дүние кімнен қалмас жиғанменен ........................................................................ 94
Тағы да достың рухына ........................................................................ 95
Жүруші едік жайраңдап ........................................................................ 96
Анар тойы ........................................................................ 97
Жаңа отау ........................................................................ 98
Барады сірен ағалар сапы айбынды ........................................................................ 99
Жалынын жастық қанды соғыс жалмаған ........................................................................ 99
Ерлікті жалғар ұрпағың боп өтеміз ........................................................................ 99
Жақсылығын жасап үлгерген ........................................................................ 100
Ақ халатты абзал жан ........................................................................ 101
Отбасым, туыс, ағайын – жанға сая, алтын күмбез сарайым ........................................................................ 102
Жаңа 2003 жылға ........................................................................ 102
Күніңмен туған, жан жарым ........................................................................ 104
Атаң, анаң асығып күткен бұл таңды ........................................................................ 105
Ас ........................................................................ 106
Гүлжамалым-Әзизам ........................................................................ 107
Мүшел жас ........................................................................ 109
Жасыңнан жырға қосқан Құралайым ........................................................................ 109
Бөлісейік туыстық көңіл үзіп нәрін ........................................................................ 110
Тегіне тартқан сүйегі мықты, жаны асыл ........................................................................ 111
Ауылдан келген қонақ ойы ........................................................................ 112
Әке жолын сен де жалғап келесің ........................................................................ 113
Жүректер бірге соғар ұрпақ үшін ........................................................................ 114
Сыйлаймын азаматтық салтанатын ........................................................................ 117
Құшақтасқым кеп тұрады өзіңмен ........................................................................ 117
Көкшетауға Оңтүстіктен елшісің ........................................................................ 119
Көкшетау Алатаумен құшақтасты ........................................................................ 120
Сүндет той ........................................................................ 121
Ағаның аманаты орындалды ........................................................................ 121
Ойың бар еді кеңістікте жорытқан ........................................................................ 122
Қырандай ұшарсың сен де тұғырыңнан ........................................................................ 123
Қазағымның сұлуы-жан дүниемнің жылуы ........................................................................ 124
Қазағымның сұлуы ........................................................................ 124
Ауылдағы ақ анам ........................................................................ 124
Айдай балдыз Айбикеш ........................................................................ 126
Мөлдіреген, еміренген ботасың ........................................................................ 126

Алтыным ........................................................ 127
Қарындастар ........................................................ 128
Парасатты Әйгерім ........................................................ 128
Керекулік Мәрия ........................................................ 129
Гүлдана ........................................................ 130
Ой толқытқан өрімдер ........................................................ 131
Бөген ой ........................................................ 142
Қазақтың мақтайтындай даналығы ........................................................ 143
Бурабайда емделіп жатқандарға ........................................................ 143
Сықақшы інім Сайлауға ........................................................ 143
Әндер, әндер-көңілімнің ажары ........................................................ 145
Біржан Сал, Ақан Сері, Үкілі Ыбырай үлгісімен ........................................................ 146
Құрмет, Саян ........................................................ 147
Арман, Ерлан ........................................................ 147
Еркіндіктің әнұраны (сөзін жазған Қасымбек Бейсенов) ........................................................ 148
Семсері қазақ мұқалмас (сөзін жазған автор) ........................................................ 150
Иран сал (сөзін жазған автор) ........................................................ 151
Сарыарқа сағынышы (сөзін жазған автор) ........................................................ 152
Ақмола-Көкше (әнін жазған Арман Ищанов)........................................................ 154
Сүй, жан сәулем (сөзін жазған Мағжан Жұмабаев) ........................................................ 155
Мұсаның әні (сөзін жазған Мұса Асаинов) ........................................................ 156
Кеншілер кездесу вальсі (сөзін жазған Маркус Сәрінжіп) ........................................................ 158
Біржан сал еліне (сөзін жазған Айдос Әбутәлипов) ........................................................ 159
Көкшеге кел (сөзін жазған Айдос Әбутәлипов) ........................................................ 160
Сағыныш (сөзін жазған Кәкімбек Салықов) ........................................................ 162
Сіргелі (сөзін жазған Рақым Бекмурзин) ........................................................ 163
Қазақтың жезкиігі (сөзін жазған автор) ........................................................ 164
Баянауыл (сөзін жазған Шәмшия Айтжанова) ........................................................ 165
Сарбұлақ (сөзін жазған автор) ........................................................ 166
Не жетсін өмір сүргенге (сөзін жазған Мұқағали Мақатаев) ........................................................ 168
Жайсаң (сөзін жазған Кенен Әзірбаев) ........................................................ 170
Естідім (сөзін жазған Сейтен Сауытбеков) ........................................................ 171
Інілерім (сөзін жазған автор) ........................................................ 172
Бөркің-ай (сөзін жазған Кәкімбек Салықов) ........................................................ 173
Азамат (сөзін жазған автор) ........................................................ 174
Жаңа ғасыр – жиырма бір (сөзін жазған автор) ........................................................ 175
Асатовтың нақылы (сөзін жазған Садық Асатов) ........................................................ 176
Сәби сезім (әнін жазған Ерлан Ташев) ........................................................ 178
Балдәуренім-балалығым (әнін жазған Құрмет Сақай) ........................................................ 179
Кең дала (әнін жазған Арман Ищанов) ........................................................ 180
Бурабай-Көкше (әнін жазған Арман Ищанов) ........................................................ 181
Бала көңіл, балғын шақ (әнін жазған Ерлан Ташев) ........................................................ 182
Достарым (әнін жазған Ерлан Ташев) ........................................................ 183
Мектебім (сөзін жазған автор) ........................................................ 184
Саған, Отан, өнерім (сөзін жазған автор) ........................................................ 188
Мен бақытты баламын (сөзін жазған автор) ........................................................ 189
Әке қуанышы (сөзін жазған автор) ........................................................ 190
Балақаны елімнің (әнін жазған Арман Ищанов) ........................................................ 192

Иран Тасқараұлы Тасқара

Тербеген ән-жыр өмірім
(Арнаулар, өлеңдер, әндер)

Редакторы: Рәзия Ильяшева.
Тех.редакторы: Жұмабике Күтербекова.
Корректоры: автор.

Басуға 18.01.2006 жылы қол қойылды.
Бағасы келісім бойынша.
Қалыбы 1/16. Офсеттік басылу.
Таралымы 300/98. Тапсырыс 299.

Кітап «Көкше-Полиграфия»
акционерлік қоғамында басылды.
020000, Көкшетау қаласы,
Еркін Әуелбеков атындағы көшесі, 98.

560-





560